

**РУХАНИ
ЖАНГЫРУ**



Ж. С. ТАЛАСПАЕВА

**ФАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ
ТІЛДІК ТҮЛГАСЫ**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Ж. С. ТАЛАСПАЕВА

**ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ
ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ**

монография

**Петропавл
2018**

УДК 80/81(035.3)

ББК 81.2

Т 16

*Бастаға М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Фылыми Кеңесі ұсынған
(№7 хаттатма 24.02.2015 ж.)*

Пікір жазғандар:

филологияғының докторы, профессор *T. O. Есембеков*;

филологияғының докторы, профессор *H. K. Жусіпов*;

филологияғының докторы, профессор *M. С. Оразбекова*

Таласпаева Ж. С.

- Т 16** Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлғасы: монография. Екінші басылым. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018. - 161 б.

ISBN 978-601-272-834-7

Монографияда Галым Малдыбаев шығармадарының үзілік тапсының болмысы мен тәлдік табиғаты айқынлагаты. Ақынның поэзиялық шығармадарының табиғатын тәз гызының жаға қырынай тапсының юмай, атемиң үзілік тәлдік бейнесін жасаудегі каламгердің шеберлігі, фәз жолдану дарағыны мен юниверсал фәз талдағаты Зерттеудегі Малдыбаевдің сурсының юниверсал мәні сағатанын, юрек мәнніді жүйелі-семантикалық талдау негізінде тәлдік тұраға үйніп өннегаты. Концепті, оның қырынмы мен түрлілік, атемиң тәлдік бейнесі тұрағы түсініктір ғылыми тәжірибелік түрлісінде түсініреті.

Ендек филолог мамандар, мәдениетшілер мен салынғыштарға ғылдай-ак юниверсал тәзім мәсете ерінен қызылу шынық тапсынатын юниверсал қырмаштағын атап атады.

УДК 80/81(035.3)

ББК 81.2

© Таласпаева Ж.С., 2018

© М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2018

ISBN 978-601-272-834-7

*M. Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың сапа менеджменті жүйесі
ISO 9001:2015 талаптарының үйлесімділігіне сертификатталған*

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1 ТІЛДІК ТҮЛҒА – КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАСТЫ ҰФЫМДАРЫНЫҢ БІРІ.....	6
1.1 Галым Малдыбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметтері.....	20
1.2 Е. Малдыбаевтың тілдік түлға ретінде қалыптасуының поэтикалық негізі.....	26
1.3 Е. Малдыбаев шығармалары тілінің прагматикалық қызметі	28
2 КОНЦЕПТ – КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІ.....	45
2.1 Галым Малдыбаев поэзиясындагы концептілік кұрылымдардың ерекшелігі.....	52
2.2 Е. Малдыбаев поэзиясындагы авторлық метафоралардың когнитивтік сипаты	64
2.3 Ақынның кестелі сөз өрнегі.....	77
ҚОРЫТЫНДЫ.....	154
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	157

КІРІСПЕ

Тіл білімі ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы тілді зерттеуде антропоцентристік бағыттың терендеуімен сипатталады. Демек, бұл – тілді зерттеудің мұддесін тілдік тұлғаға аудару, ягни адамды тіл арқылы, тілді адам арқылы анықтау. Қазақ халқының каншама ұрпағының ой орамдарын, сезім мен сана сырларының құпиясын өлең өзегіне өрген ерекше тілдік тұлғалардың ұлттық таным әлемінде алатын орны ерекше. Осыған сәйкес XX ғасырдың басында дүниеге келген, өзінің саналы ғұмырын халқымыздың өркениетке ұмтылуына, сөз өнерінің дамуына өзіндік үлес коскан тұлғалардың бірі – ақын Ғалым Малдыбаевтың шығармаларын «тілдік тұлға» теориясы тұрғысынан талдау – зерттеу жұмысымыздың өзектілігін айқынтайтын.

Ұлттық мұддеге негізделген таным мен түсінікті жеке тілдік құралдар арқылы айшыктап бейнелейтін көркем шығармалардың тілін осындағы көңіл арнада, тұтастықта зерттеудің мәні зор. Осымен байланысты тілдік тұлға мұрасын стилистикалық деңгейде ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар оның ұлттық мәдени құндылықтарды терен менгерген және оны келер үрпакқа бере алар тұлға екендігіне басты назар аудару – қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағытына сәйкес келелі мәсселелердің бірі.

Тілдегі мәдениеттің айқын үлгілері, әсем өрнектері ажарланған ұлттық символдар болмысын тіл арқылы ашуды «тіл-мәдениет-ойлау» үштаганының айналасындағы зерттеулер бүгінгі күні өз жемісін беруде. Осы ретте көркем шығарма тілі - халықтың дүниені түйсінуінен хабар беретін қойма, ягни ғаламның тілдік бейнесі ретінде ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық қасібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүрін, бір сөзben айтқанда, ұлттық рухты тек тілде ғана жан-жакты танытады. Осыған сай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениет элементтері тілде эстетикалық символдар, ассоциативті құбылыстар ретінде қалыптасады. Мұның негізінде «әлемді тіл арқылы танудың» әр

ұлт тілінде түрлі сипатка ие екендігі туралы шешімге тілдік күралдардың лингвистикалық сипатын ашып, танымдық ерекшелігін зерттеу негізінде келуге болады. Ал тілдің сөз байлығын танытатын көркем шығарма. Ұлттық тілдің ең жоғарғы сатысы әдеби тілді дамытып, жалпыхалықтық әдеби тіл үлгілерін өз шығармашылығы арқылы жетілдіретін де көркем сөз иелері екені сөзсіз.

Жұмысымыздың басты өзегіне айналып отырған Ғалым Малдыбаевтың көркемдік әлемін бейнелеуші – көркем шығармалары тілінің концептілік аясын анықтап, айшықты тәсілдеріне филологиялық талдау жасау - негізгі мақсатымыз болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер койылды:

- ақын шығармаларына тілдік - танымдық тұрғыдан баға беріп, когнитивті құрылымын саралап зерделеу арқылы ақынның көркемдік әлемінің концептуалды негізін айқындау;
- Е.Малдыбаевтың көркем мәтіні негізіндегі дискурсының жүйелік қасиетін антрополингвистикалық бағытта қарастыру;
- көркем мәтінді жүйелі-семантикалық талдау негізінде *тілдік тұлға түсінігін* сипаттау;
- лингвостилистикалық, когнитивті талдау арқылы көркем мәтінде кездесетін көркемдік құралдары мен айшықтау тәсілдеріне тілдік тұлға тұрғысынан назар аудару, концептілік өрісін айқындау;
- қаламгер туындыларында жұмсалатын лексика-семантикалық қабаттың стильдік-танымдық қызметін анықтау;
- көркем мәтіндегі «галамның тілдік бейнесінің» концептілік құрылымын нақты тілдік деректермен дәйектеу.

Енбекте когнитивті лингвистика, мәтінтану, казак тілінің стилистикасы, көркем мәтінді лингвистикалық талдау, әтнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. пәндер мен әлективті

курстарды менгеруге жақетті теориялық қагидалар мен накты деректер басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысы жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы филология мамандығы бойынша білім алушыларды көркем шығарма поэтикасының теориялық және практикалық мәселелерімен таныстыруға арналған.

1 ТІЛДІК ТҰЛҒА – КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАСТЫ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ БІРІ

«Галамның тілдік бейнесін» этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану салаларының теориялық-әдістанымдық негіздері В. Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, Н.И. Толстой, Г.В. Колшанский, Ю.Н. Караполов, В. Маслова, А. Вежбицкая, М. Копыленко, т.б., қазак тіл білімінде Э. Қайдар, Е. Жанпейісов, М. Сергалиев, Н. Үәли, Т. Жанұзаков, К. Хұсайын, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Р. Авакова, Г. Сагидолла, т.б. ғалымдардың еңбектерінде көнінен қарастырылған. Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы көніне түседе. Оның себебі: әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес. – мәдениет айнасы. Қазіргі тіл білімінде тіл мен мәдениет сабактастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген антропоцентристік бағытты ұстанатын тіл білімінің соны салалары өріс алуда.

Бұғінде когнитивтік лингвистика аясында қаралатын концепт мәселесі лингвомәдениеттану гылымының бір аспектісіне айналды. Лингвомәдениеттану XX ғасырдың 90-жылдары жеке гылым саласы ретінде тұракталды, себебі бұл гылым көптеген осы уақытта дейін шешілмей жүрген мәселелердің бетін ашты. Когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану бір-бірімен тығыз байланыста, алайда өзіндік зерттеу ілімдері әр килем. Мұны В.А. Маслова былайша

жіктең береді: «Если когнитивная лингвистика, вкупе с когнитивной психологией и когнитивной социологией, образующие когнитологию, пытаются ответить на вопрос о том, как в принципе организовано сознание человека, как человек познает мир, какие сведения о мире становятся знанием, как создаются ментальные пространства, то все внимание в лингвокультурологии уделяется человеку в культуре и его языку, здесь требуется дать ответы на многие вопросы, в числе которых следующие: каким видит человек мир, какова роль метафоры и символа в культуре, какова роль фразеологизмов, удерживающихся в языке веками, в презентации культуры, почему они так нужны человеку?» [1, 8 б.].

Қазіргі тіл білімінде адамзат қауымының ғасырлар бойы тіл арқылы дүние бейнесін тануға ұмтылған талабынан келіп, шындық болмысты танудың белсенді формасы болып табылатын тілді тұтынушы, дүниетаным өзегі – тілдік тұлғаны зерттеу проблемасы бой көтерді.

«ХХІ ғасырда жана теориялық-тәнымдық әдістемеге сәйкес тілді «өз ішінде және өзі үшін» қарастыратын имманентті зерттеу жеткіліксіз болып, оны ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туып отыр. Осы қажеттілік тіл білімінде жана ғылыми бағыттың және соның негізінде қалыптасқан антропоцентристік парадигманың дамуын талап етті. Басқа сөзбен айтқанда, бұл - тілді зерттесудің мұддесін объектіден субъектіге аудару, ягни адамды тіл арқылы және керісінше, тілді адам арқылы анықтау. Жана ғылыми парадигмага сай тілді зерттеуде негізгі назар тілдік тұлғага аударылды, сонымен байланысты тілді зерттеудің жана мақсаттары, маңызды үгымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялық негіздер қалыптаса бастады. Атап айтқанда, антропоцентрлік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам тәнімін құрастыруши сипатта қарастырылады (Л. Леви-Брюль, Б. Малиновский, К. Леви-Стросс, Ю.Н. Караплов, В.И. Телия, Г.В. Колшанский, Ю.Д. Апресян, т.б.)» [2, 462 б.]. Осы орайда ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық тілдік

мұраны, ұлттық ділді, ұлттық психологияны төрөн менгерген F. Малдыбаевтың тілдік тұлғасын зерттеу – ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын тануда маңызы зор.

Әдетте әдеби шығарманың тілі туралы мәселе козгалғанда қalamгердің шеберлігі сөз табиғатын қаншалыкты түсінетіні тұргысынан ғана емес, сол сөзді өз максатына сай қалай құбылта колдануы жөнінде де болары анық. Т. Әбдірахманова: "...қөнілдегі көркіті ойын сол көркем қалпында, өмір шындығын өнер айнасына жан толқытарлықтай әсерлі етіп түсіндіруде ең қажет сөзін танып, тауып колдану шын дарын, табиғи талант иесінің, шебер суреткердің ғана қолынан келеді" - дей келіп, "шығарманың көркемдігі, ең алдымен, оның осы бірінші элементі - тіл көркемдігімен өлшенсе, ал тіл көркемдігі дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылықпен белгіленеді. Басқаша айтканда, ой айқындылығы, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктігі, оқига жүйесінің суреттілігі, жинакты, ықшамдылығы – көркемдіктің негізгі шарттары" екендігін нак басып айтқан [3, 23 б.]

Осы орайда F.Малдыбаевтың сөз саптауын, көркемдік әлемін тану үшін оның шығармашылық тілін казіргі лингвистикада белсенді дамып келе жаткан лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолингвистика бағыттарымен байланыста кешенді сипатта карастыру – еңбегіміздің гылыми негізін танытады.

Қазак тілінің даму, баю тарихындағы ірі тұлғалардың құнды мұралары қазак мәдениеті, тілі мен әдебиетінің тұтастығын сипаттайты, сол себептен де осы сабактастықтағы F. Малдыбаевтың орны айрықша. Бұл маңыздылық әсіресе зерттеу нысаны ретінде шығармашылық мұрасы өзіндік кайталанбас өрнегімен оқшауланып тұратын, тіл мен мәдениет дамуына елеулі үлес коскан тілдік тұлғаның тіл әлемінде алатын орнын анықтаган кезде арта түседі.

«Тіл біліміне «тілдік тұлға» категориясының енгізілуі жалпы «тұлға» ұғымының жана мазмұнмен толыктыра түсті. Антропологиялық тіл білімінің зерттеу нысаны адамның санасы, ойы мен рухани қызметімен тығыз байланысты. Соган орай,

казіргі таңда шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, жаңаша зерттеулердің өзегіне айналды.

Бұғынгі таңда тілдік тұлғаның даралық сипатын оның шығармаларының ерекшелігін танытатын мәтіндер негізінде зерттеуге арналған енбектер катары көбейе түсуде. Тіл білімінде «тілдік тұлға» терминін В.В. Виноградов енгізгенімен, оның теориясының негізін Ю.Н. Караполов, Г.И. Богинаның енбектерінен табамыз. Откен гасырдың 80-жылдарындаған сенгізілген бұл терминнің қысқа уақыттың ішінде кен колданыска ие болғандығының қуәсы болып отырмыз.

Академик Ю.Н. Караполовтың тұжырымы бойынша, жалпыұлттық және жекелей алғанда ұлттық тілдік тұлға құрылымы бір-бірімен өзара байланысты үш деңгейден тұрады:

1) белгілі бір магыналарды бейнелеу құралдарын суреттеуді (тілдің лексикалық, грамматикалық, т.б. құрылышын суреттесу) жүзеге асыратын вербалды-семантикалық деңгей.

Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді менгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгей сөз тіркесі мен сөйлемнің стереотиптік үлгісінен тұрады. Бұған автордың өзіндік сөз колданысы, әртүрлі образдар корінісінің колданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жақалығы, семалар ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастаны таным корінісін ашатын деңгей болғандыктан, ол кейде нөлдік деңгей деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді колдану ерекшелігі басым түрде әнгіме болады.

2) тұлғаның құндылықтар дүниесін бейнеслейтін (фрейм, фразеологизмдер, канатты сөздер, метафоралар және т.б.) және «галамдық бейнесіне» кіретін бірліктер, ұғымдар, концептілер болып табылатын когнитивтік деңгей.

Екінші деңгейде тілдік тұлғаға тән когнитивтік кеністікті құрайтын әртүрлі түсініктер мен релевантты білімдердің озектелуі жүзеге асады. Бұл деңгейде тілдік тұлғаның өзіндік галамдық бейнесі ашылады, сонымен бірге оның тезаурусы мен мәдениеті нақтыланады. «Бұл деңгей адамның білім, сана, танымын бейнелеген мәтіндері негізінде тұлғаның дискурсын танытады. Бұл көркем шығармада когнитация арқылы жүзеге

асады, яғни тіл мен таным сабактастығының нәтижесі, сол тілдік тұлғаның осы сабактастыққа сай жасалатын тезаурустық қалыптасу кезеңі».

3) тұлғаның максатын, қызығушылықтарын, аргументация, бағалау және т.б. тәсілдерін зерттейтін прагматикалық деңгей.

Үшінші деңгей, прагматикалық деңгейге тілдік тұлғаны козгауши, дамытуши уәждер мен мақсат-міндеттердің табиғатын ашу, ерекшеліктерін талдау мәселелері енеді. Мұнда тілдік тұлға әдейі колданған көнерген, кірме сөздер т.б. лексика қабаттары, диалектілік сөздерді колдану ерекшеліктерін және қоғамдық ой-сананың тілдік тұлға тіліне деген әсерін қарастыруға болады [4, 19 б.].

Тілдік тұлға тілде, яғни өз ана тілін дамытуши адам ретінде танылады, сондыктан оның тілінің мазмұны, сол тілдегі ортақ тыныс-тіршілігінен хабар береді. Бұл орайда ғалым Ю.Н. Карапулов былай дейді: «Біріншіден, тілдік тұлға әлеуметтік занның корытындысы, әрі түйіні болады; екіншіден, тілдік тұлға этностың тарихи өсуінің жемісі, үшіншіден, тілдік тұлға меншіктілікке, оның биологиялық, әлеуметтік, физикалық зандарына байланысты болады; төртіншіден, тілдік тұлға өзінің колданыс аясында жүйелі құрамды белгілерді жасаушы, пайдаланушы болып табылады да, нәтижесінде «стиль - адам» деген корытынды жасауға болады [5, 60 б.].

Тілдік тұлға мәселеесін Ж.Б. Ермекова шартты түрде бірнеше тармактарға бөліп қарастырады: 1) накты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау; 2) тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау; 3) бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеу; 4) шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығу; 5) тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастыру [3, 5 б.].

Тіл арқылы адамның бойына сінген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты, тілдік, ділдік ерекшелектерін айқындаудың маңызы артып отырган кезеңде

акынның тілдік тұлғасын тану - адамтанымдық бағыттағы тілдік зерттеулердің бірі болмак.

Қаламгердің көркемдік әлемі, сөз саптау мәдениеті, ассоциациялық бейнелері өмірлік тәжірибесі мен аялық білімі негізінде іске асады. Осыдан келіп оның сөз шеберлігі, өзіндік колтаңбасы айқындалады.

«Тілдік тұлғаның теориялық мәселесі ғалым Ж.А. Манкееваның гылыми енбектерінде бірнеше бағытта түсіндіріледі:

- 1) тілдік тұлға болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);
- 2) жеке адамның тілдік тұлғалық болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, тілдік тәжірибесін үрпактарына мұра етіп қалдыруды жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын менгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын құрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде оның тілінің ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы карастыру» [2, 571 б.].

Шын мәніндегі, тілдік тұлға құрылымы – кешенді құбылыш. Тілдік тұлға мазмұнына В.А. Маслованың көрсетуінше мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүнистаннымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [6, 119 б.].

Осымен байланысты «тілдік тұлға» мәселесіне келудің үш жолы орын алған», - дейді Ф.Б. Қожахметова:

1.Психолингвистикалық. Тілді зерттеудің психолингвистикалық аспектісіне алғаш назар аударғандардың бірі И.Л. Бодуэн де Куртенэ. Оның пікірінше, тілдік тұлға

ұжымның әлеуметтік – тілдік формасы мен нормасын, әлеуметтік топтың тілдік дүниетанымын бейнелеп көрсетеді.

2.Лингводидактикалық. Қазіргі лингводидактика тілдік тұлғаны тілдік кабілеттерді қосып алушы көпкомпонентті күрделі жүйе ретінде көрсетеді.

3.Философиялық. Бұл жол кен ұғымда академик В. Виноградовтың енбектерінде көркем әдебиет тілін зерттеуден тұрады [4.17.].

Дәстүрлі тілдік мәселесі қашанда алдыңғы орыннан көрінеді, өйткені әр ұлттық мәдениеттің өкілі дәстүрлі тілтаным өзегінен көрінеді. Сондыктан адамның жалпы интеллектуалдық деңгейі тілдік тұлғаның қалыптасу баспалдақтарының іргетасы болады. Адресанттың адресатқа хабар беру қажеттілігі - табиғи болмыстан туған рухани қажеттілік. Бұл қажеттілік табиғи, ұлттық, шынайылыққа ие болмаса, халық санасында тілдік тұлға ойлары, сөздері жатталып қалмас еді. Қазірдің өзінде хатка түсіп жатқан әр түрлі шығармалардың өздерін, олардың адресаттарының ойларын халық қабылдай бермейді. Сол себепті тілдік тұлғага тән қасиет халық көнілінен орын таба білуі шарт, сонда ғана индивид тілдік тұлға немесе одан да көлемді ұлттық тұлғага айналуы мүмкін.

Тілдік тұлға бүгінде тіл білімінде әртүрлі терминдермен айтылып жүр. Накты айтсақ, субъект (әлемді танушы және әлемді өз сөзінде бейнелеуші), индивид, мәтін авторы, тілді ұстанушы информант, активті, пассивті информант, айтуши/тыңдаушы, сөздік портрет, идиолект, автор бейнесі, интеллектуал, автор образы, ақынның өз образы т.т. Бұл атаулар әртүрлі ғылымдардың адамның саналы деңгейін зерттеуден туған. Дегенмен бұл мәселелерде ала-құлалықтар жеткілікті, себебі әртүрлі ғылым салалары килюласып, тоғысып, даму үстінде болғандықтан тілдік тұлғаны өзіндік түрғыдан анықтауға тырысады.

Ұлттық тілдік тұлға ұлттық тілдің корғаушысы, ана тілі оның рухани азығы. Тілдік тұлғаның шарықтау шегіне жетуі өз ана тілі мүмкіндігінің аясында жүзеге асатыны даусыз,

сөндүктан ұлттық таным гана тілдік тұлға бейнесіндегі басты атрибут болып кала береді.

Ислам Айбарша «Мәдени тілдік тұлға», «тілдік тұлға» ұғымдарын катар койып, жалпы «тілдік тұлға» терминімен атайды да, мынадай аныктама береді: «Тілдік тұлға дегеніміз ұлт тілі мен ұлт мәдениетінен толық акпарат менгерген тілдік мәдени құзырет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет акпаратын менгеруіне байланысты сатылы деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдени құзырет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық ренктерге тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама комегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» [7, 7 б.]. Қоғам кайраткері оз тілінің ерекшелігі арқылы тілдік тұлғага айналғанымен. Ислам Айбарша көрсеткендей, ұлт тілі мен ұлт мәдениетінен жүрдай болса, мәдени тұлға емес. Жай ірі адресант дәрежесіндегі тілдік тұлғага айналуы мүмкін. Дегенмен, кай тілде шығармаларын жазса сол тілдің мәдени күндылықтарының насиҳаттаушысы ретінде халық санасында бекіт ықтимал екендігін жокка шығаруға болмайды, қандай дәрежеде болғанымен тілдік тұлға тілдің дамуына құшті әсер етуші фактор ретінде кала береді. Тілдік тұлғаның калыптасуына мына алғышарттар пайда болуы тиіс деп ойлаймыз: 1. Ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2. Ұлттық тілдегі олшемдер (қабылданған, қабылданбаган құндылықтар); 3. Мәдени акпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4. Рухани сана (дін кагидалары); 5. Ұлт тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6. Озық білім жүйесі; 7. Тектілік интеллектісі. Міне, осы касиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Сонымен, тілдік тұлға дегеніміз ұлттық ойлау ділі бар, ұлттық тілдің дамуына оз әсерін тигізуіші қоғамдық интеллект.

«Тілдік тұлға» ұғымын білім аясымен, ақыл-парасатымен бірлікте алып қарастырудың маңызы зор. Оның тарихи шығу тегін, оскен ортасын, қоғамдық қызметтің зерттей келе, ішкі жандарниесіне, сезім қалтарыстарына үнілу – табиғи үрдіс. Біздін аса зер салып зерттеуімізге – тілдік тұлғаның шығармаларында колданған тілдік құралдары, белгілі бір стилистикалық әдіс-

тәсілдерді тандауының себебі, суреттеп отырган оқигаларға сәйкес қолданатын ассоциативтік концептуалды тілдік ерекшеліктерді жұмсау уәждері. Ақынның өзінің психикалық әлемі және басқа адамдардың ішкі әлемін түсіну тәсілі. Өзінің көркем мәтіні арқылы алға тартып отырган идеясын, прагматикалық мақсатын оқырманына жеткізу үшін ақын тіл әлеміне үңілдіреді. Фалым Малдыбаевтың әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын шығармашылық мұрасын тану үшін дискурс ұғымын танудың кажеттілігі бар.

«Дискурс» термині ХХI ғасырдың басында антропоөзекті парадигмада ең жиі қолданылатын терминдердің біріне айналып отыр. Ең алғаш Ф. де Соссюрдің еңбектерінде «сөйлеу» магынасында жұмсалып, кейіннен XX ғасырдың 60-жылдары белсенді пайдаланыла бастады. Алайда, әлі күнге дейін оның накты жалпыға ортақ анықтамасы берілмеген. Яғни, ол «сөйлеу», «мәтін», «функционалды стиль» деген терминдердің магынасын береді деген түсінік-тұжырымдар орын алып отыр.

Дискурста тілдік тұлғаның қоршаган орта туралы түсініктолғамдары, танымдық қозқарастары алдынғы орынга шыгады. Тіл білімі ғылымында дискурска байланысты пікірлер бойынша мәтін үш тағанды құрылымнан тұрады. «Дискурс деңгейінде мәтін түзуші – мәтін – мәтінді қабылдаушы (сөйлеуші – сөз – тыңдаушы) – үш жақтың байланыстылығы мен бірлігі (бір-бірін түсіну, қабылдау) үрдісі жүзеге асырылады. Демек, дискурс жеке тұлғаның тіл әлемін (оған тұлғаның тілдік өресі, белгілі-бір дүниетанымдық білім аясы енеді) танытатын кеңістік» [8, 69 б.].

«Дискурс дәстүрлі, когнитивті, лингвомәдениеттану ғылымдарының зерттелуіне арқау бола алады, бірақ әр ғылым өзінше жікте, өзінше бағалайды. Дискурс – тілдік тұлғаның қасиетін көрсететін тілдік факті. Онда тілдік тұлғаның мынадай ерекшеліктері байқалады: 1) сөйленіс деңгейі; 2) ұлттық таным деңгейі; 3) сөз корыту, түсінік, ұғыну, сезіну деңгейі; 4) қоғамдық ойының сипаты; 5) интеллект деңгейі».

Дискурста тұлға әлемі жан-жақты ашылады, «жеке тіл әлемі» пайда болады. Демек, дискурстың басты ерекшелігі –

оны жасаушы тілдік тұлғаның көзқарасы мен танымын, көркемдік әлемін оқырманға ангарту. Баскаша айтканда, дискурс – тілдік тұлғаның мәтінге түскен таным әлемі, «өзіндік ғаламының тілдік бейнесі». Таным қызметі гана әр индивидте әртүрлі дәрежеде болатындықтан, тілдік тұлғаның тіліндегі ғаламның тілдік бейнесі де әртекті және әркилы сипатталады» [2, 587 б.].

Қазак тіл білімінде Р.К. Бекейханова дискурсқа дәл аныктама береді. «Дискурс сегодня – сложное коммуникативное явление, включающее, кроме текста еще и экстралингвистические факторы (знание о мире, мнения, установки, цели адресата), необходимые для понимания текста.

Понимание дискурса - это процесс построения вывода на всех уровнях - как на уровне значения слова, фразы, предложения, так и на более глобальном уровне макроструктур» [9,736.].

Дискурста гана автордың «жеке тіл әлемі» пайда болады. Соның нәтижесінде тілдік тұлға дискурсы, ягни мәтіндегі ойы, бітімі жеке-дара сөздерден көрінбейді, ол кесек-кесек ой түйіндері мен таным әлемінен байкалады.

Дискурстың басты ерекшелігі оны жасаушы тілдік тұлғаның көзқарасы мен танымын оқырманға ангарту. Егер тілдік тұлғаның коркемдік әлемі, танымы кейбір канатты сөздері мен озық ойларын оқырман не тыңдаушы өз санасына қалай сініріп алғанын байкамай қалса, онда дискурстың дұрыс құрылғаны. Дискурс – тілдік тұлғаның мәтінге түскен таным әлемі. Себебі «дискурс ерекшелігі – оның динамикалық және үрлістік сипатында. Оның үстіне тілдік тұлғаның дискурсы экстралингвистикалық факторымен қарым-қатынас жасап, когнитивті аспектіде талданады» [6, 15 б.].

Дискурста «ғаламның тілдік бейнесі немесе дүниенің тілдік суреті» деп те аталатын құрылым, жүйе, ой көрінеді. «Ғаламның тілдік бейнесі» құрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, табигатын ашып түсіндіруді әр зерттеуші өзіндік түргышынан шешеді. «Дүниенің суреті» адам санасында әволюциялық жолмен дамып, шындалып келе жатқан тілдік

категория. «Ғаламның тілдік бейнесінің» шығу көзі ежелгі философтар өнбектерінен басталады. Тіл және ойлаудың өзара қатынасы карастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды.

Таным қызметі ғана әр индивидте әртүрлі дәрежеде болғандыктан тілдік тұлғаның тіліндегі ғаламның тілдік бейнесі әртекті және әрқылы байқалады. Ислам Айбарша мұның себептерін былай жүйелейді: «Адам қоршаган ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл жалпыға ортақ таным үлгісі, өйткені табигаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені де мәлім. Қандайда тіл өзінің тілдік құрлымы және тілдік үлгілері жағынан әртүрлі болғанымен тілдік болмысты түсінуге келгенде ортақ танымдық дүниелерден тұрады» [7, 13 б.].

Өмір туралы білім жаңаған сайын тілдің сипаты адам санасындағы ғаламның тілдік бейнесі де өзгеріске ұшырайды. Әр заманың өзіндік ғаламдық бейнесі тілді қолданушыларға әсерін беріп, келесі дәуір көрінісінің баспалдағы болды.

Ғаламның тілдік бейнесі адамда ғана көрінетін. оның тілдік ерекшелігінен байқалатын тілдік бірлік. Сондыктan болса керек ол антропоцентристік негізден тұрады, себебі адам танымынан әлем бейнесі тілде көрінеді. «Ғалам бейнесі адам санасында тұтас құйінде кайталанып өмір сүреді. Оны жүзеге асыратын, объективтендіретін форма да – тіл. Сонда адам баласының тілі «адам - әлем» қатынасының нәтижесінде пайда болатын жалпы адамзат атаулыға ортақ әлемдік бейне «тіл – ойлау» бірлігінің көрінісі болып саналады, яғни ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады» [4, 67 б.]. Бұл ойды дамытып таратқанда мынадай құрылым жазбасы байқалады: «Коршаган орта, шындық болмыс – адамның әлемді тануы, яғни таным – тіл – ойлау – ғаламның тілдік бейнесі. Осылайша құрылған ғаламның тілдік бейнесі танымдық сипатта құрылыш құрағандыктан екі түрлі құрылымда болады:

1. Қарапайым дengейде.
2. Терен, күрделі дengейде.

Қарапайым дengейдегі танымның тілдік бейнесі тек тілдік тұлғалар тілінен өз өрнегін көрсете алады. Осындай ерекшеліктерден Дж. Лакофф ұсынған тілдік гештальттар теориясы пайда болады. Тілдік гештальттар да антропоцентристік негізден тұрады. Онын бұл қасиетке жатқызу ерекшелігі тілдік танымның өзіндік тілдік тұлғаға тән кабылдау себептерінде жатса керек. «Тілді антропологиялық бағытта зерттеу көптеген күрделі мәселелерді алға қояды: 1) тіл және адамның рухани белсенділігі; 2) тіл және ойлау; 3) тіл және адам физиологиясы; 4) тіл және индивид психологиясы; 5) тіл және мәдениет; 6) тіл және таным; 7) тіл және қоғам; 8) тіл және жалпы халықтық құндылықтар; 9) тіл және коммуникация», – дейді мифтік танымның тілдегі көріністерін зерттеген ғалым Б.К. Ақбердиева [10, 42 б.].

В.А. Маслова ғаламның тілдік бейнесіне күрделі анықтама береді: «Термин «языковая картина мира» - это не более чем метафора, ибо в реальности специфические особенности национального языка, в которых зафиксирован уникальный общественно-исторический опыт определенной национальной общности людей, создают для носителей этого языка не какую-то иную, неповторимую картину мира, отличную от объективно существующей, а лишь специфическую окраску этого мира, обусловленную национальной значимостью предметов, явлений, процессов, избирательным отношением к ним, которое порождается спецификой деятельности, образа жизни и национальной культуры данного народа» [1, 66 б.].

Тілдік тұлға құрылымын сарапау адамның тілі арқылы көрініс табатын дүниетанымы мен болмысын толыктай тануга мүмкіндік беретін кеңінді зерттеу. Накты айтканда, ол – ақын тілімен жасалынған оның шығармаларының көркем контекстіндегі белгілі бір тілдік бірліктердің таңдалыну тетігін. Әттінің лексикалық құрылымында жасырынған аппаратты анықтау, сол арқылы автордың тілдік тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін көру, интенциясы мен әмоциясын аңгару, интеллектуалдық жеке қабілетін тану.

Ақын тұлғасын елдік мұрат-мұддемен, дәстүр, сабактастық тұрғысынан зерделеуде, оның құндылықтар жүйесін, өмірлік ұстанымын айқындауда, дүниетанымын байыптауда осы мәселелерді негізге ала отырып қарастырудың маңызы зор [3, 6 б.].

Жеке тұлғаның ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Ж.А. Манкеева: «аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір тілдік тұлғада көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондыктан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға ретінде түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты болып шыгады», - деп көрсеткен [2, 284 б.].

Тіл мен мәдениетті сабактас зерттейтін ғалымдар соның ішінде қазақ ғалымдары Ә. Қайдаров, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова т.б. мәдениетті тілден бөліп алып карамай, тіл – мәдениеттің бір көрінісі, ол екеуінің аракатынасы ерекше де маңызды деп санайды. Себебі, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетіні, ұрпактан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі. В.Гумбольдт айтқандай: «Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сактап, ұрпактан-ұрпаққа беруші құш – тіл» [11, 349 б.]. Сонымен бірге тұлғаның өмір сүруінің негізін құрайтын, оның максаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері. Тұлғаның қоршаган әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықтатын құндылықтар жүйесі, ягни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдал алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталады. Ғалым Малдыбаевтың:

Келешекке карадым зор сеніммен.

Бірге болым қашанда мен еліммен.

Өз халқыма, өз еліме аянбай

– деген сөздерінен ақынның танымы мен мәксат-мұдделерінің прагматикалық әлеуеті көрініс табады.

Тілдік тұлға – белгілі бір тілде сөйлейтін, жазатын, ойлайтын субъект, сол тілдің сөздік құрамын еркін игерген, коршаған әлемді сол тілде танитын тұлға, тілді тасымалдаушы адам. Зерттеулердің сараласақ, тілдік тұлға ұғымының жалпығылымдық (философиялық, психологиялық, эстетикалық, когнитивтік) терен негізі бар екенін ангарамыз.

Жеке бір тұлғаның тілдік тұлға ретінде қалыптасуында басты үш факторды айрықша көрсеткен дұрыс. Біріншісі, белгілі бір тұлғаның сөз өнерін жетік игеруі және игеріп қана қоймай, озіндік колтаңбасы, ерекшелігі, жекелік сөйлеу мәнері, тілдік жүйенің дамуының ерекше ықпалы қалыптасқан болуы қажет.

Ғ.Малдыбаев әдеби тіліміздің баюына, жетілуіне, соның ішінде көркем әдебиет тілінің, бейнелі тілдің өзіндік колтаңбасымен молығуына зор үлес косты. Ақынның поэзиясы түрлі бейнелі құралдарды шеберлікпен колдана әрі жасай білуімен; тілдегі ауыз әдебиеті дәстүрлерін терен игеруімен көркемдігі аса жогары болып табылады. Демек, Ғ. Малдыбаев казіргі тіл білімі түсінігіндегі *тілдік тұлға* дәрежесіне көтеріле алды деген тұжырым жасаймыз.

Егер тілдік тұлғаның каруы – сөз, жан-дүниесі – өз үлтynың, халқының аяулы перзенті бола алуы десек, ақынды осы талаптардың қайсысына болсын толық жауап берे алатын, соган сай шебер қаламгер ретінде бағалаймыз. Біздің мәксат – Ғ. Малдыбаевтың тілдік тұлғасын өз шығармаларында көрінетін жекелік-авторлық колданыстарымен бірлікте қарастыру. Сондыктan оның ақындық табиғатының талап-талғамы, ізденіс арналары, колтаңба мәнері кешенді түрде сөз етіледі.

Екіншісі, жеке тұлғаның дүниетанымы. Мұнда ақынның тагылымы мен тәлімі, рухани-эстетикалық қозқарастары лингвокогнитивтік дәнгейді құрайды. Осы тұрғыдан келгенде, Ғ. Малдыбаевтың тілдік тұлға ретіндегі қалыптасқан өмірлік жолы айқын көрінеді. Оның поэзиялық туындыларының басты

ерекшелігі – өзіндік (авторлық) сөз саптау колданысының концептілік өріс алып, таным аясының кең арнаға түсі. Мәдени-өмірлік концептілер (өмір, акындық, табиғат) ұлттық-мәдени кеңістігін қалыптастыратын тұтас жүйе. Бұл жүйе жалпы казак қоғамының руханиятына өзінше бір тармақ болып енеді де, казак ұлтының когнитивтік (ой-саналық) кеңістігін түзеді.

Үшіншісі, ұлттық өре, ұлттық психология, халықтық танымнан сусындауы. Бұлар мәдениеттану компонентті, прагматикалық деңгейді кеңейтетін белгілер.

F. Малдыбаев тілдік тұлғасының прагматикалық деңгейі ұлтты сүю, ұлттық құндылықтарды насиҳаттау поэзиялық шығармаларының негізгі уәжі мен мақсаттарынан тұрады. Өлеңдерінде ақынның тілдік тұлғасы накты танылады. Оның қаламынан ұлттың жаңына жақын небір өлең-жырлар, поэмалар туды. Соның барлығында ұлттық тілдің көркемдік бояуы өшпеген, өзіне тән көркемдік мәнермен баяндалған күйде жетті. Ақынның когнитивтік санасындағы жекелік (индивидуалды) ғалам бейнесі, эмоционалдық ұстанымдары, тілдік санасы, философиялық тұрғыдан келгенде, кеңістік пен уақыт шенберіндегі автордың өзіндік орны мен көзқарасы толық көрініс тапқан.

«Бұғынгі таңда әдебиеттанудың өзіндік орны бар мәдени-психологиялық бағыттардың басқалардан ерекшелігі - жазушының шығармашылық, әлеуметтік тәжиірбесінен гөрі оның жеке басының қасиеттеріне назар аударатындығында жатыр. Қаламгердің мінез-құлқы, өмірлік тәжиірбесі, білім-білігі, мәдени дәстүрге қатысы, коршаган мәдени-әдеби ортасының ахуалы да мәтінде өзінше көрініс табатындығына ерекше мән береді» [12, 21 б.].

1.1 Ғалым Малдыбаевтың өмірі мен қоғамдық қызметтері

Қай ақын-жазушыны алсак та, оны өзі өмір сүріп отырган кезеңнің әдебиетінен, мәдениетінен бөліп алып карауга болмайды. Ақынның қоғамдық істері мен ақындық шеберлігі,

өмірбаяны туралы танымал ақын-жазушылардың, жерлестерінің тарапынан әр жылдары айтылып та, жазылып та жүрді. Солардың бірі еліміздің солтүстік өнірінде көп жылдар бойы «Солтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы қызметін аткарған, ақынды көзі көрген жазушы Бакыт Мұстафин Ғалым Малдыбаевтың өмірі туралы келелі ойларын білдірген болатын: Ұлы Қазан төнкерісінен кейін қазақтың кен даласында ұлы өзгерістер толқыны өріс алып, жана өмірдің екпінді белгілері бой корсеткені аян. Әдебиетте де, мәдениетте де жана қадамдар қауалап, жана үндер естіле бастады. С. Сейфуллин, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Г. Мусірепов сынды қөркемсөз шеберлерінің есімдері халық аузында аңыздай жатталып, олардың жана туындылары қарандырылған оянган халықтың жүрегінде ой теребеп, киял самтатып жатты.

Осындай алыптардың ізін басып, олармен бірге халық мұцины, халық қуанышын, халық шаттығын жырлап, шабыт туын көтерген ақын-жазушылардың ортасында Ғалым Рахметұлы Малдыбаев болды.

Акын 1902 жылы 14 мамырда Ақмола облысының Көкшетау уезіне қарасты І-ші ауылда кедейдің отбасында дүниеге келді. Ол ауыл қазіргі кездे Солтүстік Қазақстан облысының Жаңажол ауылы болып отыр. Болашақ ақынның балалық шағы жокшылық пен таршылытың бейнетін белшеден кешкен зарлы заманда етті. Ол буыны бекініп, бұғанасы катпай жатып жалышылық қамытын киді, байлардың малын бағып, бакташының әк таяғын ұстады. Жасынан зерек, алғыр болып ескек ол ауыл арасында жүріп ауыз әдебиетінің асыл мұраларын жаттап ости. Кариялар айтқан киссаларды, килы-килы хикаяларды ауыздан қагып алып қайталап, мұдірмей жырлайтын жүйрік майталман атанды. Небір асыл сез маржандарын түйдек-түйдегімен термелеген жыршы бала келе-келе озі де олен отымен тұтанып, ақындық әк боз аттың жалына жармасты. Ауыл арасында өлең шыгарып ақын бала атана бастады.

1920-шы жылы осы өнірге келген белгілі революционер ақын Баймагамбет Ізтөлин жас ғалымның таланты мен талабын бірден аңғарып ілгері оқуға кол ұшын береді.

Қызылжар қаласында мектепке оқуға түсіне көмектеседі. Баймағамбет сынды ақын ақынның аруакты колы демеген бозбаланың жігерлі қайраты канат қағып, үлкен өмір жолына ның кадам басқаны бірден танылды.

F.Малдыбаев ауыл мектебінде мұғалім, Төңкеріс болысының комсомол комитетінің хатшысы болды. 1925-27 жылдары ол Қызылжар қаласында партия-совет мектебін бітіргеннен кейін облыстың «Бостандық туы» қазіргі «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары болып тағайындалды. Осы кезеңнен бастап F.Малдыбаев республикада баспасөздің еркендеуіне белсене араласып, қайраткерлікпен кіріскенін ангарамыз. Ол өзінің газет жұмысына арнал, күні-түні редакция үстелінде жазу-сызудан бас көтермей, баспаханада көз ілмей, қайнаған киян енбекке жұмыла кірісті. F. Малдыбаевтың республикамызда баспасөздің қалыптасып орныгуына елеулі үлес коскан газетші қайраткер екендігіне мына деректер дәлел бола алады.

1928-ші жылдары ішінде «Еңбекші қазак» газетінің ауыл секторының менгерушісі, 1929 жылы Ақмола уезінде «Жана арқа» газетінің редакторының орынбасары, 1930 жылы Орал облысында «Қызыл ту» газетінің редакторы, 1931 жылы Павлодар облысында «Кооператив» газетінің, 1932 жылы осы облыста Баянауыл ауданында «Ленин жолы» газетінің редакторы болды. Кейінгі жылдарда F.Малдыбаев облыстың «Ленин туы» газеті редакциясының белім менгеруішісі, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі, облыстың «Ленин туы» газетінің Октябрь ауданы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет аткарды. Қызмет істей жүріп, оқып, үрлену ақынның сүйегіне сіңген әдеті болатын.

Ол 1933-36 жылдары Москвада мемлекеттік университеттің шығыстану факультетінде оқыды, ал 1939-42

жылдары Алматыда Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді.

Осы кызметтердің қайсысында болсын Ғалым Малдыбаев іскерлік, жауапкершілік, адалдық, принциптік таныта білді. Қаламгер ел тағдырына қатысты ірі оқигаларга араласты. Қылы кезеңдерде халқының жоғын жоктап, сөзін сөйледі. Сөйтіп, Ғалым Малдыбаев ел тарихына қогам қайраткері ретінде із калдырыды.

Халық жүргегінің қалауына қарлығаштың канатымен су шашкан ақын жырлары еленіп, 1928 жылдардан бастап Қазақстан жазушылар ұйымына мүше болып сайланды.

Сонау 30-жылдарда өз алдына отау тіксе де буыны бекіп, бұтанасты ката қоймаған қазақ әдебиеті әлеміне соны сокпақтар салған [13, 216 б].

Қоғамдық істерінің ішінде казақ әдебиетінің кадрларын өсіруге де елеулі еңбек сінірді. Мысалы, Қызылжардағы шактарында Есмәғамбет Үсмайловты, Баянауылда - Дихан Обілев. Оралда - Ғабдол Сланов, Ақмолада - Сейлхан Омаров т.б. жастардың әдебиетке келуіне себепкер болды,- деп жазды Сәбит Мұқанов [13, 172 б]. Ақын Қызылжардағы партия-совет мектебінде оқып жүрген кезінде сабак берген Сәбит Мұқанов шәкірттінің шығармашыл тұлға болып қалыптасуына ерекше әсер етті. Бостандық, тенденциялық жайында жазып, жалишилар мен жұмысшы табының жырын жырлап, мұнын мұндарап өткен қаламгерлердің өзара сыйласып отулері, шығармаларының үндестік табуы заманының өзіндік үні.

«Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті ақыны - Г. Малдыбаев казақ поэзиясының көгінде 20-жылдардың аяқ шенінде көзге түсken ақын», - деп, кезінде Сәду Машақов атап корсеткен болатын.

Ауылдан шықкан жалшы бала ауыз әдебиетінің асыл казыналарынан сусындај җүріп поэзияның биік шынына котерілуіде зор енбеккорлық талмас ізденімпаздық, терең білім, жалынды шабыт танытты.

Поэзияның касиетті де киелі шанырагына Баймагамбет Ізтолин жетелеп әкеліп табалдырық аттатса, кейін Сәбит

Мұқанов, Бейімбет Майлин камкорлығына алып, әрдайым көлтүшінан демеп отырды. «Алғашқы сүрлеуін С. Сейфуллин октябрь күндерінде салған казақ совет әдебиетінің кадрлары тек советтік дәүірдеғанда көбейді, солардың елеулілерінің бірі - Галым Малдыбаев» [14].

Галым Малдыбаев 20-жылдары өз тұрғыластары Шолпан Иманбаева, Аскар Токмагамбетов, Иса Байзаков, Жакан Сыздыков сиякты жас ақындармен бірге келді, яғни казақ әдебиетіміздің жыл басындағы, алғашқы карлығаштары болып танылды [15].

20-жылдардың аяғын ала шықкан ақын-жазушыларымыз алыстан үндесіп, бір-бірімен қашықтан тілдесті. Жырлаған тақырыптары да сол дәүірдің шындығы. Галым Малдыбаев поэзиясының негізгі тақырыбы жалшылар өмірі, жер бөлісі, байларды конфискеу, ауылда Октябрь революциясының нығаюы, бостандық күннің шалқып тасуы, - деп кезінде ақын Жұмағали Саин пікірін білдірген болатын [16].

Ақын шығармашылық өмірінде көркем әдебиеттің әр саласына араласып, туган әдебиетіміздің барша жанрының дамуына барынша сеп тигізіп, ат салысқан. Атап айтқанда алғаш әдебиетке кыска өлеңдермен келген ол, поэма жанрын менгерे жүре, драмалық шығармалар жазып, сын-сықақ жанрының қазақ әдебиетінде дамуына қызмет еткен болатын-ды. Әсіресе оның әр жылдарда, әр газеттерге шықкан өлеңмен жазылған фельетондарында өмірдің ірік-шіріктерін, артта қалушылықтар мен санадагы ескілікті сынады. Мысалы, 1928 жылы «Бостандық туында» басылған «Тоғыз жолдың торабы», «Май жұқпас», 1930 жылы «Жаңа арқа» газетінде басылған «Алман астық ұрлайды», «Қызыл тебетей» т.б. фельетондары сол кезде халықтың жүргегіне ұялаган.

«Мен Галекенмен бірсыныра жылдар қызметтес, қаламдас болдым. Мениң алғашқы өлең-жырларымның ұстазы Галекен, Галекеннің шәкірт ақын-жазушылары бір мен ғана емеспін. Жұмағали Саин, Есмагамбет Ысмайлов, Абдолла Садуақасов, Қалижан Бекхожин, Зейін Шашкин, Зейтін Ақышев және тағы басқалары Галекеннің ағалық жәрдемін көргенбіз», - деп жазды

акын Диқан Эбілев [17]. Ғалым Малдыбаевтың ағалық жәрдемін көрген акын: «Ғалым жаңы кен, мейірбан, мінезі тұракты, көзі каракты, ойы алғыр, сұлу жырдың толғанысты акыны. Іс-әрекетке, өмірге үлес қосуға құштар, өзіне, өзгеге, әсіресе жас таланттарға қолынан келген жақсылығын жасайтын еді», - деп ойнын жалғастырады [13, 175 б.].

Аталған акын-жазушыларымыз казак әдебиетінін дарынды таланттары. Ғалекен соларға ұстаздық етіп, үлгі көрсеткен, бала қырандарды шырқау биікке самғатып баулыған. Осының өзі де Г. Малдыбаевтың әдебиеттегі орны үлкен екенін тағы бір дәлелдей түседі.

Ақынның қаламынан шыккан сүбелі дүниелері, поэзиялық туындылары - поэмалар, өлеңдер болды. Кенестік кезеңнің еңбек адамдарының ерлік еңбегі туралы жырлаған алғашкы олеңдер жинағы «Балға-Орак» деген атпен 1930 жылы жарық көрді. Одан кейін «Донғалак», «Тандамалылар», «Қырым кызы», «Желдірме», «Поэмалар мен өлеңдер», «Сарыарқа», «Тандамалы шыгармалар», «Қалдырыған», «Ақ кептер» деп аталатын жыр кітаптарын қалың оқырман қолына ұсынды. Бұл жыр жинактары акын Г. Малдыбаевтың қаламы қуатты, киялы үшқыр, өлең жолдары кестелі маржан екенін паш етіп, оқырман жүргегінен лайыкты орын тапты. «Донғалак» жыр жинағы жөнінде профессор С. Негимов: «Донғалак - үздіксіз қозғалыс пен тынысмыз еңбектің көрсеткіші, яки реалистік образ. Атап айтқанда, «Донғалак» кітабы – советтік дәуірдің алғашкы жылдарының шежіресі іспеттес. Қарағанды мен Қарсақпайдағы, Доссор мен Екібастұздагы, Балқаш пен Оралдағы өндіріс ошактары Галым Малдыбаев творчествосында үлкен орын алған» [13, 206 б.].

2002 жылы Шашубай Малдыбаевтың құрастыруымен акынның 100 жылдық мерейтойына арналған «Дастандар» атты жыр жинағы баспадан шыкса, 2012 жылы «Жырлар...Жылдар...» атты шыгармалары мен акын жайында жазылған естеліктер жинағы жарық көрді.

Қазак әдебиеті мен мәдениетінің, казак баспасөзінің дамуына елеулі үлес қосып, тағылымды көркем туындыларды

дүниеге әкелген ақын Ғалым Малдыбаевтың шығармашылығы мен адамгершілік қасиеттері жайында, ұстаздық ұлағаты турасында қоғам кайраткерлері мен ақын-жазушылар, ғалымдар жылы лебіздерін білдірген. Олар: С. Мұқанов, М. Қаратасев, Б. Қенжебаев, М. Серғалиев, С. Негімов, У. Қалижанов, М. Дүйсенов, Д. Әбілов, Ж. Саин, С. Машақов, Б. Мұстафин, М. Қанғожин, Ж. Нұркан, О. Қали, Т. Зікірин, З. Әкімжанов, Ж. Самрат т.б.

1.2 F. Малдыбаевтың тілдік тұлға ретіндегі қалыптасусының поэтикалық негізі

Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының өз образы. Ақынның тілдік тұлғасы оның дискурстық сипатымен тікелей байланысты. F. Малдыбаевтың дискурсы - поэзиялық, публицистикалық сипаттағы мәтіндерден тұратын тілдік деректер жүйесі. Сондыктan ақынның тілдік тұлғасы – осы мәтіндердің жүйесінде көрінетін, өзіндік ой-танымды, ұлттық ділді паш ететін, қыр-сыры мол құрделі құрылымды құрайтын сөйлеу субъектісі. Ақынның өлеңдері мен поэмалары – оның поэзиялық көркемдік әлемін танытатын осы дискурстың құрамадас болігі және жеке тұлғасын айқындауда мол материал болатын тілдік фактілер жиынтығы. Біздің зерттеуіміздің негізгі арқауы да – оның поэзиясы арқылы көрінетін поэтикалық дискурсы. Қаламгердің сөзі, ойы, психологиясы бірлесіп келіп, адамның бойындағы игі, ізгі қасиеттердің оянуына, бас көтеруіне тұрткі болады.

Тілдік тұлға сипатына ену, мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына козғауышы құш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туган ішкі жағдайлар әсер етеді.

F. Малдыбаевтың поэзиялық мұралары қазақ поэзиясындағы өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырган – үлкен бір белес. Бұлайша бағалауымызға ақынның поэзиясының тілі, ондағы көріктеу құралдарының колданылу өрекшеліктері негіз болады.

Қаламгер ақындығының бастау бұлғалы – халықтық жырдастандар, киссалар болды. Халықтық дәстүрлі поэзиялық қолданыстар ақын өлеңдерінің көркемдік негізін құрады десе де болады. Ақын өзінің поэмалары мен лирикалық өлеңдерінде казак халкының дәстүрлі сөз өрнектерін ұтЫмды пайдаланған.

Ғалым Малдыбаев поэзиясы — казактың бай ауыз адебиетінен, казак адебиеті классиктерінен нәр алды. Сондай-ақ, орыс адебиетінің классиктерінің де әсері болғаны даусыз. Ол казак эпосы мен Шығыс дастандарын қопарды, Абай, Магжан, Сабит, Иса поэмаларынан да үйренді. Ол туралы ақын: «Менің қолыма қалам алғалы пір тұтқан ақындарым – Абай мен Магжан. Магжан Жұмабаевтың өлеңдері мен дастандары өзіне ғашық еткен. Ал тікелей маган кол ұшын беріп, қамқор көңілде болған қадімгі Бейімбет Майлин еді», - деп актарылады [13, 216 б.]. Әдебиет тарландарының, ягни, Магжан Жұмабаевтың «Батыр Баяны», Сәкен Сейфулиннің «Көкшетауы», Сабит Мұқановтың «Сұлуашашы», Иса Байзаковтың «Құралай Сұлуы» XX ғасырдың бас кезінде дүниеге келген көркемдігі жоғары үздік шығармалар. Осылармен үндесе дүниеге келген ақынның «Қырым қызы» поэмасы да оқырмандарының жүргегінен орын алған көрнекті туынды болды.

Е. Малдыбаев - өз ерекшелігі, адебиетте өз үлгісі бар ақын. Оның өлеңдерінен жаңа өмірдің рухы, еңбек мұраты, баянды болашакқа деген сенімі айқын сезіліп тұрады. Алтын астықты олкеде туып, өмір сүрген ақынның егінді даланың күн шүғыласымен нұрлануы, тың төсінде еңбек еткен егіншілердің іс-әрекеттері тартымды тілмен жырланады. Ақынның поэзиясы таң тартысын, әлеуметтік-тариҳи оқиғалардың шындығын танытуымен, соган өзінің көзкарасын айқын көрсете алуымен ерекшеленеді.

Ол өзі өмір сүріп отырған дәүірді жырлаған кездे өз ойын, мақсатын, идеясын оқырманға жеткізу үшін өзіндік стиль, өзіндік көркемдеу құралдарын айшықтау, құбылту негізінде сөз ориентерін өзгеше салуға жол іздейді. Авторлық көркемдік ізленістер мен дәстүрлі қолданыстар жымдаса өріліп, ақын өлеңдерінің көркемдік бейнесін жасайды. Оның поэзиясында

тақырып, идея, сюжет, образ, характер, деталь, тіл, стиль кең көлемде камтылады.

Ғ. Малдыбаев өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі дәстүрлілік аясымен ғана емес, өзіндік авторлық сөз колданыстарымен, көріктеу құралдарының мейлінше ажарлы колданылуымен де сипатталады.

Ақын көріктеу құралдарын жұмсағанда құр әсемдік үшін емес, поэзиялық шығармаларына ұлттық көркемдік болмысты сіндіре, жаналандыра, түрлендіре пайдаланады. Қазақ поэзиясындағы дәстүрлілікті шығармашылық тұрғыдан кенеіте түсken суреткердің тілдік-мәдени құзіреті оның поэтикалық тілінен көрінеді. Дәлірек айтқанда, Фалым Малдыбаевтың тілдік тұлға ретінде қалыптасуының поэтикалық негізі берік. Ол көркемдік денгейі жогары поэзиялық шығармаларымен нақты сипатталады.

1.3 Ғ. Малдыбаев шығармалары тілінің pragmatикалық қызметі

Тілдік тұлға құрылымының pragmatикалық денгейін зерттеу жеке адамның дамуы барысында өзгеріп, жетіліп отырады және оның максаттарымен, міндеттерімен, ниеттерімен және қызығушылықтарымен байланысты. Өз шығармаларында прецеденттік мәтіндерді колдану жеке адамды тілдік тұлға ретінде сипаттайтын танымдық көрсеткіш болып табылады.

«Прагматика» (грек. pragmatos – іс-әрекет) – семиотика мен лингвистиканың саласы, яғни тілдегі белгілер қызметін зерттейді. Бұл терминнің лингвистикага енүі У. Morris еңбектерінен басталады, ал қазіргі прагматика терминін түсінуде Людвиг Витгенштейннің философиялық таным кагидасын ұстанамыз. Прагматиканың басты өзегі баяншы (сейлеуші), (субъект) пен тыңдаушы (окырман) арақатынасы, өзара байланысы. Сонымен катар, бұған прагматикалық пресуппозициялар, яғни тыңдауышының жалпы білімін оның зейінін, көзкарасын, түсіну кабілетін, психологиялық ерекшелігін, тағы басқа денгейлерін айтуышының ескеруі,

багалауы кіреді. Прагматиканың басты максаты – сөздің қолданыс ерекшелігіндегі өзіндік ережелерді ұғындыру.

Прагматика мәтін лингвистикасында байкалатын категория, себебі мәтін ғана баяншы мен тыңдаушыны жалғастырып тұрады. Осыған байланысты мәтін лингвистикасы – мәтін синтаксисі, мәтін семантикасы, мәтін прагматикасы деп үшке жіктеледі. Тілдік тұлғаның шынайы келбеті – оның заттық дәлелі – мәтінде ғана ашыла алады. Мәтін прагматикасы тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін анықтау құралына айналып отырады. Мәтінде жеке адам тіліндегі «галамның тілдік бейнесі» катпарлы, күрделі жүйеден тұратын құрылым ретінде байқалады. Ю.Н. Караполов тілдік тұлғаның ең жоғарғы деңгейі деп прагматикалық деңгейін таниды. Себебі бұл деңгей тілдік тұлғаны дамытатын уәждер мен максаттардан тұрады [5, 181 б.].

Когнитивтік және прагматикалық деңгейлер кейде аралас құрылымнан көрінуі мүмкін. Уәж және максат - кез келген жеке адамды тілдік тұлға сатысына көтерерлік күшті, қуатты күштер, барлық адамдар мен қоғамды ілгері бастирудагы күш ретінде тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер етуші басты факторлар. Уәж, максат, мұлдеден ізденіс, ой тереңдігі, білім тереңдігі басталады. Коркем мәтіндегі прагматиканың қызметін зерттеген Г. Әзімжанова: «Алынган акпаратпен катар, субъект бойындағы іс-тәжірибесі арқылы мазмұн тұтастығын құрайтын акпарат мәтін мазмұнына келіп қосылады» деп көрсетеді [18, 7 б.]. Олай болса, Е. Малдыбаевтың өмірден жинаған тәжірибесі оның санасындағы «галамның тілдік бейнесін» дамытып, мәтіннен тілдік тұлғаның болмысын көрсетуге негіз болады.

Прагматикалық деңгей тілдік тұлғаның «Гамлеттік» ой-толғаныс, пайымдау, өзін-өзі тануға тырысуышылыктан туған, монолог, сұрак-жауап, риторикалық сұраулардан байқалады. Сонымен катар коркем поэзияндағы ойлау жүйесінен тұратын автор идеяларының тұтастығынан да аңгарылып отырады. Прагматикалық деңгей көп жүйелі, көп қабатты құрылымнан тұрғанлықтан тілдік тұлғаның қоғамға деген қатынасынан күрделі түрде жүретінін білдіреді.

Осыған байланысты еліміздің солтүстігінде тіршілік етіп, көптеген көркем дүние берген, казіргі әдебиет классиктерінің жоғары бағасын алған және бүгінгі көрнекті карт ақындар мен прозашылардың ұстазы саналатын ақын Фалым Малдыбаевтың шығармаларының прагматикалық денгейі жоғары және поэзиясында қолданылған прецеденттік мәтіндер ішінде фольклорлық мәтіндер айрықша орын алады. Сонымен бірге прагматикалық мәні бар мифологиялық аныздар, ертегілер, тарихта бар оқигалар, есімдер, жағдаяттар жанаша түрге енген, өзгерілген жырдың арқауына айналады.

Ақын поэмаларына арқау болған аныздар желісі де прецеденттік мәтіндер болып табылады. Прецеденттік мәтінде тұжырымдалған мағыналар тілдік тұлға үшін құнды. Автордың поэмаларында жүзеге асқан ойлар ұрпактар сабактастығына негізделіп, оларға анызды таратып айту арқылы таныстыруды мақсат етеді, сонымен қатар, сол тарихи оқигалар желісін өзіндік дүниетанымы сүзгісінен өткізіп бага береді, ой корытады, өзіндік идеясы арқылы өрбітеді.

Прецеденттік мәтіндердің берілуіндегі мағыналық сабактастықтың жүзеге асуы жаңа мәтін арқылы бұрынғы мәтінге немесе бейнеге үстелетін қосымша мағынаның комегімен жүзеге асады. Бұрынғы мәтіндеңі мағыналық өзек немесе бейне арқылы ақын нені жырласа да табиғатпен астастыра жырлайды. «Күн шығып, ай да туып» немесе «күн сөніп, ай тұтылды» сиякты бейнелер кез келген поэмасының негізгі арқауы, тірегі есебінде жұмсалып отырады. Ақын «Оқжетпес», «Бурабай», «Қырым» тауларын поэмаларында прецеденттік жағдаятты белгілі бір оқиганы сипаттауда фон ретінде колданады. Көбіне бұрынғы мәтіннің мазмұны немесе сол мәтіндеңі кейіпкерлер автордың ниетіне сай мағыналық өзгеріске ұшырап отырады.

Накты анызды дәл сол мағынасында таратып, не болмаса, жана идея үстеп жырлайтын жанры – поэмалары. «Қырым қызы», «Батыр туралы жыр», «Ақ келін», «Шахтер», «Ана әнгімесі», «Қажымұқан», «Қошан карттың әнгімесі», «Жиырма сегіз батыр», «Көрүғылы», «Қорқыт батыр», «Сарыарқага

саяхат» дастандары өзінің көркемдік шеберлігімен көзге түскен туындылар екендігі анық.

Г. Малдыбаев поэзиясының биік шыны «Қырым қызы» поэмасы екені жұртшылыққа мәлім. Сонау 1933 жылы тұсауы кесілген бұл дастан бірден оқырман назарын аударып ақынның зор мүмкіндігін әйгілеп берді. С. Сейфуллиннің «Көкшетау», С. Мұқановтың «Сұлушаш», И. Байзаковтың «Құралай сұлу» сияқты атакты дастандарымен екшелес дүниеге келген. «Қырым қызы» поэмасы өзінің көркемдігі, жоғары сапасы жағынан да осы асыл текті дүниеліктермен терезесі тен түсіп жатты. Қыннан қиынсан үйкастар, тіл үйіріп тамсантар көркем кестелер, айшыкты тенеулер оқырманың әсте алдамай, құпиялы сырларына жетелей береді.

Ақын поэмаларының этнографиялық сипаты басым. Эрине, бұл көпті көріп, көп тоқыған қаламгерге тән жаксы нышан. Ақын киялы оқушыны аргы - бергі тарихка үнілтіп, шежіре мен аныз- әнгімелер дүниесіне шомылдырады.

Ақын шыгармашылығының ерекшеліктерінің бірі - тарихилық. Ақын өзі жырлап отырған өмір құбылышының тарихи жағын аша, актара жырлайды.

Суреткер шыгармашылығының тагы бір өзіндік ерекшелігі - оның поэмаларындағы лиро-эпикалық сарын. Бұл ерекшелік акын сибектерінің идеялық тақырыптық жағымен катар, халық ауыз әдебиетінің үлгісін дамытуы болып саналады.

Ақын жырлары драмалық ситуацияларга, тартыс, диалог, монолог т.б. элементтермен экспозициясы аса байыппен, эпикалық тыныспен басталады. Окиға белгілі бір поэтикалық оріс жасаута ұмтылыс жасайды. Ақын ұлттық поэзияның байырлығын сүйеді, осыдан болар, көп жырларынан осындағы бір «тарихи леп» еседі. Фалым ақын оқушымен әнгімелесудің сан алуан тәсілін ойладап табады. Кейде, тіпті, ақын емес, әнгімеші, ертекші, жыршыға айналып кетеді. Кәдімгі анызды өлең тілімен қайта әнгімелегендей. Оған мына жолдар дәлел бола алады. Өзінің еңбек тақырыбына жазған «Шахтер» поэмасын былай өрнектеп бастаған болатын.

Жазғы күн, «Бурабайдың жағасында
Тас сүйген құміс көлдің сағасында
Отырды бір топ адам әңгіме айтып
Жайқалған жасыл гүлдің арасында.

[19, 72 6.]

«Қажымұқан» поэмасында:

Есімде дәл осыдан қырық жыл бұрын,
Тыңдадым Қажекеннің қызық сырын.
Ол шертті өмірінен сан ертегі,
Ішінде Қызылжардың бақшасының

[19, 25 6.]

- деп ары қарай әңгімесін өрбіте беретін. «Қошан карттың әңгімесі» поэмасын бастау тәсілі де осы сиякты.

Көп екен ертегі-аңыз бұл манайда,
Жер жарған атақ-данкы Бурабайды
Айтайын бір әңгіме, тыңданыздар,
Әңгімем байланысты Абылайға.

[19, 120 6.]

Әрине, ақынның жырларының осылай басталуы, балалық шағында жыршы кариялардың аузынан аңыз-әңгімелерді көп естіп, соны көнілге тоқыған өмір тәжірибесінің нәтижесі екені даусыз.

Қазірде кемелденген жазба әдебиеттің алтын арқауы, рухани өнеріміздің алғашкы тұғыры фольклор екені даусыз. Фольклор ілкі заманда туып, ұрпактан-ұрпакқа аманат ретінде, калдырылатын рухани мұра болса, ал, этнография фольклормен үндесе, жымдаса жүретін, халықтың санасынан берік орын алған, сол халықтың бүкіл тыныс-тіршілігінен хабар ететін

құбылыс. Ал, әдебиеттің этно-фольклормен арақатынасы оның даму тарихымен тығыз байланысты. Әдебиет өз даму тарихының әрбір кезеңінде этнография және фольклормен біте кайнасып, бірге тіршілік еткен және шығармаларда белгілі бір сюжетті құруға, кейіпкердің образын ашуға, көркемдік тәсілдердің колданылуында, оқигалардың шешімінде, яғни, шығарманың бүкіл өн бойында белгілі бір қызмет етіп отырган. «Халықтың байыргы тұрмыс-тіршілігіне тән, этнографиясы мен ұлттық өмір сүру ерекшеліктеріне сәйкес, әбден орнықкан, қалыптасқан фольклорлық этнографиялық заңдылықтар мен ұғым-түсініктердің, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге қатысты қарында, ережелердің катан сақталуын және сонымен бірге кошпелі тұрмыска тән көркем детальдардың орнымен колданылуын айтуга болады» [20, 76 б].

Біздің пайымдауымызша, ежелгі замандағы рухани мәдениетімідің қайнар көзі фольклордағы этно-фольклорлық сарындарды, образдарды прозада жазушы дәл сол қалпында өрнектемейді, оны өндеп, өз шығармасына белгілі бір қажетіне жаратып отырады. Екіншіден; фольклорда, көбінесе, окига бакытты түйінмен аяқталатын болса, ал кемелденген прозада окиганың аяқталуы әрқалай болып келеді. «Әдебиет пен фольклордың байланысы мәселесінде жазушының фольклорга қатынасы – маңызды аспекттің бірі. Жазушының фольклорға қызыгуышылығы бар да, сол фольклорды өз шығармасында не үшін және қалай колданылатыны тағы бар» [20, 17 б].

Фольклор мен поэзияның байланысы, адам жанының әртүрлі мінездік нышандарын табиғатпен егіздеу және жансыз дүниелерге жан бітіру (таска, көлге, тауға, ағашқа т.б.) сиякты көркемдік тәсілден де көрінеді. Поэзиялық шығармалар қайнар көзін ертегілік желілер мен ауыз әдебиетіндегі елге көп тараған аныз әңгімелер, киссалар мен хикаяттардан алған. Ұлы ақын Абай Құнанбаев пен казактың тұнғыш ағартушысы Ұбырай Алтынсарин мысалдары мен прозалық туындыларында фольклорлық және этнографиялық ұлгілерді өз шығармаларына арқау еткен. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Алаш әдебиетінде де осы үрдіс жалғасын тапқан. Сол дәүір

әдебиетінің өкілдері – М. Дулатов, С. Көбеев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Әуезов және т.б. прозалық шығармаларында этно-фольклорлық ерекшеліктерді көнінен не ішінара қолданған. Өйткені, ол кезде халық бірден өзінің бастапқы негізінен ажырай коймаған, ал, жана заман талабы шым-шымдап санага кіре бастаса да, толық анықталмаған өліара шак еді. М. Әуезов: «Жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек»,- деп көрсетеді [20, 240 б]. Яғни, М. Әуезов - әуел бастан-ақ этнографиялық фольклорлық сарындарды шығармашылықпен игерудің өзіндік өрнегін салған қаламгер. Қаламгердің кез-келген туындысында да казақтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, қасібі, сауық кешін аса бір ыждағаттылықпен зерделей отырып, халық тілінің бейнелі, әсерлі сөз келісімдерін сактай білгендігін анғаруға болады. Себебі, жазушы ұлттық характер, ұлттық болмыстың бір күннің жемісі емес, сан ғасырлық тарихтың ізі екендігін жете зерделеген. М. Жұмабаев болса, дәстүрлі фольклорлық негізді жазба әдебиетте. - өзінің «Қойлыбайдың кобызы», «Корқыт», «Батыр Баян», «Жұсіп хан», «Өтірік ертегі» атты шығармаларында ой қазық етіп, сол түпкі сарыннан алшақтамай сюжеттік оқигаларды түрлендіріп, өзгеше карқынмен жаңаша жырлайды. Аллаға табыну, жазмыш, тағдыр ұғымдарына катысты этнографиялық фольклорлық түсініктерді көркемдік көрігінен өткереді. Арман-тілегін, өткені мен бүгінін, ертені мен болашағын фольклорда өрнектейтін казак халқының жанына – ауыз әдебиеті үлгілерінің қай түрі болса да жақын екені рас. Жана көгам өзімен бірге өнерге де, соның ішінде әдебиетке де өзінің «социалистік реализм» әдісін ала келді. Яғни, кез-келген ақын-жазушы өнерге, әдебиетке тек таптық тұрғыдан келуге және карауға тиісті болды.

«Қызыл тілім кісендеулі», - деп Мағжан ақын айтқандай, ақын-жазушылар кеңестік идеологияның қысымына қарамай, тығырықтан шығып, заман шындығын астарлы пішінде, соның ішінде осы фольклорлық сарын үлгісіне жеткізді.

Уақыт өткен сайын, қоғам өзгерген сайын әдебиет фольклорлық сарынды қажет етіп, ауыз әдебиеті ұлгілерінің көрініс табуын талап етті. Алаш зияллыларынан нәр алған осы дәстүр жалғастығы кенес кезеңінде көмескіленгенімен біржола үзілмеген. Қазак әдебиеті тарихындағы көркем туындылардың кай-кайсысы да өзінің түп төркіні – халық ауыз әдебиетінен нәр алған дәстүрлік жалғастық табады. Бұл орайда F. Малдыбаев этнографиялық дәстүрлі пайдаланудың ғажап ұлгісін көрсеткен.

Ғалым Малдыбаевтың «Қырым қызы» поэмасы өзінің тақырыбы және көркем де пернелі тілімен, тартымды мазмұнымен көпшіліктің назарын аударған. Бұл туынды лирикалық, романтикалық сарында жазылған сюжеттік поэма. Шығарманың негізгі сарыны - әлеуметтік тенсіздік. Басти тартыс төре тұқымдары мен қара халықтың арасында өрбіп отырады. Шығарманың мазмұнына теренірек тоқталар болсак: сонау ерте замандағы Ресей мен Түркия елінің арасында болған феодалдық тартыс поэмалық мазмұндық желісіне арқау болады. Қырым жерінде жалшылықта жүрген Қазан татарының Арзы атты ақылды да сұлу қызына ғашық болған көпес пен Түркия ханының жауыздықтары, еліне қашып келе жатқан арудың бейкүнә сәбімен коса Қара тенізде құрбан болуы өлең сөзben баяндады. Ақынның «Қырым қызы» поэмасында екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігі, албырт сезімдері талай киыңдықтарды бағдарынан кешіріп, кедергілерді женуге итермелейді. Алайда олар арманына жетпеді, көздерін шел басқан озбыр бай-манаптар адамдықтан жүрдай болып, жастардың болашағына балта шабады.

Поэмалық он бойынан көрінетін Арзының өзімен бірге өскен гашығына деген адалдығы, махабbatka беріктігі, кайсаrlығы, шығарманың өзегі ретінде беріледі. Поэмага арқау болған әлеуметтік тенсіздік, бай мен кедей арасындағы керегар козкарас, кедейлердің ауыр түрмисы, екі жастың сүйіспеншілігі. Оқиға трагедиямен аяқталғанмен жастарды бакытты болашак үшін күресуге шакыратын, махабbatka адал болуға тәрбиелейтін және саяси мәселелерді қозгайтын кесек туынды. Осы поэмасы жонынде Мырзабек Дүйсенов: «Қырым қызы» Ғалым ақынның

өнерін жаңа белеске көтерген құрделі туындысы болды, творчествосының ең шырқау биігі және қазіргі казак әдебиетінің тамаша қазынасы болып табылады. Сол сиякты Сәду Машақов та: Фалым Малдыбаев - эпик ақын. Ол халық арасында кең тараған аныз-ертеғілерді сюжетті дастан етіп жазуга шебер. Оның «Қырым қызы» дастаны казак поэзиясында шоктығы біл көркем шығарма», - деп бағалаған [21]. Қазак поэзиясының таңдаулы туындыларының катарынан орын алған ақынның бұл шығармасы сюжет тартымдылығы, тіл көркемдігі жағынан оқырмандарының лайыкты бағасын алды.

Халық аныздарының үлгісінде жазылған бұл туындыдағы басты сюжеттік арна ғашықтық сезімнен бастау алады. Махаббат пен ерлік қоса өрілген осы аталған ғашықтық дастандар такырыптық, идеялық жағынан болсын, оқиғаны суреттеуі, көркемдік ерекшеліктері жөнінен болсын қазак халқының ауыз әдебиеті нұскаларымен орайласып, үйлесіп жатады.

Ғашықтық дастандар мен лиро-эпостарға қазық болатын өмірдегі ен аяулы нәрсе – жан сұлулығы, достыққа, ғашықтыққа берік болу, арманына жету үшін киындықпен құресе білу.

Қазактың эпикалық жырлары, лиро-эпикалық дастандары гасырлар бойы халықтың інжу-маржандары санатында сакталып, бағаланып келеді.

Эпостық шығармаларда халықтың рухани және материалдық мәдениетінің мол қазынасы сакталған. Оның тілінде бүтін бір халықтың өмір тарихы, елді-мекен атаулары, тарихи тұлғалары туралы деректер мен тілдік мұрасы сакталған. Онда халықтың әдет-ғұрпы, арманы мен мұддесі әртүрлі көркемдік тәсілдермен тартымды бейнеленеді.

Ақынның осындай бір эпикалық сарында жазылған туындысының бірі - «Қошан карттың әнгімесі» поэмасының негізгі мағынасы елдік, ерлік болса, осы мағынаны ашатын мағыналық өзек ретінде тарихта болған Баян батырдың есімі өзгертіліп Бұлан батыр ретінде алынады. Мағжанның «Батыр Баян» поэмасымен үндес ақынның бұл туындысы поэтикалық шеберлігі жағынан өзіне тән ерекшеліктері мол шығарма.

Ақының осы поэмасы жөнінде профессор М.Серғалиев мынадай тұжырым жасаған: «Ел аузында айтылатын хикаяларды өз «лабораториясында» қорытып шығарған автор таза маҳаббат пен адамгершілікті, сыйластық пен әділеттілікі шынайы суреттейді. Қалмак пен казак арасындағы үлкен бір қактығыстың бір көрінісін ала отырып, ақын діні, ұлты басқалығына қарамастан, тіпті жауласуши екі жақтың өкілдері бола тұра маҳаббатка ешбір кедергі жок деген ой түйеді» [22].

Профессор Уәлихан Қалижанов: «Қошан қарттың әнгімесі» нағыз қызыл империяның қылышынана қан тамып тұрган идеологиялық қыспақ кезінде жазылды. Аты елеусіз болғанымен, заты салмакты. Онда Қошан қарттың аузымен қазактың хан Абылайының ерліктері, ұлт үшін жанпида еткен тағдыры баяндалады», - деп тұжырымдайды [23].

Белгілі бір ұлттың, халықтың тағдыры, басынан өткерген тарихи кезеңдері ен алдымен сол ұлттың әдебиетінде, тілінде, өнерінде із тастайды.

Ақының бір поэмалары тарихи оқиғалардың белестерін, айтулы кезеңдерін елестететін туындылар болды. Қазақстанның 50 жылдық мерекесіне арнап жазған «Қажымұқан» поэмасын жазды. Бұл поэмасында ұлтымыздың жауырыны жерге тимеген күш атасы Қажымұқан балуанының өмірін, жүрген ортасын, женистері мен жемістерін бейнелі сөздермен шынайы оқиғаның желісінде жеткізеді.

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен 28 батырга арнап патриоттық рухта жазған «Төрт батыр», «Жиyrма сегіз», «Батыр Мәншүк» поэмаларын, Ұлы Отан соғысының батыры атағын алған жерлесіміз Үбіраев Ыскактың ерлігін жырлаған «Ыскак батыр» поэмасы мен «Ұмытпаши, ұрпагым», «Ақ көгершін» т.б. өлеңдерін ерекше атаған жөн. Патриоттық рухта ерлік тақырыбында жазған өлеңдер топтамасы жарық көреді.

«Батыр туралы дастан» поэмасында Қазақстандық 28 жігіттің ерлігін төмөндегі жолдармен өрнектейді.

Тарихта мәнгі калды ерлер данқы,
Ориатты ұлы ескерткіш совет халқы.

Жырлайды осылайша дастан қылып,
Естіген жер жүзінің жас пен карты.

Жасайды ғасыр бойы батырлық іс,
Жасайды кап тауындаі батырлық күш.
Алтыннан дастан жазып, атынды атап
Орнattым кабырына мен де ескерткіш.

Ұлттық рухпен астасып, бейнелі тілімен, тарихи сырымен «Қорқыт батыр», «Шахтер» дастандары халықтың жүргегінен орын алды. Қарағанды шахтерлерінің отаршыл ағылшынның кол астында жұмыс істеген кезеңде көрген бейнеттері мен ауыр түрмисы, іштен шықкан жаулардың зұлымдықтары шығармада барынша нанымды суреттеледі. «Шахтер» дастанының бас кейіпкерінің прототипі белгілі кенші, Социалистік Еңбек Ері Тұсіп Күзенбаев болатын. Жалпы ақынның шығармаларынан халықтар достығы мен карым-катаңасы, адамның сүйіспеншілік сезімдері, елжандылық секілді ізгі қасиеттер айқын ангарылады.

«Қорқыт батыр» поэмасында жерін жаудан корғап, еліне пана болған, қара қылды қақ жарған Қорқыт бабамызды кейінгі үрпакқа үлгі етеді. «Ана әңгімесі» шығармасында ханның жұмбагын шешіп, қырық үйлі кедейді олжалы қылған ақылы мен парасаты мол, жомарт жүректі 16 жасар қызы жайында айтылады. Ақынның «Алтын елік», «Ақ лак пен кара құс», «Алтын балық» дастандары орыс ертеғілерінің мазмұндық желісімен жазылған шығармалар.

Ақын аныз-дастандар жазуда орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннен үлгі алғаны сезісіз, оған мына жолдар дәлел бола алады.

Ашылды ерлік іспен елдің бағы
Той қылды адам, пері-екі жағы.
Есімнен өмірімде қалар емес
Тойғаным осы тойда менің-дағы.

/«Алтын балық», 676 б./

-деп аяктаса, А.С. Пушкин ертегілерін,

И никто с начало мира,
Не видал такого пира.
Я там был, мед, пиво пил,
И усы лишь обмочил,

/24, С. 98/

- деп түйіндеп отырған. Шығармалардың аяқталу жолдары тіпті бірін-бірі сөзбе-сөз кайталамағанымен, негізгі мазмұны, ұйытқысы жағынан өте ұқсас. Осының өзінен үлттар әдебиетінің сабактастығын айқын ангарамыз.

Ғ. Малдыбаев өзінің туындыларына тек өткен заманның ернектерін салып койған жоқ, ол жана заман жыршысы болды. Халықтың өмірін, тарихы мен тағдырын жырлады. Жаңа заман рухын, еңбек мұратын аскактатты. Оған «Москва», «Ленинград», «Мұжкарғыш», «Жаңа жылмен әнгіме», «Комсомол - менін мектебім», «Біздің келешек», «Біздің ел», «Есіл онірі», «Жыл құсы», «Он құн», «Бакыт жолында» деп аталатын олеңдері мен «Шахтер», «Сарыарқага саяхат», «Ақ келін», «Алтын Арқа» дастандарын жатқызамыз.

Ақынның лирикалық өлеңдері де әр тақырыпка арналады. Соитустік және Орталық Қазакстанды аралап, дала шоғандарымен, дикандармен, еңбек адамдарымен кездесіп, олардың түрмисын, адал енбегін, келешекке деген зор сенімдерін жырга косады. Сонымен катар, табигаттың сұлу көлбетіне тамсанған жырлары ақынның қоңіл-қүйінен сыр шертелі. «Өлкенін өркені», «Май суреті», «Ак теніз», «Түркістан қызы», «Тракторшы қарындаска», «Комбайн», «Комбайншы жыры», «Жүгері», «Егін жыры», «Тың жыры», «Комбайншыға хат», «Көркейткен байтак елді», «Жылқышы жыры», «Жүгері», «Бес жылдықтың балғасы», «Жаз», «Күзде», «Коктем жыры», «Тарту», «Койшығұл қүйіші», «Көркейткен байтак елді» т.б. өлеңдері осы ойымыздың айғагы. Бай-феодалдар мен кедейлердің ара-қатынастарын көрсететін,

бостандыкты аңсаған жалшы кедейлердің ауыр өмірін танытатын «Балға-Орақ», «Менің күнім» атты саяси-әлеуметтік өлөндер жазды. Ақын қай тақырыпка бармасын туған өлкесінің тамаша табиғатын шығармаларының мазмұндық желісімен қоса өріп отырады. «Тогай», «Есіл», «Көкшетау», «Құзгі көріністер» деген өлөндерінде туған өлкесінің әсем келбеті кестеленеді.

Сарыарқа – сары теңіз ұлан-байтак,
Қазактың кен даласын тұрсан байқап.
Данышпан Абай ақын сол далада,
Жырымен надандыкты өткен жайқап.

Ақын көп жағдайда халқымыздың ардакты азаматтары, дарынды тұлғаларына деген ыстық лебізін, достық қоңілін жырга косады. Өмірде «бар қазактың жүргегінен орын тапқан» жазушы Сәбит Мұқановты ерекше құрметтеп, онымен жақын араласкан. «Ағасың», «Қайран бауыр», «Шашубай ақынға», «Арқадан шықкан ақындар» деген өлөндері ақынның өнер адамдарына деген құрметтін танытады. Өзінің өмір өткелдері жайлы сыр шертетін «Өмір туралы толғау», «Өзіме», «Жылдар сыйы», «Балаларым-базарым», «Уа, гүл далам, тамшыдай-ақ жазғаным» өлөндері көркемдік қуатымен, сезімді тілімен баурап алады. Жаңа үн, серпінді ырғак, екпінді интонация ақынның сан-салалы тақырыпқа арналған лирикалық өлөндерін тартымды етеді. Профессор Серік Негимов: «F. Малдыбаев дауірдің талап - тілектерін жіті ангарып, уақыт көтеріп отырған проблемаларды тез танып, шапшан кабылдап, үн косып отырған. Уақытпен бірге ілгері басып, катар адымдаган, казак даласындағы әр жаналыкты, әр құбылысты поэзияның тіліне түсірген»,- деп тұжырымдайды.

Ақын сапар шеккен эпикалық туындылары, қазіргі заман бейнесін көрсеткен жырлары өзімен бір кезенде өмір сүрген, көғамның тынысын бірге сезген басқа да ақын-жазушыларымыздың туындыларымен өзектес болғанымен, баяндау амалы өзгеше, сөз кестесі, синтаксистік оралымдары, көркемдік өрнектері жаңа қырынан көрінеді.

Ақынның сюжетті шығармалары тарихи-этнографиялық ақпарат беретін елді мекендердің атуларына, кісі есімдеріне толы. Қайсыбір нысанға берілген атауға терен үнілсек, оның тұп-тамырында ұлттымыз бен ата-бабаларымыздың танымы, сан ғасырлық тарихымыз бен төл мәдениетіміздің сырлары сайрап жатыр. Сонымен, әр елді мекеннің атауы бір тарихи оқигаға байланысты қойылғаны анық. Барлық көрген-білгенін, зердесіне түйгендін, ақылына токығанын, өмірлік тәжірибесін, бүкіл асыл мұрасын тілінде түйіндеген казақ халқы қошіп-кону барысында кездескен әрбір бұлак-бастауға, төбе, жазыққа, ой мен қырга олардың ерекшелігін дөп танып, соган сай ат берген.

Ономастикалық лингвокультуралардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын рөлі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер болып табылады. Олар халықтың бітім-болмысынан, өмірге козқарасынан хабар береді.

Осіресс антропонимдер, топонимдер, гидронимдер, прагмонимдер, хрононимдер мен прецедент есімдер, зоонимдер мен фитонимдердің лингвомәдени коннотациясы айрықша болып келеді. Экстраграфикалық мағлұматтарды өзінің бойына тоғтастыру географиялық атаулардың ерекше касиеті болып табылады.

Топонимдер мен гидронимдер өткен дәуірдің лингвомәдени картасын көз алдыңызға әкеледі.

Топонимдер мағынасының ұлттық және мәдени құрамы айрықша лингвомәдениеттанымдық көрнекілігімен, мәдени ассоциациялардың байлығымен ерекшеленеді. Олар ерекше лингвомәдениеттанымдық бірліктер бола отырып, ұлттық және мәдени мағлұматтардың белгілі бір көлемін бойына сініріп, мәтінде маңызды мағына тудыруши қызмет атқарады.

Әдетте кандай да болмасын тұракты мекен, калалардың аты географиялық ортага не ру-тайпаның, халықтың, жеке адамдардың атына, айтулы оқигаларға байланысты қойылады. Соңдықтан да оның төркінінде белгілі бір тарих, мән-мағына жатыр.

Шығармаларда кездескен топонимдік және гидронимдік лингвокультуралар негізінен ұлттың көшпенді өмір салтының және айналысатын негізгі кәсібіне байланысты.

Поэмалары мен өлеңдерінде акын ономастикалық лексикага жататын антропонимдермен катар тарихи-мәдени мәні бар топонимдер мен гидронимдерді де көптеп пайдаланған.

«Кошан карттың әнгімесі» дастанында қалмактармен соғысқан батырларымыздың ұрыста қолданған айла-тәсілдері, ерлік істері барынша сәтті суреттеледі. Осы шығармасында, сондай-ак, ономастикалық деректер де нанымды сипатталады. Бұл шығарма ұлттық мәдени коннотациялық мазмұнға ие топонимдерге тұнып түр. Мысалы:

Арқада қан сасыған талай жер бар.
«Қалмақ көл», «Қалмақ қырғын», «Сары обалар».
Адамның сүйектері сары тап болған,
Соғыста жан көмілген көп корғандар.

Қай кезде қазақ, қалмак соғысқанда,
Даланы боямауга қызыл қанга.
Айқасқан Ертіс, Есіл, Обыті өрлей.
Қырғынды тастау үшін суға, ағынға.

Арқада «Кереге тас» - «Қалмақ қырган»
Бауырымда Баян тауын жалғап тұрған.
«Майбалық», «Менгесер» мен көк Есілден,
Әрі асты жынды бура ашу қысып.

/«Кошан карттың әнгімесі», 133 б./

Дастандарының мазмұнына арқау болып отырған оқигалардың болған жерлері киялдан алынбаған, өзіміз көріп, біліп жүрген ел ішінде өтеді. Бұл автор мен оқырманының арасындағы байланысты қүшайтеді түсері сөзсіз.

Арка жерінде болған оқигаларды жырлайтын шығармаларында «Ақ келін», «Қараөткел» өзендері

атауларының шығу себептерін ашып, ел арасында тараған аныздармен байланыстырады. «Көрүглі» дастанында батырдың Көрүглі аталауының тарихынан сыр шертсе, «Қажымұқан» поэмасында кездесетін тұлғалардың есімдері ұлттымыздың мактанышы болған балуанның өмір жолынан айқын көрініс береді. Мысалы:

Көл сокты чемпионға жиылған көп,
Кілемде Сары Кик-Ки жалғыз тұр тек.
Төреші бұл айқастың аты-жөнін
Атады «Айқас - жилю-житсу» деп.

«Жилю-житсу» жапондарда құпия іс,
Бұган керек сарқылмас айла мен күш.
Әлтіресін, не өлесің айқасында,
Француз құресі емес, соғыс-ұрыс.

Карсыласын өлтіретін, не өзі өletін шарты бар айкаста Жапонның атақты балуаның женіп шықкан Қажымұқанның жүректілігін, батылдығын, ерен күштің иесі болғандығын суреттейді. Осы поэмасында тарихта болған басқа да балуандардың есімдері айшықталады:

Дүниеге даңқы шыққан медаль тағып,
Ағылшын чемпионы Рааза алғып.
Француз чемпионы Альберт Дальтон,
Откендей тауды бұзып, тасты жарып.

«Красный», «Черный» маска атанған бар,
Бас-бетін перделеген балуандар.
Шатский, Миша Буров, Брагиндер,
Жауырыны жерге тимес қаһармандар.

Тағы бар Түркияның Мұхамеді,
Торсыктай сан білектің бұлшық еті.
Ұзындық жуандығы бірдей кесек,

Адамның өзгеше бір кереметі.

Және бар Украинаның Гайдамағы.
Он пұттан артық дескен ер салмағы,
Бұлардың ортасында Қажымұкан,
Дүниелік жүлдегерлер балуаны.

Ақын еліне адал еңбегі сінген өнегелі адамдардың өмір белестерін шығармаларының басты өзегі етіп, сол адамдар өмір сүрген кезеңдегі қогамдық шындықты, өмірдің тынысын терең танытады. «Сарыарқаға саяхат» поэмасында Абай Құнанбаев, Ұбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ақан сері, Біржан сал, үкілі Ұбырай, революционер Кәрім Сүтюшев пен гарышкер Шаталов т.б. тұлғаларымыздың биік мұраттары мен иғі істерін келешек үрпаққа аманат етіп, кестелі тілімен өрнектеп береді.

Жеті бөлімнен тұратын «Ақ келін» поэмасында Мәшіүр Жұсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жаяу Мұса, әнші Майра бейнелері терең танылады. F. Малдыбаев осылайша шығармаларының тәлімдік-тәрбиелік мәніне көніл аударып, халқымыздың рухани мұрасының үрпактан үрпаққа ұмытылмай жетіп отыруына өзіндік үлесін қосуды мақсат етеді.

Ақынның «Арқадан шыққан ақындар» өлеңінде өніріміз дін әнші, ақын ардагерлері жайында жыр толдғайды.

Киялым араласа Арқа бойын,
Шымырлап қоя берер тұла бойым.
Кезінде еркін жырлап кете алмаган
Халықтың ақындары сырын, ойын.

Арыстан, Шал, Есенбай, Нұркей, Тоғжан,
Құлтума, Орынбай мен Ақан, Біржан.
Өске, Майра, Бегәлі, Балуан Шолак
Бәрі де ән шырқасып, сауық құрган.

Солар гой жоғалтпаған әннің күшін,

Орнатып кетті бүгін ескерткішін
Әрі әнші, әрі ақын ардагерлер,
Бұл күні мактандысын біздер үшін.

Ақының шығармашылық мұраты туралы ой қозғайтын болсак, оның туындыларының тақырыбы, көтерген идеясы, көркемдік шеберлігі мен ой корытуы ерекше маңызға ие. Өйткені автордың шығармашылық шеберханасынан шыққан көркем туынды – оның сезім-күйінің, таным-зerdeсі мен өмірлік ұстанымының жемісі.

2 КОНЦЕПТ – КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Олемдік және қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоөзектік бағытқа бет бұруымен сипатталады. Әлемнің тұтас бейнесін тілдік бірліктер арқылы танымдық қырынан айқындауда «концепт» термині маңызды рол аткарады. «Концепт» терминінің теориялық негіздері шетелдік және орыс ғалымдары Н. Хомский, Дж. Лакофф, Г. Филлмор, Ю. Апресян, Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А.А. Залевская, А. Вежбицкая, А.Т. Хроленко т.б. зерттеу енбектерінде қарастырылып, олардың «концепт» жайлы ой-тұжырымдары концепті құрылымына енетін сөздердің мағыналық жактан өзара үйлесе келіп, негізгі өзек - тірек сөздің аясына шоғырлануынан туындайтындығын дәлелдейді. Зерттеушілер «білім, концептуалдық, концептуалды жүйе, когниция, когнитивтік үлгілер, вербалдылық, ментальділік, концепт, әлем бейнесі, концептілік өріс, ұлттық мәдени бірліктерді» когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары ретінде топтастырады. Атаптан ұғымдардың адам санасындағы әрекеттері, тілдегі көрінісі, сол арқылы «әлемнің тілдік бейнесін» тануға мүмкіндік жасау кабілеті туралы орыс тіл білімінде В.А. Маслованың енбектерінде жан-жақты қарастырылған [6, 16 б.].

Тіл білімі ғылымында *концепт* термині көнеден келе жаткан әрі жана қолданысқа ие болып отырган термин. 1928 жылы С.А. Аскольдов «Концепт және сөз» тақырыбында мақаласын жазғанымен, ғылыми ортада өткен ғасырдың ортасына дейін «концепт» термин ретінде қолданылмай келді. Ол тек XX ғасырдың 80-жылдары ғана ағылшын тілді ғалымдардың енбектерін аудару нәтижесінде кең қолданысқа ие бола бастады және ол бүгінгі күнге дейін зерттелуде. С.А. Аскольдов: «Концепт – бұл ойлау үрдісінде көптеген нәрсенің орнын баса алатын ой құрылымы», - десе [25, 155 б.], Е.С. Кубрякова: «...концепт пен ұғым адам түсінігі мен ойының (пайымының) әр түрлі аспектісімен арақатынаста болады» дей келе, «ұғым – ақыл ой-әрекетінің жоғары нәтижесі, белгілі бір логикалық түрде т.б. іске асатын объективті әрекетті бейнелеудің маңызды түрі болып табылады, концепт кеңінен түсіндіріледі, ұған оперативті сананың түсініктері, бейнелер, ұғымдар сияқты әртүрлі субстартты бірліктері кіреді», - деп түсіндіреді [26, 15 б.]. В.Н. Телияның түсіндіруінше, концепт – ол адам санасының, ой әрекетінің жемісі. Ол – құрылым, тілдің көмегімен кайтадан құрылады, жасалмайды [27].

Лингвомәдениеттанудың басты мәселелерінің бірі – мәдени ұғым, ондағы тектілік, ұлттық мінездің мәдени көрінісі. Бұл тұрғыдан келгенде, жеке тұлға шығармаларындағы ұлттық көрініс концептілерін зерттеу қызықты мәселелердің бірі болып саналады. Ұғым сөзінің бір түрлі түсінік, варианты болғанымен, кірме сөз «концепт» лингвомәдениеттанудың термині ретінде өз мәнінде орынды үйлесе қолданылады. «Концепт» логикалық термин болғанымен бүгінде тілдің барлық саласында қолданылады. Лексикологияда, әсіресе, мағына түрлерін, олардың мәнін ашуда бұл термин тұрактасып, кең түрде қолданысқа ие болады. Концепт – латынша *conceptus* – ұғым, түсінік дегенді білдіреді. Бұл термин философияда молынан кездеседі, өйткені ұғым, түсінік проблемасы философияның басты сұраптарының бірі. Сонда концепт логика – философиялық термин аясында қолданылып, өз шенберін кенейтіп, бүгінде лингвистиканың сөз айналымына енеді.

А. Вежбицкая: «концепт» ұғымы адамзат баласының ғалам туралы жинақталған мәдени ұғымдары бейнеленген және ғаламның тілдік бейнесін көрсете алатын атау ретінде танылады» [28, 85 б.] десе, В.В. Колесов концепті мағынаның «ішкі формасына» теңестіріп карайды [29, 52 б.]. Н.С. Новикова мен Н.В. Черемисина «концепт» сөзін былай түсіндіреді: «Тіл білімінде «ұғым» сөзі дәстүрлі түрде колданылса, «концепт» термині салыстырмалы түрде лингвистикалық терминология саласына жылқтағана еніп, жалпы және идиоэтникалық қарым-қатынаска қызмет ететін тілдегі сөз – ұғымдарды білдіреді [30, 40 б.]. А.Л. Бабушкин концептілердің концепт-схемалар, концепт-гиперонимдер, концепт-фреймдер, концепт-сценарийлер, концепт-инсайттар, концепт-калейдоскоп деген түрлерін жіктейді [31, 30 б.].

Яғни, концептің ғалам бейнесіндегі таным түсініктерді білдіретін күрделі құбылыс екеніне көз жеткіземіз. Ол экспрессивті, эмоционалды және бағалауыштық қасиеттерге ие күрделі ментальды құрылым. Адам коршаған ортаны тани отырып ол жайлы өзінің көзқарасын бакылау, әсер алу, сезіну, есте сактау, қиялдау т.б. психикалық іс-әрекеттердің нәтижелері негізінде қалыптастырады. Сыртқы ортадан қандай да бір акпаратты ала отырып, адам өзінің жадысында бар магұлматтың негізінде жаңа мағына немесе ұғым тұғызады және оны тіл арқылы бейнелейді. Осы тұста ескеретін жайт – тіл тек ойды жарыққа шыгарушы немесе қарым-қатынас құралғана емес, ол индивидтің кабылдаған акпаратын корытады, яғни, арнайы тілдік фреймдер жасайды. Соның нәтижесінде әрбір этномәдени ұжымның тілдік әлемін қалыптастыру үшін оның жадында орын алғап білім корын бір жүйеге түсіруге мүмкіндік тұғызады. Әлемнің тілдік бейнесі жеке адамның және қоғамның санасында туындаиды. Концептілік жүйе туралы айта келе, В.А. Маслова адам санасында қалыптасуының келесі кезеңдерін айрықша көрсетеді: бейвербалды және вербалды; өзгермелі (бұл оның бұрынғы білім коры мен жанадан алынған акпаратына байланысты), кисынды (бұл қасиеті санада концептілік жүйелердің жасалу жолдарымен байланысты) [6, 48 б.].

Когнитивтік лингвистика мәселелері қазак тіл білімінде А. Қайдар, Р. Сыздық, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев, Б. Калиев, Г. Смағұлова, Б. Момынова, А. Салқынбай, Ш. Мажитаева, Б. Ақбердиев, Г. Снасапова, М. Құштаева, А. Әмірбекова, Ж. Жампейісова, Б. Нұрдәuletова, Г. Мұратова, А. Ислам, Э. Сұлейменова, Ш. Еләмесова, Г. Әзімжанова, Э. Оразалиева, К. Құркебаев, Ф. Қожахметова, т.б. ғалымдардың енбектерінде әр қырынан зерттеліп келеді. Аталған ғалымдар енбектерінде концепт мәселесіне қатысты зерттеулер көркем шығармалар бойынша қарастырылып, концептілердің когнитивтік құрылымдарының анықталуы, концептуалдық талдаулар жүргізілуі ұлттық таным ерекшеліктерін айқындауға қосылған үлес екендігін көрсетеді. Бұтін бір ұлттың ой-өрісінің дүниетанымының ерекшелігін айқындауда зор маңызға ие концептілер ақиқат дүниені, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік беретін құрделі құбылыс ретінде танылады. Ол, яғни концепт – әлем бейнесін сипаттайтын тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы.

Латын терминінен сөзбе-сөз аударғанда «концепт» термині «ұғым» терминінің мағынасын бергенімен, оны сөз мағынасы, ұғым, сөздің ішкі формасы, семасы т.б. терминдерімен бара-бар қоюға болмайды. Себебі концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындағы «сөздер коры» (тірек сөздер), фразеологиялық, паремиологиялық құралдар арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер қолемінде танылады. Концептінің ұғымға қарағанда семантикалық жағынан бай болып келетіндігіне көз жеткіземіз. *Концепт* пен ұғыны ішкі формасы жағынан бірдей болғанымен, сыртқы көріністері бөлек. Ұғымды накты ұғынуға болады, оның аясы – тар. Кез келген сөз концепт бола алмайды, бірақ ұғым болуы мүмкін. Концепт адамның менталдық дүниесіне жақын, яғни мәдениетке және тарихқа да жақын, сол себепті де өзіндік сипатка ие. Демек, ол ғалам болмысын тану тәсілі болса, ал концептінің басты идеясы – әлемнің тілдік бейнесі. Концепт пен ұғымды олардың негізін, мазмұнын, қолемін салыстыру арқылы ажыратуға болады.

Концепт ұғымнан тұрады, бірақ денотативтік, коннотативтік компоненттерді, ассоциативтік байланыстарды қамтитындықтан тек қана ұғыммен шектелмейді. Концепт өзінің ішкі мазмұны мен функционалдық касиеттері бойынша ұғымнан әлдеқайда кен болып келеді. Сонымен катар, концепт болып табылатын лексикалық бірліктер саны жағынан шектеулі, себебі кез келген ұғым атауы концепт бола алмайды. Мәдени ортада маңызды орын алатын, макал-мәтедерге, тұракты тіркестерге, поэзиялық және прозалық шығармаларға арқау бола алатын, рухани және материалдық құндылықтарының символы ретінде жүмсалатын құбылыстар гана концепт бола алады.

Орыс тіл білімінің зерттеушісі А.П. Бабушкин бүгінгі қуні тілшілердің ұғым терминін сирек колданатындығын, оның орнына ғылыми ортада таным әрекетін білдіретін концепт терминінің жиі жүгінетіндіктерін көрсеткен болатын [31].

В.А. Маслова ұғым мен концепт терминдерінің айырмашылықтарын карастыра келе, екеуінің ішкі формалары жағынан ұқсас болғанымен, әртүрлі ғылыми бағыттарға тиесілі терминдер екендіктеріне назар аударады: ұғым – логика мен философияның, концепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымдарының термині деген тұжырымға токталады.

Ор халықтың концептілік бейнесі әр басқа болуы мүмкін. Әр деңгейдің, әртүрлі әлеуметтік органдардың өкілдері айнала коршаган заттар мен құбылыстарды өз жасына, өмірден түйген тәжірибесіне, білімі мен кәсіби іс-әрекетіне байланысты сана-сезіміндегі қалыптасқан ұғымдарды пайдаланып қабылдайды. Алайда адамдар әртүрлі тілде сөйлегенімен қандай да бір жағдаятқа байланысты бірдей, бір тілде сөйлегенімен әтүрлі концептілік бейнес түгизуы мүмкін. Бұдан келіп әлемнің концептілік бейнесін тудыруда жалпыадамзаттық, ұлттық, индивидуалдық түсініктер тығызы байланысып жатады деген тұжырым жасаймыз. Адамның танып-білгені оның санасында корытылып, тілде көрініс табады. Тілдік ортада өмір сүре отырып, адам танымдық жүйесін тек көпжылдық тәжірибесінің негізінде гана емес, сонымен катар, тарихи-коғамдық сипаты

бар жалпы адамзаттық және ұлттық тілдің көмегімен де байытта түсірі сөзсіз. А. Әмірбекова концептілердің санада танылу денгейіне карай, ақиқат дүниенің болмысы мен өзіндік ерекшелігіне карай метафизикалық, ұлттық-мәдени, эмоционалдық, контраст және калейдоскоптық концептілер деп шартты түрде жіктеуге болатынын аныктайды.

Метафизикалық концепт – ақиқат дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежелі құндылықтарын танытатын мәдени мазмұн. Метафизикалық концептілер сезіну, түйсіну әрекеті арқылы рухани құндылықтарды тану болса, *ұлттық-мәдени концептілер* – тек ұлттық танымдаған жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәдени құндылығын көрсететін концептілер.

Эмоционалды концептілер - адам санасынадағы эмоционалды, аффективті қөніл-куйі арқылы, ішкі сезімі арқылы танылады. Концептілердің әртүрлі ассоциативтік түсінікті танылу денгейіне карай контраст концептілер және калейдоскоптық концептілер болып топтастырылады.

Контраст концептілер – бірінсіз-бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір-біріне қарама-карсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы.

Калейдоскоптық концептілер - бір ғана ақиқат дүниенің санада әр алуан концептілік құрылымдарға салынып бірнеше концепт типтерінде (ойсурет, схема, фрейм) көрініс табуды [32, 11 б.].

Сонымен, концепт: дүниенің құндылықтарын танытады; санадағы дүниенің мәнін бейнелейді; тіл арқылы обьективтенеді; субъектінің білім денгейін танытады; белгілі бір ұлттың мәдени денгейі мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын ажыратады; тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындаиды. Концепт – адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі; білімді тарату, сактау және оны өндеудің негізгі бірлігі; белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы болып табылады [33, 20 б.].

Халыктың ұзак жылғы өмір тәжірибесі, санасында қалыптаскан образды бейнелері мен мінез-құлқы оның танымында таңбасын қалдырып отырады. Соның нәтижесінде адам санасында ассоциациялық ұғым қалыптасады. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жанадан кабылданған түсініктер арасындағы байланыс деген пайымдаулар орын ауда. «Концепт - этномәдени санада сакталатын, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттың мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. Жалпы, концепт философиялық тұргыда екі бағытта түсініледі: бірінші – рухани мәдениеттің өзекті сөзі, екіншісі – сөздің пайда болуына дәнекер алғашкы түсінік. Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондыктан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады» [7, 56 б.].

Жеке тұлғалық концептілерді жалпыұлттық концептілерден бөліп ажыратуға болмайды, себебі кез келген адам туып-оскен ортасының рухани құндылықтарын бойына сініріп қалыптасады. Мәдени ортада жетіліп, дамиды.

Осы ойымызға байланысты В. фон. Гумбольдттың пікірінше: «Любой носитель языка строит свое представление о мире не в силу своих самостоятельных переживаний и переработки мыслей, а в пределах закрепленного в понятиях языка опыта его языковых предков, который зафиксирован в мифах и архетипах; усваивая этот опыт, человек лишь пытается его применить и слегка усовершенствовать. В результате познания мира человеком создаются и новые понятия, фиксирующиеся в языке, который есть культурное достояние: язык есть «средство открытия до сих пор еще не познанного» [36, С. 37]. Әлемді танып-білудің нәтижесінде санасындағы ұғым-түсініктерді тек тілдің көмегімен жарыққа шыгаруға болады. Тілдің көмегімен тек мәдениетте бар нәрсені ғана көрсетіп коймайды, сол мәдениет аясында рухани құндылықтарды дамытады. өзінің жан-дүниесін де дамыта түседі. Бұдан шығатын корытынды – тіл – танымдық әрекетті

іске асыруышы. Әлемнің тілдік бейнесін бағамдауда концептілік ұрылымға негізделген тілдік категориялардың мағыналық өрісі айқындалады.

2.1 Ғалым Малдыбаев поэзиясындағы концептілік ұрылымдардың ерекшелігі

Ғ. Малдыбаев шығармаларында казак халқының ұлтық дүниетанымына қатысты әлемнің тілдік бейнесі қалай берілген? Ақынның тірек ұғымның концептілік мағынасын аштын жалпы концептілерді (жеке сөздер, фразеологизмдер, тұракты тенеулер, авторлық қолданыстар, мәтіндік/контекстік концептілер) көркем мәтін деңгейінде қарастырып, сол таңбаның когнитивтік болмыс-бітімін анықтау – негізгі мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Біздін пікірімізше, автор әлемнің тілдік моделін казактың ұлтық болмысын бейнелейтін «өмір», «өлім», «қайғы», «махаббат», «ашу», «табигат» т.б. концептілерінің аясында танытады. Соның бірі – адамзатқа ортақ, өмірлік мәні бар концептілердің бірі – “өмір” концептісі.

“Өмір” концептісі әқын өлеңдерінде негізгі тірек-бірлік болып саналады. Адам үшін ең басты құндылық, ең бағалы нәрсе – өмір болса, сол өмірді танып-білуде көбіне ұлттық сипат басым түсіп жатады. «Өмір» қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. Оның бірінші мағынасы - «өмір» дегенді білдірсе, екінші мағынасы – «адамның жасы, ғұмыры» мағынасын білдіреді, ол сайып келгенде, «уақыт», «заман», «тағдыр», «өлім» т.б. концептілерімен макрофреймдік қатынаста көрінеді. Әдетте, концептіге негіз болатын тірек сөз болады. Мысалы, «өмір» концептісіне «өмір» сөзі кілт сөз ретінде негізгі тірек ұғымын аткарады. Өмірді тану тәжірбесі «өмір» концептісін көркемдік түрғыдан бейнелеуінен көрінеді. Концептілік ұғымның ерекшелігі – оның ассоциация арқылы танылуында. Ақын өзінің таным-түсінігін, киялын, болмысын белгілі бір ассоциация арқылы береді. Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс болып табылатыны белгілі. Ассоциация арқылы

концепт калыптастыру тәжірибесі поэтикалық мәтінге тән. Ассоциацияның көмегімен жасалатын фрейм - құрылым деген мағынаны білдіреді. Фреймге «концептуалдық жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын карапайым формасы» деген аныктама беріліп, басты өзгешелігі ретінде «концептінің ең жақын семаларынан құрылуы және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік танбалар арқылы көрініс табуы» өзектеліп отыр.

М. Минский: «Фрейм - стереотипті ситуацияларды елеステуте арналған құрылым. Эр фрейм арқылы әртүрлі ақпарат ассоциацияланады» - деп көрсетеді. Н. Уәли М. Минскийдің берген аныктамасына сүйене отырып, фреймдік құрылымның фреймдік емес құрылымнан басты айырмасы ретінде олардың «санада бұрыннан тіркелген стереотип ситуациясы және оның бұрыннан аталып қойған екінші таңбасы, тілдік таңбасы» болуына ерекше мән береді. Ассоциациялардың жай жинағынан фреймдердің айырмашылығы, олардың өздері ассоциациялапатын қандай да болмасын концепт жайлы негізгі, арнаулы және барынша кен мағлұматтарды иелену мүкіндігінде» десе. В.Б. Касевичтің пікірінше: «лингвистика ғылымының бүгінгі даму деңгейінде ғалымдар концепциясы бойынша, ақпараттарды ұйымдастырудың маңызды әдістерінің бірі болып саналатын тіл көбінесе фреймдер жүйесін білдіреді» - дейді [37, 25 б.].

«Өмір» концептісі Е. Малдыбаевдың тілдік тұлғасында аса жиі қолданылатын лексикалық бірліктің бірі. «Өмірдің» бір компоненті, макрофреймдік катары *дүние*, *тагдыр*, *заман* поэтикалық нұскаларымен жиі беріліп отырады. Ақын өлеңдерінде «Өмір» концептісінің құрылымы: *Өмір-тагдыр*; *Өмір деген - атын тұғыр*; *Өмір - қонақ*; *Өмір - тірлік*; *Өмір - есқі мен жағаңың откелі*; *Өмір-керуен т.б.*

Ол кейіпкерлерінің катал тағдырын көрсетуде төмендегі концептлерге жүтінеді: *Өмір-тағдыр*: *Сүм тагдыр шырында тақып бишарапы*; «Тагдыр» - халықтың концептуалды дүниетаным әлемін калыптастыратын сананың маңызды категорияларының бірі. «Тагдыр» концептісі - өмірлік мәні бар адамзатқа ортак концептлердің бірі [38, 59б.].

Тағдырға философиялық сөздікте берілген аныктамада: «Тағдыр – адам ғұмырындағы барлық жағдайларды алдын ала, пешенесіне жазып қоятын табиғаттан тыс күш туралы діни мистикалық түсінікті білдіретін ұғым» деп тұжырымдалған [39, 409 б.].

Қазак тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде «тағдыр» сөзінің синонимдік катарлары: құдірет, бұйрық, жазмыш, жазу, пешене, мәндай, бак, салым сиякты сөздердің мағыналарының барлығы бір-біріне жуық екені көрсетілген. Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілерінің бірі, әрі қазак дүниетанымында да басты орын алады. Ислам бойынша, тағдыр Алланың жазмыши, яғни адамның өмірінде болатын жағдаятты алдын-ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам құнделікті санада ешбір карсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адамның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік еткені үшін Құдірет сый көрсетеді деген сенімге байланысты. Осында түсінік негізінде құдайға сенуші жалғаннан - өмірден тұнілмей, оның сәтті де, бақытты кезеңдерін күтіп. «тағдырдың» келенсіздіктерін шыдамдылықпен, мойымай басынан өткізеді. Қазактың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ашысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екені сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойында, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде кабылдайды. Тағдыр көп ретте өмірдің адам баласының мойнына артқан жүгі ретінде танылады. Сол жүкті әркім әрқалай қабылдайды. Біреулер мойындағы жүкті көтере алмай жатса, өз өкініші мен өкпесін «өмірден, тағдырдан» көреді. Мәселен, «бұл тағдырға не қылдым?!» «Тағдырға мынау не шара» - деген секілді күйініші мен назын катар айтады. Демек, «тағдыр» концептісінің философиялық аспектісі тілдегі адам басындағы ауыртпалық, мәндайға жазылған тірлік, пешенеге берілген бұйрық, жазмыш,

тылсым күштің әмірі, т.б. секілді когнитивтік фреймдермен беріледі [40, 73 б.].

Ғалым Малдыбаев шығармаларында танылатын «өмір» концептісі кейіпкерлерінің тағдырымен өзектес, олардың қөніл-күйлерімен, күйзелу, мұн, аянышты тағдырларын танытатын ұғымдармен байланысты алынған. Ол негізінен «Қырым қызы», «Шахтер» поэмаларында жиі көрініс береді, көбіне «қызындық», «ашу», «ажат» концептілерімен астасып жатады да мынадай фреймдік құрылымдарға жіктеледі:

Өмір-конак: *Tірлік-қонақ, кімдер мәңгі тұрмакшы;*

Өмір-катыгез: *Арзының омірі тас, серігі тас;*

Өмір-меніреу тұрмыс: *Алды жасар, арты тұйық меніреу тұрмыс; Жедізіп тар тұрмыстан күдер үзгіз; Камады қасқыр болып тұйық омір;*

Өмір – коғам: *Болғанды қоғам дауыл бүркүраган, Мұстата қаңбақ болып түскен орға;*

Өмір – заман, дәүір: *Ысқырған айдаңардан ол бір заман; Тұнені түрімен жүтқап дәүір; Бұл дүние кошіп кетер керуен болып т.б.*

Ақын өмірді бірде қаұмалаган қасқырга баласа, бірде ысқырған айдаңармен салыстырады. Қазак танымында өмірдің баянсыз, тұраксыз, кайрымысыздығы жайында жиі айтылады. Дүниенің әділетсіз, катыгез қоғам ретінде қабылдан, адамның онын алдында шарасыздығын, дәрменсіздігін мойындайды. Солай бола тұра жақсы өмірден үміт қүтеді, жарқын болашаққа сенім артады. Ұлттық менталды түсінікті өз бойынан өткізе отыра, ақын поэмаларының өн бойында «өмір» концептісінің тезаурусын мына синтагмалардың танымдық құрылымында ашады: сүм омір, қонақ омір, меніреу омір, қатыгез омір, омір - дауыл, омір - теңіз, омір - керуен, омір - откел, омір - айттың тұғыры, омір - күрес, омір - үміт, омір - сенім т.б.

Ақын өлеңдеріндегі “өмір” концептісі адам өмірінің құнделікті кажырлы енбегі, кайратты білегі мен еліне жасайтын адал қызметі сияқты семантикалық өрісте нақты көрініс алады.

Ғ. Малдыбаевтың поэзиясындағы «Өмір» концептісінің бейнелі сипатын талдай отыра, ақынның кең арналы лирик-ақын екендігіне көзіміз жете түседі.

Өмірдің құндылығын, мәнін анықтаушы – өмірмен диалектілік бірлікті құрайтын өлім, сондыктан өмірге қарама-карсы ассоциативті концепт - «Өлім». «Өлім», «Өмір» макроконцептілері ажырамас жұп құрайды және олар өзара бір-біріне қарама-қайшылықтагы керегар құбылыстар. Сонымен «Өлім» концептісінің ішкі құрылымында «о дүние – өлім» архетипі, «мәңгілік сапар» мифологемасы сақталған. Ол теологиялық түсініктегі «ахиреттік сапар» деген ұғымды білдіреді. Қазак поэзиясында “Өлім” концептісін білдіруде тенеудін образы ретінде көбіне – *күн тұтынды, ай сонді, тау тұнерді, толқын тұлады*, жер қайғырды деген сиякты ой-суреттермен беріп отырған. Этностиң таным дүниесінде «өмір мен өлім» - бір-біріне қарама-қайши, кей жағдайда бірінің орнын бірі толтырып отыратын, егіз ұғым, бинарлық жұп болып табылатын құрделі философиялық категориялар. XV-XIX ғ.ғ. ақын-жыраулар поэзиясында орын алған [38, 11 б.].

Ақын шығармаларында «Өмірдің ақыры - өлім» моделі әр қырынан сипатталады. Жалпы өмірдің физиологиялық тұрғыдан аяқталуының, өлімнің келгендігінің белгісі «канның ағып кетуі» (mezgілсіз өлім) түсінігімен берілуі жи кездеседі. Оның үстінінек катал тағдырдың ырқынан шыға алмаған кейіпкерлерінің басынан кешкендерін суреттегенде «Өлім» концептісінің көрінуі де түсінікті. Көбіне ақын өлім ұғымын «иек қакты» эвфемизімен беріп отырған. Қазак этносының дүниетанымы мен тілінде *олім* сүйк сөз болып саналады, сондыктан өлім құбылысын тікелей атамай, оның орнын эвфемизмдер арқылы ауыстырып қолдану жи орын алады. Сол себепті *олім* деген ауыр құбылысты жұмсағып қолдану арқылы, санаға түсетін салмақты женилдетіп береді. Мысалы, *Каны ағып, сүйретіліп, иіскеі беріп, «Қош, Арзы, Аман бол!»* - деп иек қақты. Бұл жерде «иек қакты» эвфемизмдік тіркестің шығу себебінің де негізі бар, яғни, жаннның тәннен белініп шығу сәтіндегі физиологиялық

құбылыстың поэзия тілінде көрінуі автор колданысында көрініс береді.

«Өлім – коркыныш» моделі дәстүрлі бейнемен суреттеледі. Өлім үрей туғызатын жылан кейпінде сипатталып, өлім ұғымының көтерлі, коркынышты құбылыс ретінде көрініне әсер етіп, мағынасын кеңейтіп, қүйінү, жабырқау сияқты эмоция ренктері арқылы объективтенеді: *Мойнына ажал жылан оралғанда қара жылан*. «Өлім» концептісін беруде әдетте «қара» түсі жиі колданылады. «Қара» лексикалық бірлігі казак халқының ұғымында өлімді, қайғы-касіретті, азаны білдіреді. «Қара жамылды», «қаралы үй» тұракты тіркестері осындай салт-дәстүр, ұғым-түсініктерден қалыптасқан болуы керек. Ұлттық танымның поэзия тілінде көрінуі осындай тілдік колданыстардан ангарылады. Концептілік мәнгеге ие доминант көбіне-көп ажал мен өлімнің жағымсыз кейпін бейнелеп көрсетуге иетізделеді.

Галам бейнесіндегі «өлім» концептісінің құрамдас элементі - «ажал» лексемасы. «Ажал» өлімге қосымша экспрессивтік мән беретін құбылыс. Ажал мен өлім – адамның табиги омірін тоқтататын құбылыстар. Солай бола тұрса да екеуінің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Өлім – болмай коймайтын пакты құбылыс. Ажал, қаза – кенеттен, кездесок болатын құбылыс. Адам қарапайым өмірде өлімнің акыры бір болатының сезсе, ажал немесе қаза оқыстан келетіндіктен, оған даяр болмайды. Сол себепті ажалдың қайғысы ауыр қабылданады.

Фразеология саласында зерттеу жүргізіп жүрген ғалым К. Смагұлова фразеологизмдердің ішкі мағыналық ренктеріне назар аудару барысында осы екі сөздің мағыналарына түсініктеме берген: «Өлім-жітімге байланысты мағыналас фразеологизмдердің тілімізде сакталған тіркес түрлерінің мазмұндық жагы жалпы болғанымен, ішкі мағыналық формасындағы дифференциациялар кайран қаларлық топтарға жіктеліп кетеді. Қазақ «өлім бар жерде қаза бар» деп ескертеді. Алланың ак бүйректы өлімі бар да, кенеттен қапылыста

болатын каза бар. Эвфемистік, кейде дисфемистік тұрғыда айтылған тұракты фразеологиялық тіркестер катары соншама мол, әрі сипаттау әдісі де сан алуан» [41, 30 б.] - деп эвфемистік мағынада айтылатын фразеологиялық тіркестердің қолданысына түсінік береді.

Ғалым Малдыбаев шығармаларында көрінетін сөз мағыналары, оның сөздік қоры, сөздік құрамы яғни концептуалдық әлемін танытатын концептілер жетерлік. Ақынның тұлға ретіндегі танымы осы концептілік құрылымдар, яғни, метафоралық бейнелер арқылы танылады. Концепт тудырудың метафоралық жолы – көркем ойлаудың нәтижесі деп түсінуге болады. Метафораның жасалу тетігінде бұрыннан белгілі сөздер мен жана мағына жасайтын сөздер салыстырылып, ассоциацияланады, түрлі логикалық жолмен тың мағыналы жана тіркес пайда болады. Құнделікті жалпылама қолданыстағы сөз ерекше көркем ауыспалы мәнге ие болады. Нәтижесінде жеке авторлар қолданысындағы метафоралар дүниені тануда қалыптасатын поэтикалық күшке ие болған сөздер ретінде қабылданады.

Ақынның тілдік тұлғасында қайғы семантикасының лингвокогнитивтік денгейі терендей түседі. Қоғамдық-әлеуметтік мәселені қозғаған, кедейлердің ауыр түрмисын, әйел тағдырын жырлаған поэзиясында «қайғы» концепті адамның күйінішімен, шерімен, уайымымен бір мағынада жұмсалады. Ақын поэзиясының концептуалды әлемінде «қайғы» концептісі субъективті дүниетаным нәтижесі ретінде жүйеленген. «Қайғы» концептісінің – «уайым, қасіret, мұн, шер» семаларымен анықталатын мәні әр адамға ортақ концепт болып табылады. Сондықтан ол ұлттық ерекшеліктері бейнені де, дүниенің жеке авторлық қабылдауындағы бейнесін де танытады. Ақын шығармалары бойынша «қайғы» концептісін шартты түрде мынадай когнитивтік модельдер арқылы көрсетуге болады:

Қайғының салмағы зор. «Ah» десем отты җалын шашыраиды, Aï-Petri тауымен тең жүрек шері. Ақын өзінің поэтикалық дискурсына тау, теңіз сөздерінің «дүлей күш» немесе «ғаламат зор» семаларын тірек еткен. Осылай ой-образға

күрүлған қайғы концептісі, ақын танымында динамикалық тұнымсыз қозғалыста, іс-әрекет үстінде болады. Қайғы тіршіліктегі көздесетін мұн-шерге байланысты қозғалып, түрлі сыртқы әсерлерге байланысты асқына түседі. Уақыт өткен сайын адам бойындағы қайғы да ұлғая түсіп, салмағы арта түседі. Мысалы, *Ай-Петри қара тасты котергендей*, *Қайғыдан жүре алмаймын белім үйіп*; *Телегей теңіз жасым шын түңешік*; *Күйнігап бұлақ болып көздің жасы*. Тагдырын ашы тауқыметін мол тартқан Арзы ару мен шешесінің мүшкіл халі, қалың қайғысы – «телегей теніз», көздерінің жасы – «күйнігап бұлақ» ойсуреттері арқылы танылады.

Қайғы - азап уы. *Қайғыны сусын қыстып үштішті*; *Қаш жеңтікап қайғыменен жетім қызың*; *Қайғыдан қансырағап Арзы ару т.б.* Қайғы жан азабымен, іштегі шермен бірге өрілетін адамның сезім-күйі. Оның үстіне бірде кан жұтқан, бірде қансыраған жаниның сонша қайғыга берілуі кейіпкердің азабын одан сайын күшейтіп, аяныш сезімін туғызады. Берілген концептілер шығарманың мазмұнын ашып, ой жетелеуге қызмет аткарады. Ақын «қайғы» концептісін беруде жылау, зарлау, мұнау, уайымдау, күйзелу, жабығу, тұн, бұлт, дауыл, тау, теніз деген сиякты сөздердің ассоциативтік өрісіне жүгінеді.

«Қайғы» - казак тіліндегі құрделі эмоцияны білдіретін-мазмұны терең, магыналық өрісі құрделі концепті болып табылады.

Ғалым Малдыбаев өзінің шығармаларында сомдайтын кейіпкерлерінің ішкі толғанысын, жан азабын алдынғы катарға шығарады. Олардың тағдыры, сезім-күйі экспрессияны туғызбай коймайды. Сондыктan поэмаларында эмоционалды концептілер категориясына енетін «Ашу» концептісінің фреймдік құрылымдары мейлінше мол жұмсалған. Мысалы: *Долданып озін-озі шашын жүлдө*, *Бұрқанып оз маңдағын озі үрдө*, *Қанталап екі козі оттai жанды*; *Үрләдө дүниемді қандай доңыз*, *Жау қайда, ішем қанды, ішем қанды*; *Бойларын ашу керінеп дірілдепті*; *Жарагап бурадай бол екігеніп*; *Тұтіккен қабактары қаны қайнап*; *Кіжініп жұмысшылар тасынады*; *Бұрқаноды бурадай бол қылмай тұрақ*. Осындай қайнаған ашу-

ызыны білдіретін өлең жолдары қазақтың ұғымына, танымына сай түсініктермен шебер суреттеген. Соның нәтижесінде ақын өзгеше бітім-болмысымен, көркемдік қуатымен көзге түсетін, бейнелеу машиғымен ерекшеленіп тұратын жыр-дастандарын дүниеге әкелді.

F. Малдыбаев поэзиясындағы ұлттық-мәдени құндылықтарды көрсететін концептінің бірі – Табиғат. «Табиғат» концептілік құрылымы ақынның поэтикалық дискурсында қазак халқының өмірін, шаруашылығын табиғатпен біте қайнасқан тыныс-тіршілігін объективтедіреді. «Табиғат» концептілік құрылымының басты максаты – адамның бейнесімен тығыз байланысты болып келеді.

«Ақынның өлең шыгаруы үшін ел басына түскен үлкен окига, дау-жанжал, қырғын соғыстардың болуы тағы міндет емес. Ақын поэзиясының азығы – құнделікті өмір, өз айналасы, өзін қоршаган табиғат, сондыктан ақынның тақырып еріci еркіндеу» [42, 145 б.]. Демек, ақындар жыраулар секілді ірі әлеуметтік тұлға емес, олар қарапайым халық ішінде жүріп, олардың құнделікті тұрмысын, өмірін жырлайды. Осыған катысты ойын айта келіп, академик Р. Сыздық «мұның тіл үшін үлкен мәні бар» деген ойын түйеді.

Табиғатты тұған жерден бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Себебі бар несібесін жер-анадан, табиғат аясынан алып отырган халқымыз табиғатпен үндестікте өмір сүре білген. Табиғат көріністеріне тәнті болған ақын тұған жерін ерекше махаббатпен шабыттана жырлайды. Жалпы F. Малдыбаев табиғатты суреттегендеге өзінің сезім-күйінің, не баяндап отырган окиғасының негізгі фоны ретінде жиі пайдаланады. Өзіндік сезімін білдіретін туындыларында өскен өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілігін суреттейтін өлең жолдары ақынның жүрек лүпілін, көніл көкжигін айқын білдіреді. Лирикалық шыгармаларындағы «табиғат - тұған жер» концептлерінің құрылымы:

Тұған жер - ата-ана;

Тұған жер - тың дала;

Тұған жер - сұлу тоғай;

Тұган жер - қарақатты, мойылбасты, жемісті, шөпті, іісті, келісті тогай:

Тұган жер - сары теңіз Сарыарка;

Тұган жер – қызыл гүлді Қызылжар т.б.

Еліміздің солтүстігін алып жаткан егінді алқапты, жемісті тогайды жырларына қосып жырлау осы өнірде туып өсken ақын-жазушыларға тән ерекшелік. Кір жуып, кіндік кескен туған жерінің байлығын, жанға жайлышыны шынайы көрсететін тіркестерді ақын шығармаларында барынша мол жұмсаған.

Ақын әдеби шығармада көркем ойлаудың ажары ретінде, жаңы есебінде, образдық-метафоралық жүйесінің аркауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады. Суреткер табиғаттың алуан-алуан кескін-келбетін кейіпкер басындағы куанышты, шаттықты я болмаса шерлі, мұнлы құйлерге ынғайтап отырады. Көркем пейзаж жасау суреткердің дүниетанымының көндігіне, рухани және материалдық мәдениеттерін жете білуіне байланысты.

Галым Малдыбаев көбіне табиғатка – адам бойында кездесстін касиеттерді беріп, суреттеп отырған оқиғасының мазмұнымен, кейіпкерлерінің көніл-құйімен үйлестіре жырлайды. Мысалы: *мейірімділік таптыту* (күздағы қайын, емен жапырағы гашық жандай жымындаиды; жұлдыздар ымдасын, көзін қысады; құашу (бұлғандап гүлдер алақанын согады); *маңжырау* (құн батып, тау қалғиды, жел тыныгады); *оітақылану* (кок толқын желкеден бірін-бірі тартып қашады, жел сыйырлайды, секіреді; *ашуланып-ызатату* (ызалы Қара теңіз косіледі, аласұрады, долданады, ышкынады, тұзды су тулап ағып есіледі, тау-тасты ішке теуіп сырғытады; жел сатыр-сұтыр тулайды); *қайғыру* (Жер - көктің көкірегі күніренеді, күрсініп кок толқындар тулайды, Құн сөніп, ай тұтылады, дүние мұнлы қүйтеп сініп, кайғыдан дем ала алмай іштен тынады) т.б. Кеңірілген тілдік деректер бір жағынан, «Табиғат» концептілік құрылымының тезаурусын түзсе, екінші жағынан, табиғат пен адам арасындағы мәнгі байланыстың тіл арқылы көркем әрі шынайы жеткізілуінің көрінісі деп санаймыз.

Тіл – ұлттың айнасы десек, сол ұлттың айшыкты тілі көркем шығармаларда да көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шыныайы болмысын бейнелей алады. Ұлтты құраушы – жеке тұлға болса, жеке тұлға бүкіл бір ұлттың бөлшегі. Бірінен бірін ажыратып алу мүмкін емес, себебі белгілі бір ұлттың болмысын, дүниетанымын жеке адамның тілдік колданысынан байқаймыз. Соның нәтижесінде тіл – мәдени акпаратты, ұлттық салт-дәстүрді, рухани құндылықтарды бойына сактаушы және оны келешек ұрпакқа жеткізуші қызметін аткарады. Ақының тілдік колданысындағы концептілерді талдау оның өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдарын аныктайды.

Концепт жеке тұлғаның ғаламды тану тәсілі десек, F. Малдыбаевтың концептуалдық ғалам бейнесінде айрықша орын алатын «махаббат» концептісі эмоционалдық және мәдени концептілердің белгілерін иеленіп, вербалданады. Ақын нені жырласа да, гашыктықпен жырлайды. Оның танымындағы *махаббат* – туған табиғатқа, жер-анаға, оз ұлтына, елінің тағдырына деген сүйіспеншілігімен ажырамастай байланыста.

Махаббаттың модельдері ақын мәтінінде төмендегідей түрде көрініс табады: а) туған елге, туған халқына деген сүйіспеншілік: «*Ата-анам - менің сүзү туған дағам, Тойыңды құттықтауга келдім сағап. Ақындық ақ жүрекпен маҳаббатты, Қолыңды қысам, қарттар, үл-қызы, бағам*»; «*Мен де елімнің тынымысız бір ұлымын, сол ел үшін бар тілегім, үгымым. Коркейе бер, ғұлдене бер әрдайым. О, қадірлі менің аттың тұғырым*»; «*Отанымның үргасы, Жеткіншегім оренім*»; «*Аяулы елім, маган қалам алдыраған. Ұлым, қызыым, келешек жасағалдыраған*»; «*Тұған жерім-тың даға. Тыңда оскен мен баға*»; «*Шіркін даға, қымбат бесік қандай кең. Құшагыма сыймайды ала кетер ем*»; «*Ерке Есілдің оңірі – Ет-жұрттыңның өмірі*»; «*Мен-дағы сен ғұлденсең ғұлденемін. Құлдырат қүннен-кунгे тұрленемін. Қайғыраң, қапалапсаң ортақ болам. Құтсаң сенен бұрын мен құллемін*»; «*Қаралым қарақат коз қазақ қызы, Тұсым, жарқыраған жер жүздөзізы*», «*Қызылжарым, аттыңжарым, қылбатым, Бесілдімдей козіме ыстық сымбатың*» деген жолдардан ақынның бар болмысын, ыстық

жүргі мен туган еліне деген зор махаббатын сезінеміз. ә) туган жердің табиғатына деген сүйіспеншілік: «Ерке Есілдің оңірі – Ет-жүртімың омірі»; «Есілім мениң көк озен, Ырысымың тасыған»; «Күнде барсам қалың тогай ішіне, жолтыққандай болам қымбат кісіме»; «Қараңдары: тогай қыздай корікті» т.б. «Табиғат лирикасын жырлауда Ғалым Малдыбаевтың бір ерекшелігі – ақын айналадағы құбылысқа тебіреніп қана қоймайды, сол құбылысты адам көнілімен, еңбекпен ұштастыра байланыстыра жырлайды», - дейді профессор Мырзатай Сергалиев.

б) ақынның балаларына деген махаббаты «айналайын, кеудемдегі жүргегім, елжірдейді шыбын жаным» деген эмоциялы сөздерінен анық байқалады. в) доска, бауырласқа деген рухани махаббат. Ақын шығармаларындағы махаббат түрінің бұл корінісі оның С. Мұқановқа арнаган өлеңдер циклінен, яғни, «Қайран бауыр», «Ағасың» және «Өссін досым ұрпағы», «Комбайыншыға хат», «Кел, туыскан!» т.б. өлеңдерінен аңгарылады. г) ғашықтық сезімін бейнелейтін суретті жолдар автор шығармашылығының көлемді бөлігін қамтиды. Ақын шығармаларынң танымдық мазмұнына негіз болған ғашықтықтың концептуалды фреймдер жүйесін байлайша корсетуге болады: дерт, азап шегу, адалдық, жар үшін құрбандыққа бару, азапты жол, сағыныш.

Ғалым Малдыбаев қай шығармасында болмасын әйел-ана бейнесінің қадірін арттыра түседі. Автор әлемнің тілдік моделін қазактың ұлттық болмысын бейнелейтін «әйел» концептісі арқылы көбірек танытқан. Өз шығармаларында жазушы әйелдердің ішкі дүниесін, сезім әлемін, тағылым аларлықтай қадір-қасиетін терең суреттеген.

Оз поэмаларында ақын көбіне әйелдердің ішкі дүниесін, ауыр тағдырын, жан азабын суреттеуде шеберлік танытқан. «Әйел-қайрат, жігер, батылдық» моделі шығармада: «кайғырма, жайына жүр, жолың әне, қосылmas үш қайнасан маган сорпан; Бұланға деген сұлу: «Жалынбаймын, корласан дауыл құнгі жалындаймын» деген жолдармен берілген. Ал «әйел - шыдам, тозімділік» деген танымды: «сүрініп бірде

құлап, бірде тұрып, кирандаپ, бұратылып, мың жығылып, шарлады дала-қала алаптарын, күркілдеп, шұбатылып, дымы құрып»; «көпестің есігінде жүрді Зейнеп, көтеріп тағдырдың зіл кара тасын»; «шан жұтып, тас кеміріп Арзы өсті, теңізін тауқыметтің әбден кешті»; «түріктер содан кейін сойып жесін, козыдай көтөндегі тұрган мені» деген жолдар айғактайды.

Әйел концептіндегі «әйел - ар, ададық» моделін: «айнымас ак жолынан Арзы берік, жарым бар жаны бірге жастай өсken», «пышак сап буынсызға қылма кіnә»; «әйел-сұтустық» моделі: «бұралып қынай буды қыпша белді»; «барқыт шаш, акку мойын, уыз білек, ак еті сонардағы ұлпа қардай» т.б. айшыкты жолдармен беріліп, әйел, ару бейнелерінің концептілік құрылымын танытуға негіз болады.

Ақынның тілдік тұлғасын тану оның тек көркем мәтіні гана емес, тұтас шыгармашылығы негізінде жасалатын дискурсы арқылы жүзеге асуы тиіс.

Тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін когнитивтік және прагматикалық денгейлерде қарастыру Ғалым Малдыбаевтың бір жағынан ақын, жазушы, публицист, қоғам кайраткері, журналист болып табылатын нақты тұлға ретінде, екінші жағынан психологиялық, философиялық, эстетикалық біліммен қаруланған ақын, суреткер ретінде тануымызға негіз болады.

2.2 F. Малдыбаев поэзиясындағы авторлық метафоралардың когнитивтік сипаты

Метафора – бейнелі ойлаудың жемісі, дүниені жан-жакты түрде көркем тану құралы. Метафора астарлы, жасырын ұғымға негізделеді, яғни әр метафораның бойында жасырын код болады, сол жасырын кодтың кілтін ашып, түсініп-білу адамнан асқан шеберлік пен үлкен ой құшін қажет етеді.

Сөздіктерде метафораға берілген анықтамада: Метафора – екі нәрсені, құбылысты салыстыру, жанастырып-жақыннату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Метафораның кейбір түрлері теңеуге жақын. Бірақ

тeneудегідей екі нәрсені тенеп, салыстырудан гөрі олардың арасындағы ұқсастық-жақындықты, сезім-әсер жалғастығын тірек сту басым болады. Қебінесе сондай екі нәрсенің бірі айтылып, екіншісіне әмеурін жасап, сездіреді. Метафораның бейнелі көркемдік сипаты, әсіресе, әдеби шығармалардағы үлгілерден айқын байқалады. Ол –сөздің бейнелілік, суреттілік касиетін арттыратын тіл құралдарының бірі [43, 140 б].

Создін метафораланып қолданылуы – поэзия тіліне тән. Метафораны зерттеу әлем лингвистикасында ерте кезден басталады. Грек ойшылы Аристотель метафора туралы былай дейді: «Метафора сөз мағынасының текten түрге, түрден текке, немесе түрден түрге, я болмаса ұқсату негізінде өзгеруі» [44]. Батыс ғалымдары А. Ричардс, Ф. Уилрайт, Макс Блэк, Дж. Лакофф және М. Джонсон метафораның қыр-сырын анықтауда өзіндік үлестерін қоссан. Метафора туралы А. Ричардстің пікірі: «Біз метафораны қолданғанда, санамызда екі түрлі зат туралы екі бөлек ой болады және сол ойлар бір сөздің немесе сөз тіркесінің ішінде өзара байланыска түседі. Осы байланыс нағијесі - жана мағына» [45]. В.Г. Гак, В.Н. Телия, Н.Д. Арутюнова метафораның аталымдық-когнитивтік маңызына баса назар аударады. Шынайы болмыс заттары мен құбылыстарын өз білім коры мен түсінігі арқылы өлишен, тану - адам санасының антропоөлшемдігінің бір көрінісі. Метафораны тіл білімінде зерттелуін қарастырганда, олардың бірнеше бағытта жазылғанын көреміз. Батыстың лингвистикалық бағытында субститутивтік, салыстырмалы, интеракционистік және когнитивтік метафора теориясын атайды. Когнитивтік бағыт метафора мәселесіне мұлде өзге қырынан келуді алға тартып отыр. Метафораның когнитивтік түргыда қарастырылуы адамның коршаған әлемді кабылдауымен байланысты. Когнитивтік метафора теориясы бойынша «ауысу» жекелеген атау емес, бүтін концептуалдық құрылым (схема, фрейм, модель, сценарий). Метафораның дамуы үлттық ойлаудың негізінде жасалып, жеке тілдік түрлінен әлемдік құбылысты ассоциативті кабылдауымен байланысты. Осыған орай, метафораның концептуалды қызметі,

тұрларі мен ерекшеліктері айқындалады. Жеке тілдік тұлғаның жасаган балама бейнелері жалпыхалықтық қолданысқа ауысып, кен таралуы мүмкін. Мысалы, Абайдың *жүректің кіті*, *дүние есігі*, *жастықтың оты* деген сиякты бейнелі тіркестері тұрақты сипат алып көркем әдебиетте белсенді жұмсалуда.

Ғалым Малдыбаевтың тілдік тұлғасындағы әлемнің тілдік суретін беру үшін алынған тың метафоралар жана концептуалды мазмұнда өз бояу- ренкін аша түседі. Образ, характер жасау, қаһарман көніл-күйінің өте нәзік жактарын суреттеп көрсету, детальдар арқылы көп ойды аңғарту - акын мақсатының бір қыры болып табылады. Тілдік қолданыстағы метафораның, көбіне, жасалуы жағынан екі түрі кездеседі. Бірі - бүкіл халықта түсінікті, *турақты метафора* болса, екіншісі - әлі халықтың сипат алмаған жеке қолданыстағы метафоралар. Ф.Малдыбаев шығармаларында осы тәсілдің екі түрі де қолданыс тапқан. Сондай-ақ, қазіргі тіл білімінде тілдік метафораны сөйлеу тілінде мейлінше жиі жұмсалатын көркемдік тәсілдердің біріне жатқызады. Әдебиет теориясында көркемдік қызметіне қарай: құрделі, ұлғайған, поэтикалық метафора болып бөлінеді. Құрделі, ұлғайған метафоралар жасаудағы максат - сөзді құбылту арқылы ұғымды тереңдету; ой образын үстемелей, өсіре келе оның әсерін күшету. Әдебиет зерттеушісі Қ.Жұмалиев: қазақ әдебиетіндегі метафоралардың жасалу жолын бес түрге бөліп карастырады: 1) метафораның жай тұрі; 2) құрделі немесе ұлғайған метафора; 3) жалғаулар арқылы жасалатын тұрі; 4) көмекші етістік арқылы жасалатын метафора; 5) «бейне бір», «тен» деген сөздерімен жасалатын тұрі [46, 216 б.].

Ақын шығармаларында қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) мол орын алған. Бұлай болуы занды да. Өйткені ақынның көркемдік санасын құрайтын негізгі факторлардың бірі метафора екендігі белгілі.

«Метафора – танымдық процесс. Осы кезге дейін метафораның тілдегі бұл қызметіне тиісті көніл бөлінбей келеді. Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі. Кез келген метафора танымдық қызмет аткарады деуге болады. Оның

бейнелілік, көркемдік сиякты қасиеттері мен қызметтерінен гөрі адам ойлауы мен тілінде танымдық қызметтің үлес салмағы басым» [47, 17 б.].

Осы ретте Фалым Малдыбаевтың колданған метафоралары танымдық, бейнелі мағынады жұмсалады деуімізге негіз бар. Акын тіліндегі метафоралар семантикалық уәжділігі жағынан екі түрлі нәрсенің (олар өзара іргелес, ұксас немесе қарама-қарсы, кейде мүлде катысы жок болып келеді) катар алынып, бір нүктеде ұштастырылып берілуі негізінде жасалған. Семантикалық уәжділігі жағынан шығармаларының сюжеттік желісінің негізінде эстетикалық, тәрбиелік қызмет атқара отырып, ой дәлдігі, мағына айқындығы үшін колданылған. Сонымен акынның колданатын көріктеу құралдары ойын әрлендіре, нәрлендіре түсіп, шығармаларының ішкі-сыртқы ажарына ажар косары даусыз.

«Себепсіз метафоралы тіркес пайда болмайтынын ескерсек, онда кез келген метафоралы тіркес мағынасында сол тілде сөйлейтін ұлттық таным білімі байқалады. Тіл - жанды дүние десек, оған қан беретін, нәр беретін осындағы танымдық ой – сананың тереңінен шығатын метафоралар» [47, 91 б.], - деген тұжырым тілдік тұлғалардың ұлт мәдениетінің айнасы - тілдік әлемді қалыптастырыттының дәлелдей түседі.

Е. Малдыбаевтың поэзиялық дүниелері өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырыған, жалпы қазак поэзиясында алатын орны белгілі. әдеби мұралар. Оның туындыларындағы метафоралық колданыстар бір нәрсені екіншісіне балап немесе өзара мәндес құбылыстарды ұксатып қана қоймай, бейнелі сурет береді.

Авторлық метафораны тануда, олардың дәстүрлі метафоралардан аражігін ажыратуда негізгі қағида етіп басты екі мәселе алынды.

Біріншіден, авторлық метафорага қойылатын талап, автордың сөз қолдану даралығы, өзіндік мәнері метафоралық колданыста болуы кажет. Мысалы, *тәгдыштың зіл қара тасы*, *тәуқыметтің теңізі*, *ок тиген күйінді*, *қара құздың жолбарысы*, *ми-зергер*, *тіл-бақша*, *олең-бұлбұл* т.б.

метафоралық қолданыстар F.Малдыбаевтың танымдық аясын аңғартып, тілдік тұлғасын аныктайды.

Екіншіден, автордың сөз қолдану даралығы сол автордың когнитивтік-ассоциациялық ойлауының ерекшелігіне, яғни автордың белгілі бір сөз топтарын метафора ретінде қолданудың танымдық сапасына ұласады. Осы орайда автор қолданысындағы дәстүрлі метафораға қарай ойысқан метафоралық қолданыстар да, біздің оймызыша, авторлық болып саналмақ. Мысалы: «Табигат» концептісі бойынша *тұнерген тау*, *қалғыған тау*, *судың құшақтауы*, *құннің құламдеуі* т.б. қолданыстарды авторлық метафоралар катарынан танимыз. Өйткені оларда авторлық тұжырымдау мен таным бар, сол арқылы ғалам бейнесін жекелік тұрғыдан түсіну бар. Ақынның ой-толғанысы, дүниені бейнелі қалпында тануы осындаиди индивидуалды-авторлық метафоралардың дүниеге келуіне септігін тигізеді. Метафоралардың когнитивтік сипаты адамның ойлау әрекетінің ерекше көрінісі ретінде қарастырылатыны мәлім. Бұл коршаган әлемді тек логикалық-позитивтік жолмен ғана емес, эстетикалық мақсатта қолданылатын бейнелі құралдар арқылы да тануға болатынын дәлелдейді.

А.Б. Әмірбекова: «жеке лексемаларды, фразеологизмдерді, прозалық мәтінді когнитивтік тұрғыдан зерттеген еңбектер бар. Ал қазақ поэтикалық мәтініндегі концептлердің көрінісі мен автордың ойлау инфракұрылымын анықтау мәселелері когнитивтік лингвистикада зерттеліне қойған жок», – деп жаза отырып, «Поэтикалық мәтінде автордың концептісін таныту және қолдану шеберлігіне қарай оны әр деңгейде топтастыруға болатыны анықталды...» [32, 15 б.], - деп тұжырымдайды. Авторлық метафоралық қолданыстардың когнитивтік сипаты – ғалам тілінің концепцияларын айқындауға жол ашады. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындала түседі. Соның нәтижесінде сөз концепт түзуде өзінің сөздігі (тезаурусы), мағыналас тізбектері, ассоциациялық катынасы бар және

семантикалық өрісі неғұрлым кең болып келетін концептілік мәнге ие болады.

F. Малдыбаевтың авторлық метафоралары – ғаламды жекелік тұргыдан танудағы көркемдік-эстетикалық қызмет аткаратын метафоралық колданыстар болып табылады. Оның когнитивтік сипаты ғаламды танып-білудегі автордың білім коры мен жинакталған тәжірибесінің метафоралық тұргыдан бейнеленуінен көрінеді. Авторлық метафоралар өз алдына концептілік құрылымдарды қалыптастыра алған.

Авторлық метафоралар ақынды ерекше поэтикалық, философиялық ойлау кабілеті дамыған тілдік тұлға ретінде танытады.

Суреткер ұшқыр киялышының жетегімен небір суретті сөздерді, ішкі мазмұны мен сыртқы сұлулығы үйлесіп жатқан бейнелегінің құралдарды жарқырата дүниеге әкелген. Образ, харakter жасау, қаһарман көніл-қүйінің өте нәзік жактарын суреттеп көрсету, детальдар арқылы көп ойды анфарту — ақын мақсатының бір қыры болып табылады. Ол поэмаларында метафораны кейіпкердің кейіпін, мінезін, психологиясын, сондай-ак оның тұрмыс-тіршілігін аз сөзben көп магына беру мақсатында шебер пайдаланған. F. Малдыбаев туындыларынан дәстүрлі метафорадан ғөрі индивидуалдық алмастыруларды жиі ұшырагамыз.

Атанип ханымдарға «жалшы қатын»
Сүреттіп жыртық койлек, шабатасын
Копестің есігінде жүрді Зейнеп,
Котеріп тағдырдың зіл қара тасын.

/«Қырым қызы», 10 б./

Жалшы Зейнептің кедейлігін сүреттіп жыртық койлек, шабатасын деталімен көрсете келіп, оның мүшкіл халін котеріп тағдырдың зіл қара тасын деген балама бейнемен жеткізген.

Шан жұтып, тас кеміріп Арзы өсті
Бұғанасы майысып қайық есті
Панаңыз анасына жәрдемші боп,
Теңізін тауқыметтің әбден кешті.

/«Қырым қызы», 13 б./

Өлген жан аз емес-ті қазактан да,
Жүзді ғой қазак талай қызыл қанга
Үйілген төбе-төбе сүйек жатыр
Арқалық, Есіл, Ертіс, Обаганда.

/«Қошан қарттың әңгімесі», 143 б./

Арзының ауыр тұрмысын шаш жұтып, тас кеміріп, теңізін тауқыметтің әбден кешті деген метафораға құрылған сөйлеммен көрсеткен. Оның тартаң азабының шексіз көп екендігін тауқыметтің теңізі метафоралы тіркесі анық аңғартады.

Келесі шумакта өрнектелген Қазақтардың қызыл қанга жүзүй жаугершілік заманда қалмактармен соғысып, қанға бөккен ерлеріміздің қаншалықты көп болғандығының көрсететін бейнелі жолдар. Суреткер өзінің шеберлігімен, ұшқыр қиялымен сөз мүмкіндігін танытып, сөз жеткізіп айтып бере алмайтын өмір құбылысының жок екеніне көзімізді жеткізеді.

Ақын метафораны екі түрлі тәсілмен қолданған. Оның бірі, балап отырган затты баланып отырган затка сырттай болсын, іштей болсын ұқсастықты сактап бейнелеген. Сонымен катар, сырттай ұқсастықты сактамай, логикалық-мағыналық кана ұқсастығы бар заттарды не құбылысты бір-біріне телу арқылы көркемдеген.

Өлшеусіз жақын болды өсе келе,
Тағдырдың жазғаны осы пешенеге
Қос жүрек қауызын да бірге жарды

Қырымның қызыл гүлі секілдене.

/«Қырым қызы», 16 б./

Екі жастың махаббат оты тұтана бастаған шактарын ақын алыстан орагытып, қос жүрек қауызын бірге жарды деп аңгарткан. Ақын бұл жолы да бүтін сөйлеммен пара-пар ұлгайған метафораның түрін колданған. Анығында гүлдің қауызы болады, ал ақын ашылған гүлге ұқсатып қауызды қос жүрекке теліген. Бұл жолдарда бейнелеу метафорадан басталып, әрі қарай тенеуге ауысқан. Сырттай ұқсастық болғанмен, логикалық ұқсастықтан метафора мен тенеу байланысып, ұласып келуі арқылы жасалған бейнелі жолдар.

Метафоралы түрлі сурет салуда, әсем ой өрнектеуде ақындық киялдың ұшқырлығы ғана емес, оның зергерлігі, корегеніцігі, талғампаздығы да байкалады.

Күн келді жұмбактарын шешетүгін,
Жарасып «мен сендікіпін» десетүгін
Түйілген жүректегі нәзік сырдың
Алмаспен жібек бауын кесетүгін.

/«Қырым қызы», 16 б./

Жастардың бойындағы сезім шындығының ашылуын ерекше бір тәсілмен жеткізген. Іштегі бүркелген сырды *тұжылғен жібек баумен* алмастырып көркемдік қуаты жогары тың образ жасаган.

Рас кой, қолымда бар екі катын
«Өйел» деп атамаймын оның атын
Сен айым, сен жұлдызым, сенсің еркем
Саған-ак табынамын міне антым!

/22 б./

-деп кете беретін өлең жолдарындағы айым, жұлдызымы, тәңірім, шапағатым, құндызымы, саям тағы басқа баламалары Арзыға есі кеткен Мырзак байдың бейнесін беру максатында жұмсалған эмотивті сөздер

Ақын өлең шумактарының көркемдік дәрежесін көтеріп тұратын көркемдік тәсілдерді, оның ішінде метафораларды пайдаланғанда, бұрын-соңды кездеспеген, ешкімнің ойына түсे бермейтін тың тіркестерді, шебер оралымдарды өрнектейді.

-Ей, патша, мен Қырымның киігімін
Оқ тиғен жүргегіме қүйіндімін
Ай едік бір уақытта тұтас туган
Мен содан ұшып тұскең киындымын.

/53 б./

Арзыны Қырымның киігіне балап, өршіл мінезін, азаттықты ансауын аңғартса, қүйіндіге балау арқылы катал тағдырына аяныш сезім туғызады. Ақынның *Арзыны тұтас туган айдың қиындысына балауы тосын* сурет, тың бейне.

Метафоралық бейнелерді ақын өзінің «Шахтер» поэмасында да жиі қолданған:

Халқымның білегінде қайратымын
Шахтамның өткір алмас қайласымын.
Істе де, жүректе де, әнімде де
Көмірдің сыры, жыры айтатыным

/«Шахтер», 73 б./

Ғалым Малдыбаевтың дәстүрлі бейнеге жанаша өрнек, тың бояу беруге шебер суреткер екендігін дәлелдейтін жолдар. Ақын-жыраулар поэзияларында жауға карсы қолданылатын өткір каруды /семсер, найза, қылыш/ батырлықтың символы ретінде жұмсаган. Әсіресе мұндай тәсілді Махамбеттің жалынды жырларынан жиі кездестіреміз.

Жана заман адамының қажымас қайраттылығын, табандылығын білдіре отырып, образды түрде бетім - күн, козім - жұлдыз деп сауаттылығын, білімділігін, ақыл-парасатынын, арман-тілегінің биіктігін жеткізген. Мысалы:

Ал бүтін мен несіне іркілемін
Бетім - күн, көзім - жұлдыз, берік белім
Қанаты жұз құбылған жыл құсымын,
Жел басып, бұлт көшірер шықкан демім

/«Шахтер», 73 б./

Комір – тау, шахтерлері – көп қыран құс,
Бауырында машинасы, ол жолбарыс.

немесе,

Күркіреп кара құздың жолбарысы,
Комірді шайнап жатыр азу тісі.

/«Шахтер», 90 б./

- секілді бейнелі жолдарында ақын машинаны *күркірекен* кара құздың жолбарысына балай отыра, тағы аңының азу тістерімен комірді шайнап жатқап әрекетін көрсету арқылы шахтаның омірін көз алдымызға елестетеді. Ақынның тілдік колданысында *тау, толқын, орман* оқиғаның жүзеге асатын негізгі орын ретінде алынып, «қыран құс» метафоралық, символдық бейнелерде жиі көрініс алады.

Ақынның тілдік бейнесін танытатын дискурсында *оқ тиғен* *куйноді*, *үшып тұскен* қынды, қауызын бірге жарған қос жүрек, *түйілден жүректегі* пәзік сыр секілді ойсуреттер шебер кестеленген.

Ақынның жыр маржандарынан әрқашан ой өткірлігі, сезім үшкірлігі, өмірдегі нақтылы жайларды колмен ұстаратқандай қылыш айта білуі айқын байқалып отырады.

Ақынга өлең оңай сыйлдыр сөзден,
тіл - бақша, өлең - бұлбұл ұшып келген,
Ой - сыңышы, ән - өлшеуіш, жұрт - төреші
Ми - зергер, алтын, күміс қосып өрген.

/«Қажымұқан», 32 б./

Ақынның өзіндік қолтаңбасы, өзіндік ой-өрісі, машиғы сөзіліп тұр. Байқап қарасақ, осындағы төпелеп қолданған метафораларында мағыналық та, логикалық та, тұр-тұлғалық та ұқсастықтар жетерлік.

Беттері түгелімен сыпырылып,
Көзіне таяп келді жымқырылып.
Төбесі жұмыртқадай сыйтырлады,
Ырылдап айуан жатты дымы құрып.

/117 б./

Көзді ашып-жұмғанша-ақ бәрі де тез.
Жан жегіш жолбарысқа болыппын кез.
Жұлғаның құлағымды көрді түгел,
Циркте кірпік қакпай тігілген көз.

/117 б./

Қуанды өз достарым қолымды ұстап,
Оларға тұрмын олжа жангә ұксап
«Сыбағасын алды ғой» деді Ивандар,
Сұлқ түскен қара аюды қолмен нұсқап.

/«Қажымұқан», 117 б./

Осындағы сан алуан жыртқыш андарға балау арқылы, ақын балуанның қарсыласын аса мықты, тым қорқынышты, азулы етіп көрсетеді. Қажымұқанның осындағы ерекше жауын женуін

суреттеу арқылы, оның тұлғасын одан сайын биіктетіп, білек қүшін, айла-амалын әлдекайда асыра түседі. Аты әйгілі балуанды көп естігенімен, оны көрмеген ұрпакқа ақын балуанның ерен қүшін көзбен көріп, колмен ұстағандай етіп суреттеп, мол әсер туғызған.

Жау шапкан жас арыстан «Абылайлап»
Алмаспен суырылған наиза сайлап.
Қанды көз жауын көрсе, от бол жанған,
Жынданған бурадай боп, тісін қайрап.

/«Қошан қарттың әңгімесі», 121 б./

Батырдың бейнесін, міnezін көрсетуде жыртқыш андардың ен азулысы, ен күштісі *арыстанға* балау тәсілі - дәстүрлі колданыс.

Салты бар әрі анғал, әрі ызғар,
Құрбыга сөзі - дауыл, үні мұз - кар.
Білмейсің қас екенін, дос екенін.
Сезбейсің бойында оның ненедей сыр бар

/«Қошан қарттың әңгімесі», 122 б./

Бұл үзіндіде батырдың сөзін *дауылға*, үнін *мұзға-қарға* балау арқылы, оның ызғарлығын, каттылығын көрсетпек болған. Бұл тұста қос сөздердің метафоралануынан сонылық сипат байкалады.

Жөнелді Бұлан қуып, құстай ұшып,
Көрсettі кеткен жөнін сол түнгі шық
«Майбалық», «Менгесер» мен көк Есілден,
Әрі асты жынды бура ашу қысып.

/133 б./

Жапанда жүрген дәудей жалғыз өзі,
Сартылдап шауып келед көк жал бөрі.
Қалғанда түстік жол-ак қара Ертіске,
Алыстан қос нокатты шалды көзі.

/«Қошан карттың әңгімесі», 133 б./

Қалмак жеріне өтпек болып кетіп бара жаткан інісі Қыран мен
Сананың соңынан ашу қысып аттанған Бұланды жыныды бурага,
кокжай борігे балаған. Ақын бұдан былай батырдың сипатын
беруде метафоралық колданыстарды бөрімен байланыстыра
бейнелейді.

Мен залым, кімді аттым, кімді өлтірдім,
Құзғын боп қай балапан басын жұлдыым,
Арсыладап қара қасқыр келе жатса,
Алдында, жан бауырым, неге тұрдың?

/136 б./

Мен - бөрі, өз құшігін өзі жеген,
Бауырын атқан адам көрген емен.
«Жолдыөзек» - кандыөзектің қырқасында,
Ой бар ма «атам» деген, «өлем» деген.

/«Қошан карттың әңгімесі», 136 б./

- деген жолдарда өзін қара қасқырга, борігे жай бөріге
емес, өз құшігін өзі жеген бөріге балаң, ұлғайған метафорамен
бейнеленген.

Ақын поэмаларында батырга лайық баламалар мен
символдық образдарды шебер колдана отырып, оның бейнесін
накты көрсете алатын айшыктар, көркемдеу құралдарын
қисынды үштастыра алған.

2.3 Ақынның кестелі сөз өрнегі

Ақын поэтикасының мәнін терен түсіну үшін оның шығармаларындағы сөздердің мағыналық қырларына, құбылтып пайдалануда тосын тенеулер мен ерекше эпитеттерге, келісімді мензөдер мен өзіндік өрнек жасауга қызмет ететін айышықты тәсілдерге назар аударған жөн.

Ақын шығармаларының тілі қаншалықты бай, кандай бейнелегу сөздерін, образды тіркестерді пайдаланды, ол игерген дәстүр тарапынан қазақ әдебиетіне кандай үлес косты, өзіндік стилін қалыптастыра алды ма? - деген сұраптарға жауапты шығарма тіліне филологиялық талдау жасау барысында аларымыз анық.

Такырыптың негізгі идеясы дұрыс болғанмен, кестелі тілі жетіспесе немесе қазақтың данышпан ақыны Абай айтқандай «сөз арасы бөтен сөзben былғанып, шұбарланып жатса», кандай шығарма болмасын оқушыны тартпайды, қызықтырмайды. Көркем туындының ең басты элементі - оның тілі. Осы арқылы ақынның шеберлігі, қуат-құдіреті, қабілет-дарыны, ой байлығы, киял-сезім дүниесі танылады. Ақынның суреткерлік дәрежесі мен сөз колдану мәдениеті де, оның шығармаларының көркемдік сипаты да қолданылған сөздердің жалан сандық молдығынан емес, ішкі ой сұлулығын берерлік үйлесімді сөз асылын сұрыптаپ, талғап колдана білуі арқылы танылады. Қөнілдегі сайрап жаткан ойды ықшам, көрнекті, ажарлы етіп ұсына алу суреткердің тіл байлығына байланысты.

Таң калдырган көркем туындының бәрі де оқырманына тіл арқылы танылады. Автордың тіл әлемін түзуге себеп болатын уәждер, көркемдік тәсілдер мен рухани құндылықтары, т.б. бәрі тұтасып келіп, автордың «көркемдік әлемін» бейнелейді.

Професор М. Балақаев стиль жөніндегі ойын былай деп тогыткан: «Сөз өнері шеберлерінің бәрі де халық тілінің байлығын пайдаланады. Олар өзіне керекті тілде бар сөздерді сарка пайдаланып коймай, сонымен катар, өздерінің творчестволық әрекетінде жана сөз жасауы, бар сөздерге қосынша стильдік қызмет беріп, олардың икемділігін арттырып отыруы да мүмкін» [43, 27 б.].

Ғалым Малдыбаев ғасырлар бойы дамып жетілген көркем тілді жетік менгерді, өз поэзиясының керек жеріне, өрнектеулеріне дәл тауып пайдалана білді. Өз халқының бай сөздік корын жаңаша мазмұнмен әкелді. Жалпыхалықтың тілдің сөз байлығын ақын өз поэзиясында өзіндік образдылықпен, суреткерлікпен, нәзіктік, шеберлік қолданыспен пайдаланды. Шынында, аргы-бергі тарихты барлап, құнделікті тірлікте жырлаған ақын бейтарап сөздерді поэзия тіліне енгізеді. Бірақ ол атаулардың ақын тіліндегі поэтикалық мәнінің астарында үлт тұрмысы суретінің, ақынның көркем санасындағы ассоциациясы арқылы жасалған «ұлттық дүниенің тілдік бейнесі» бар.

Бұл жөнінде көркем мәтін тілін зерттеуші Е. Жанпейісов: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарына әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі карапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет пен теңеулер де, тілдің басқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, такырыптық арқауына лайык жаңа бір мағыналық астар алып, стильтік функциясы арта түседі» [48, 17]. - деп көрсетеді.

Ғалым Малдыбаев поэмаларының лексика-семантикалық қабатын зерттей келе, омонимдерді ара-тұра кездестіргеніміз болмаса, ақынның оны аса көп пайдалана қоймагандығын ангарамыз. Эрине, біз бұдан қаламгердің кемшілігін көре алмаймыз, керісінше, оның сөзге сак, аса талғаммен жұмсайтын стильтік ерекшелігі деп білеміз. Осы орайда академик З. Қабдоловтың мына бір тұжырымы, «Бір сөзде бірнеше мағына болуы мүмкін, бірақ бұл байланысты аса сактықпен абайлас пайдаланған дұрыс. Өйткені омоним соз орынды жерде тұрмаса, сол арадағы ұғымды бұлдыратып, көмескі, түсініксіз тіпті кейде екіжакты мағына беруі мүмкін... Шын өнер иелері омонимдерді сарабдал таңдайды» - деген тұжырымы біздің осы ойымыздың түйіні бола алады [49, 167 б.].

Ой айқындығы, тіл құнарлығы, дәлдік мақсатында сөз колданудың жиі кездесетін тәсілдерінің бірі - антоним сөздер. Антонимдер де көркем шығарма тілінің белгілі стильтік

кызметінде жұмсалады. Оларды орынды пайдалана білу қаламгердің өмірдегі құбылыстарды дәл суреттеп, әсерлі жеткізер шеберлік қырын танытады. Контрасттық сипаттағы антонимдер, шенdestіру тағы бір көркемдегіш тәсіл – кайталуармен бірігіп, мәтінге ерекше экспрессивті-эмоциялық бояу, ыргактылық, интонациялық тұтастық беріп, оның көркем бейнелі табиғатын ашып тұрады [50, 65 б.].

Тілдегі антонимдік бірліктер сөздік жүйеден ғана орын алғыш қоймайды, олар – сонымен катар, адамның ойлау жүйесі мен танымдық әлемінен орын алатын құрделі лингвокогнитивтік категория. Тілдегі антонимдер дүниедегі заттар мен құбылыстардың әр аluan сындық сапасын өзара бір-бірмен салыстырып қарau арқылы оларды біріне-бірін карсы қоюдың нәтижесінде туындағаны белгілі. Антонимдердің негізгі касиеті – контраст суреттер беруде.

Галым Малдыбаев поэмаларында антоним сөздер тұра жөнне ауыспалы, сондай-ақ фразалық мағынада да колданыста болып, ойын айқын жеткізіп отырган.

Егер де әзіл қуған адам болсан,
Лайырмас ақ-караны надан болсан,
Қайғырма, жайына жүр, жолын әне
Қосылмас үш қайнасаң маған сорпан.

/«Қырым қызы», 40 б./

Ақын субстантивтенген антоним арқылы жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық секілді қарама-карсы ұғымды қобіне кейіпкерлерінің сөйлеу тілінде жұмсаған.

Тұріктің Ғұман мырза ақ патшасы.
Бас иген еліміздің кәрі, жасы.
Сол Ғұман бір өзіңе ғашық болды,
Жіберген елшісімін сөздің расы.

/«Қырым қызы», 41 б./

Зангар тау, ақылынды айт, қайда барам,
Жалғызын алды-артымда жок бір панам
Жақкан сон ақ бетіме карақүйе
От болып өртенемін, назаланам.

/«Қырым қызы», 24 б./

Ақынның антоним сөздері заттың, құбылыстың сапалық, сын-сипаттық жақтардан көрсете отырып, ойдың әсерлі айтылуына өз үлесін қосады. Жалпы ақын антонимдері айтар ойга нақты тұжырым, түйін жасап тұрады.

Тұғанда ер басына қаранды тұн,
Жан қияр тар кепірде жолдасы шын.
Сырты дос, іші дәмсіз боямалар
Әмірді сүреді өз тек басы үшін

/«Қырым қызы», 16 б./

Көмекші сөздерден болған *сырты*, *іши* антонимдері «сырты бүтін, іші тұтін» фразалық тіркесінің компоненттері. Фразалық тіркестің құрамындағы сөздерді басқа сөздермен алмастырып, ойды айқындаі түсіп, сезімге әсер етуіді мақсат еткен. Ғалым К.Аханов: «Антонимдердің стилистикалық қызметі өте күшті. Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруды, оларды бір-бірімен катар койып шенdestіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдер айрықша қызмет атқарады. Антонимдерді шебер колданудың нәтижесінде айтылатын ой мейлінше ашық, айқын, мейлінше мәнерлі болып келеді», - деген еді [50, 133 б.].

Ғалым Малдыбаев поэмаларында құбылысты бірде шенdestіріп, бірде салыстырып, бірде нақты ұғымды терендету үшін колданылған антонимдер әр сөз табынан жасалып, әр түрлі қосымша қабылдап, мағынасын кеңейтіп, тіл шүрайлығын арттырған.

Суреткер поэмалары бір мағынаны немесе бір ұғымды айтылуы баска-баска болып келетін бірнеше сөзбен беру мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленеді. Жалпы синонимия – ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс.

Г. Малдыбаевтың тілінде жиі байқалатын құбылыс – синонимдердің кайталануы. Ондай жағдайда синоним сөздер өзара қосарланып, не бірынғай қатынаста айтылады. Синонимдік қайталуа – автор тілін әрлендірудің тұрақты тәсілі. Сөздердің мағынасы мен экспрессиясын күшейтіп, көркем дәлдік жасау тәсілі болады.

Омірлік көріністерді тоłyқ суреттеу, кейіпкерлерінің ой-сезімдерін жеріне жеткізе дәл беру синонимдердің нәзік мағыналық айырмашылыктарын тап басып, сөз теңізінен керектісін ғана таңдал ала білетін жазушының колынан келеді. Синоним сөздердің көркем шыгарма тілінде атқарар қызметтері сан-алудау [50, 82 б.].

Г. Малдыбаев синонимдерді жиі қолдана отырып, оның күлгі қырын пәзік түсіне, талғап қолданады. Оның эпикалық тынысы кең «Қырым қызы» поэмасында кейіпкерлерінің жан толқынысын, міnezін, әрекетін әр қырынан көрсету мақсатында мәннес сөздерді шебер пайдаланған.

Ілгері басқан аяқ кейін кетіп,
Жүргеі аттай тулап, жұлқып, шертіп
Ғазиздің есігін кеп тықылдатты
Қалышылап, тұла бойы дір-дір етіп.

/«Қырым қызы», 21 б./

Осы жолдарда жалшы Таһирдың үрейлі кейпін бұлжытпай берген жүргеі аттай тулап, жұлқып, шертіп, қалышылап - бәрі контекстік синонимдер.

Аскактап асау толқын аласұрды
Есалан, ессіз, күшті, толқын жынды
Қакпалап, какпақылап жел қайыкты

Үйіріп екпінімен мазақ қылды.

/«Қырым қызы», 21б./

Ақын толқынның сипатын, көрінісін беру ниетімен *есалан*, *ессіз*, *құшті*, жыныды сөздерін бірінің үстіне бірін төгіп, жаудыра қолданған. Қаламгер синонимдерді төгілте, синонимдік катар жасай жұмсайды. Бұл жерде синонимдер киындықты одан сайын күшейтіп, басты кейіпкерлері - Арзы мен Мұсталаның мүшкіл халдерін барған сайын киындарып, өмірдің ауыртпалығы мол екенін қоса мензейді.

Сүрініп бірде құлап, бірде тұрып,
Қирандаپ, бұратылып, мың жығылып
Шарлады дала-қала алаптарын,
Күркілдеп, шұбатылып, дымы құрып.

/«Қырым қызы», 29 б./

Табиғат бейнетіне көну, сол тәрізді өмір қиындығына төзу мәнін аңдату поэмада дамытылып бейнеленген. Бұл шумақта *құраңдат*, *буратылып*, *мың жығызылып*, *шұбатылып*, *дымы құрып* сөздері мен сөз тіркестері контексттік синонимдер болып, ойдың мағынасын күшейтіп, әсірелеп жеткізу қызметінде жұмсалған. Қолданыска түскен синонимдік катар баласын іздең көрі шешесінің аянышты халін көз алдымызға әкеледі. Осы орайда, профессор С. Негимовтың: «Синонимдес сөздер шығарманың экспрессивтік - стилистикалық мәнін күшетеді, толқындана сөйлеуге мүмкіндік береді», - деген топшылауы ойға оралады [51, 17 б.].

Ақын көркем сөздерді келсін-келмесін бей-берекет колдана бермейді, кайта айтайын деген ойын біртіндеп жоғарылатып, биіктетіп, синоним сөздерді түйдектетіп жұмсау арқылы плеоназм тәсілін пайдаланады. Ал плеоназм тәсілі - дамытуға, яғни, градацияға әкелетіні белгілі. Өлеңі тартымды, әсерлі болу үшін ақындар дамыту әдісін көп колданады.

Дамытумен жазылған шығармаларда алдыңғы ойдан сонғы ойды құшті етіп шығару үшін алдыңғы құбылыстан сонғы құбылыс, алдыңғы сөзден сонғы сөз құшті болып үдей береді. Мысалы:

Алуан асыр салған асау андар
Аскардың сусындаиды бұлагынан
Жалғыз-ак шөлде жатқан мен бір зарлы,
Қан кеүіп, қайрат кеміп, қиналды жан.

/«Қырым қызы», 41 б./

Еркіндікті, бостандыкты ансаған Мұстапа өзінің мүшкіл халін қап кеүіп, қайрат кеміп, қиналды жан мәндес сөз тіркестерімен корсетіп, бұлақтан су ішіп, шөлдерін қандырып жүрген андарға қызығады. Ақын бұл тұста асыр салған андар мен қамауда жатқан Мұстапаны қатар алып, шенdestіру арқылы аяныш туғызады.

Галым Малдыбаевтың шығармаларында ең көп кездесетіні жеңе автордың молынан әрі өнімді пайдаланатыны есімше, коссемише тұлғалы етістіктен болған синонимдер.

Қырымның қуаттысы - діншілдері,
Байлары, мырзалары, саудагері
Жарлысы жапырылған жапырактай
Жаутаңдап, жардан құлатап, сынған белі.

/«Қырым қызы», 55 б./

Қазағымыздың өткен тарихында үстемдік еткен бишінші жарлардан зәбір көрген кедейлердің мүшкіл халдерін жасаутаңдап, жардан құлатап, сынған белі сөздерімен қоюлата түсекін. Алғашкы жасаутаңдап сөзінен жардан құлауы құштірек, одан белінің сынұы тіпті мүшкіл халді көрсететін сөз тіркесі. Е.Малдыбаевтың жұмсаған мағыналас сөздері белгілі бір сөз мағынасын кенейте білуін, әрі сөздердің бір-біріне ықпал етіп, әркайсысының әсерлігін қүшейте түсуін дәлелдейді. Ақын ойды,

образды көркемдеп бере отырып, синонимдік катарды тынымсыз әрекетті үдеть мақсатында жи қолданған.

Ілезде болды бір іс, күтпеген бұл
Денесін басып барад тасыр-тұсыр,
Орнады қара түнек ойда жокта,
Солды өмір, сөнді жалын, таусылды жыр.

/«Шахтер», 87 б./

Солды өмір, сөнді жалын, таусылды жыр поэтикалық образды сөздері арқылы эвфемизм тәсілімен контекстік синонимдерді бір-бірінен оздырып, түйдектетіп, түрлендіріп берген.

Ғалым Малдыбаев бір сөзді окиганың барысына қарай әр түрлі мағыналық ренкте қолдана отырып, бұрын кездеспеген сөз тіркестерін дүниеге әкелді. *Отты жүгеген, қоқырлы күз, тәтті мүгіме, бұлдірген бет, борте бұлт, жүдеген гүл, қуқыл даға* деген сиякты тың тіркестер туғызыса, енді бірде, бір сөзбен бірнеше тіркес жасап, түрлі мән-мағына туғызып, окиғага сай өріп отырады. Бір ғана «Ой» сөзімен улы ой, теңіз ой, қорқынышты ой, қайғысты ой, қаттарлы ой сөз тіркестерін, «Қан» сөзімен жылы қан, ыстық қан, салқын қан, таза қан, сұық қан сөз тіркестерін ауыспалы мағынада шыгармаларының мазмұнына сай ұтымды пайдаланады.

Суреткөр поэмаларының өзіндік қыры мен сырының мәні - тұракты тіркестер мен халық даналығының жемісі - мақал-мәтелде жатыр. Фразеологиялық тіркестер құрамындағы этномәдени акпаратты, тілдің көркемдеу құралдарын сөз еткенде, өзінің бейнелілігі, көркемдігі, экспрессивті-эмоционалды бояуымен көзге түсетін фразеологизмдерге сокпай өту мүмкін емес.

Ана тіліміздің сөз айдынының теренінде халықтың ғасырлар бойғы іс тәжірибесінен, өмірді тануынан корытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталы сөз - мақал-мәтелдер, тұракты тіркестер тұнып жатыр. Олар халықтың каншама

ғасырлар бойында әртүрлі құбылысты өзара салыстыра, бейнелеу, суреттеу, бір-біріне тенең сөйлеу мақсатында, экспрессивті-эмоционалдық қызметте колданылатын бейнелегіш тілдік күрал ретінде жиі жұмсалады. Шын мәнінде адамдардың көніл-күйін, эмоциясын, сезімдік катыстарын жеке сөзben ғана беру мүмкін емес. Әрбір жеке адамдардың өзіндік кабылауынан туатын сезімдік «әлем бейнесі» әсерінін көрінісі лексикага қарағанда, фразеологизмдердегі эмоция мен экспрессияла анағұрлым көбірек қамтылады. Халықтың әдет-тұрпы, салт-санасы, құнделікті өміріне байланысты туындаған конногациялық сипаттағы фразеологиялық бірліктер халықтың ассоциативті-образды ойлауы нәтижесінде пайда болып, ұлттық мәдени ақпарат мазмұнын танытатын нышандар болып есептеледі. Бұлар ақын қозкарасын, ерекшелігін таныту, айттар ойын ерекше әсерлі етіп, белгілі бір бейне сомдау мақсатында ұтымды пайдаланылған. Каламгер колданған фразеологиялық тіркестер, әдетте, сол мәтінге үйлесімділік беріп, нанымды пайдаланылады.

Г. Малдыбасев осындай халық тілінің фразеологиялық казынасын кейде өз қалпында, кейде жаңартып, образды сөз байлығын ой елегінен өткізіп, шеберлікпен пайдаланудын үлгісін көрсетеді. «Қырым қызы» поэмасының өзінен-ак халық коймасынан шықкан осы бір тілдік құралын молынан көздестіреміз. Ақын тұракты тіркесті, әсіресе, адам мінезінің толын жатқап қыр-сырын, оның ішкі жан - дүниесін көрсетуде ұтымды пайдаланған. Мысалы:

Сол жерде Тahir тұрып ой ойлайды,
Салбырап томен қарап көп ойлайды.
Газиздың каны қара адам еді
Бұл мені құртады енді деп ойлайды.

/«Қырым қызы», 11 б./

Бұл жолдардағы қаны қара - тұракты тіркесі арқылы байдың сұрықсыз образы бүкіл сүренсіз іс-әрекетімен, катігездігімен

бірак актарылып беріледі. Оның бар залым ойларын тізіп жатпай-ақ, инверсия тәсілін пайдалана отырып, ойын дәл көрсете білген. Ақын жырдагы ситуацияга карай, басты кейіпкері - Арзы қыздың жаны алқымына тірелген шағын суреттеуде тұракты тіркесті орынды пайдаланған.

Сеніп ем жасымнан-ақ өз ісіме,
Шыбын жан мұрнымын келді үшіне
Қайдасын, ау Мұстапа, ау Мұстапа!
Зар болдым жәрдеміне, кол күшіне.

/«Қырым қызы», 18 б./

Контаминациялық жолмен жасалған *Шыбын жан мұрнымын* қелді үшіне фразеологиясы кейіпкердің психологиялық қүйінішінің экспрессивті-эмоциялық бояуын күшеттіп сол сәттегі сезімін дәл бейнелейді. Сонынан қалмай, еріксіз өзіне токал етпекші болған көрсекзың байға:

Арзы айтты:
«Құлағың сал жауабыма,
Жалшыға мырза ғашық болмас сірә.
«Жарым бар жаны бірге жастай өскен,
Пышак сап буынсызға қылма кінә».

/«Қырым қызы», 23 б./

- деп, Арзы тойтарып тастайды. Бұл жердегі буынсыз жерден пышақ үру фразеологизмін инверсиялап кейіпкерінің характерін жасауда сәтті пайдаланған.

Тіл байлығын ұштауда, мәнерлі де бейнелі тіркестермен сөйлеуде фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілге өткірлік сипат береді. Арзының махаббатқа беріктігін, қажет кезде ұтымды жауап бере білетін қайсаrlығын мына өлең жолдарынан байқаймыз.

Егер де әзіл қуған адам болсан,
Лайырмас ак-караны надан болсан,
Қанғырма, жайына жүр, жолың әне
Косылмас үш кайнасан маған сорпан

/«Қырым қызы», 40 б./

«Жар кеткен соң, жан кетеді» деген бар,
Алтыншашты қамалады қайғы зар.
Төсек тартып жатып алды сарғайып,
Секілді боп буrases өлген ақша нар.

/«Қөрұғылы», 198 б./

Галым Малдыбаев бірде мақал-мәтелдерді өзгертпей,
халықтық нұсқасын сактап отырса, енді бірде өлең өлшеміне,
үйкас, ырғағына бағындырады.

Түріктің Ғұсман атты патшасы бар
Қақ жарып қара қылды әділ тұrap.
Жатады су түбінде асыл маржан
Патшамыз көркінізге болған құмар.

/«Қырым қызы», 41 б./

Тарады үйді-үйіне ойнап, күліп,
Үйықтамақ, ойларында жоқ еш құдік.
«Шығалы жау жоқ десен, жар астынан».
Қиын ба аяқсты шықса бүлік.

/«Шахтер», 96 б./

Кейіпкердің көніл-күйіндегі өзгерістерді, ашу-ыза, ренжу.
Қуанды сияқты сезім толқындарын оқырманына әсерлі жеткізуде
осынтай тұракты тіркестердің қызметі ерекше.

Ақын колданған тұракты тіркестер негізінен сөздік құрамы сакталып, көбіне инверсия тәсілімен берілген. Фразеологизмдерді қаламгер сөз колданысында әнгіме өрісіне лайыктап, өзгертіп колдануы әбден мүмкін. Тұракты тіркестердің халық тіліндегі нұсқаларын өзгеше жана мағыналық мәнде жұмсал, түрлендіріп стильдік мақсатта колдануы туралы академик Р. Сыздық: «Фразеологизмдерді өзгерту мотивтері де әрқылы, бірі стиль қажетінен, фразеологизмге қосымша мағыналық ренк үстеп, оларды ұтымдырақ ұсыну мақсатымен пайда болатын өзгеріс», - дейді [52, 14 б.].

Қаламгер тұракты тіркестерді автор сөзінде де, кейіпкер сөзінде де, қисынын тауып, орынды пайдалана білген. Мұндай тіркестер ақын туындыларында әртүрлі стильдік мақсаттарға орай орын табады. Олар кейіпкер бейнесін жасауда, портретін беруде, сондай-ак қаһарманның басындағы психологиялық жай-куйді аңғартуда сәтті колданылған. Стильдік жағынан карапайым фразеологизмдер кейіпкердің мінез-құлқын ашуда таптырмас құрал болып табылады. Тіпті кей жағдайда мұндай тіркестердің даяр тіркестер екендігін бірден байқай бермейміз де. алайда окиғаны шындыққа жанасымды етіп шебер үйлестіруде қажет екендігін мойындеймыйз.

Жалпы фразеологизмдерді қатысымдық жағдаятқа байланысты колдану мағыналық өрістің ұлғайуына әкеледі. Қатысым барысында сөздердің белгілерінің ортактығына карай семалар катары кенеяді, олар парадигмалық мәндік қатынас түрінде белсенді сипат алады. Осының әсерінен қатысымдық мағына өрісі түрленеді. Көркем шығармада тілдік бірліктер сыртқы тұлғасы жағынан да, ішкі мазмұны жағынан да автордың айтайын деген ойын іске асыру мақсатында бір-бірімен тығыз байланыста жымдастып жатады. Сөйтіп, көркем шығарма тіліндегі қатысымдық бірліктер шығарманың тұтас мазмұнын түсінуге, идеялық мақсатын ашып беруге мүмкіндік береді. Оның үстіне кез-келген окиғаның, мәселенің тұсында еске түсетін, тілге орала кететін даяр тіркестер көп ойлануды, ұзак баяндауды керек ететін киын нәрсені бір-ак ауыз сөзбен ұғындырады.

Макал-мәтелдер - халықтың токсан ауыз сөздің тобықтай түйінни тауып, шешетін теңдесі жок асыл мұрасы. Ол бір ғасырдың ғана жемісі емес, ғасырлар бойы өзіндік тәрбиелік ерекшеліктерімен танылған халықтың дана ойының көркем жиынтыны. Сонымен катар, макал-мәтелдер казак халқының өмір тәжірибесінен, тіршілік танымынан түйіп түзілген ерекше лингвомәдени бірліктер. Олардың өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ен алдымен, макал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой корытындысы болып келеді. Ол адам омірінде, тұрмыс-тіршіліктегі, когамдық жағдайларда кездесстің әр түрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқигаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебіне қолданылады.

Осындай бейнелі сөздердің ең бір өткір жолы - макал-мәтелдерді ақын бірде каз қалпында колданса, бірде құбылта жұмсан, батыл жаңарта да алған. Мысалы:

Тығылыш, жан алқымга, арпалысып,
Дем алыш екі иықтан, қүйіп-пісіп.
«Қарманған қапы қалмас» дегендейін
Арзының қайығына келді ұшып.

/«Қырым қызы», 19 б./

Ол кеше «Ворошилов» колхозының,
Жүргізген болат табан тракторын.
«Ұяда пеші корсөң, соны ілерсін»,
Дегендей білмек енді аспан сырын.

/«Ақ келін», 157 б./

Бозұглан ер сабыр етті бұл іске,
Не кормейді ердің басы тірлікте.
Алты жылдан кейін іздел табарсын,
«Сабыр түбі сары алтын» ғой бұлқ етпе.

/«Көрүгілі», 208 б./

Аталмыш макал-мәтелдер дүние үзіктерінің тілдік бейнесі ғана емес. ұлттың рухани мәдениетін білдіретін тілдік константалар болып табылады. Өйткені мұнда өмір сыйнынан өткен халықтық пәлсапаға кездесеміз, оларда ұлттық даналық, психология мен тұрмыстық тәжірибе жатыр.

Ақынның поэмаларында колданған макал-мәтелдері алуан түрлі қызмет атқара отырып, суреттеп отырған жайттарға юморлық нәзік рең беріп отырады.

Түсінді бұл жұмбаққа Ғұсман патша,
Ойланды болды өзіне таң-тамаша
«Тұлыпқа мөніреген сиырмын», - деп,
Сейледі өз көнілін өзі баса.

/«Қырым қызы», 55 б./

«Қазак макал-мәтелдері ерекшеліктерінің бірі - оларда халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатындығы. Үй хайуанаттарының кылығын айту арқылы адам мінезіне ишара, тұспал жасау соншалықты әсерлі де мәнді болып шығады», - деген М. Әуезов пікірінің өміршендігін осы жолдар дәлелдегендей [20, 62 б.].

Макал-мәтелдер қандай максатта, қалай колданылса да өзінің табиғатына біткен, эмоция туғызытын әсер күшінен айрылмайды. F. Малдыбаев макал-мәтелдерді кейіпкерлердің сөйлеу тілінде, олардың бейнесін нактылауда жұмсаپ, тілдік амалдың бірі ретінде шебер жұмсаған. Макал-мәтелдерді кейде еш өзгеріссіз, кейде көмекші етістіктермен, енді бірде жағдаятқа сай сөздер қосып өзгертіп береді. Сонымен макал-мәтелдер айтылар ойды ықшамдап жеткізуде және сөздің ток етерін айтып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтуда жетекші орын алады.

Ақын халықтың тіл байлығын ой айқындығын, терендігін жеткізе тұсу үшін немесе сол ойды жинақтап әкеліп түю қажет болған жерлерде шебер пайдаланған. Қоркем туындының қадір-касиеті де, кемшілігі де алдымен оның тілінен көрінеді. Сюжет

желісіндегі оқиғалар мен адамдар, олардың мінезі, іс-әрекеттері поэтикалық сөзбен өрнектеледі. Ф. Мұсірепов: «Көркем әдебиет деген жанды сөз, тек қана сыртқы сөз емес, ішкі сөз... Көркем сөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын,-дейді. Бейнелі, әсерлі сөз колданыстары – қаламгердің оқырманының өзіне тартар көркемдік ерекшеліктерінің бірі. Қаламгердің халықтық мақал-мәтелдерді поэзиялық шығармаларында молынан колданып, кажетіне жаратуы – халық тілінің байлығы, ауыз әдебиетінің нақыл сөз үлгілерінің әдеби тілімізді байытуда рөлі ерекше екенін дәлелдейді. Макал-мәтелдер қандай мақсатта, қалай колданылса да өзінің табигатына біткен, эмоция тұгызыатын әсер күшінен айрылмайды. Ғалым Малдыбаев шығармаларында мақал-мәтелдер, көбіне, ойды дәлелдеу, кейіпкерді бағалау, эмоцияны білдіру, пікір қорыту сиякты қызметтерде жиі көрінеді.

Танып білудің ең карапайым formasы ұксату, балау, салыстыру, тенеу нәтижесінде жүзеге асады.

Коркем шығарма мазмұны мен пішінін ажарлап, оның эстетикалық әсерін күшайтуге қызмет ететін суретті сөздер үлгісіне *тенеу* жатады. «Қазак тенеулері» атты еңбек жазып, тенеулерді арнайы зерттеген ғалым Т. Қоңыров: «Тенеу категориясы бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бағытысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да өз бастауын осы тенеуден алды. Сондыктan болса керек белгілі бір үлттық әдебиеттің бейнелеу, көркемдеу жүйесі, оның көркемдік ойлауының үлттық ерекшелігі бүкіл бедерімен, құллі бояуымен тенеу категориясынан айқын көрініп тұрады» [53, 36 б.], - дейді.

Орбір тенеу мейлінше айқын, суретті және орнымен колданылғанда гана құнды, көркем болмак. Тенеу мағынасы жағынан да, ой-сезімге әсері жағынан да суретtelіп отырган құбылысқа, жағдайға жаңасымды болуға тиіс. Суреткөр әдette тенеуді өзінің танымына, эстетикалық талғамына, авторлық идеясына сәйкес таңдал колданады. Тенеу ең алдымен адам санасымен, ассоциациялық ойлау нәтижесімен тығыз байланысты. Әр үлттың өз танымына жақын сөздерді колдануы заңты да. Себебі тіл иесінің ой-өрісі мен концептуалды әлеміне

байланысты әр тіл дүние-ғаламның үзіктерін өзінше жеткізіп, бейнелеп суреттейді және ол өз тіліндегі ғалам бейнесіне сай болады. Тіліміздегі тенеулер халықтың тұрмыс-тіршілігі, ойлау және танымдық кабілеті жөнінде бай мәлімет береді. Әсіресе, Г. Малдыбаев өлеңдерінде төрт түлік мал мен қазак танымына жақын аң және жан-жануарлар мен құстар әлемі тенеу образын жасауға негіз болған. Қазактың таным-түсінігінде төрт түлік мал мен кейбір аң-құстардың және жануарлардың киелі екені erteden белгілі. Жалпы құспен катысты тенеулерде мифтік мазмұн басым болып келеді және олар туралы таным-түсінік тілімізде молынан сакталған. Бұл жөнінде Б. Ақбердиева: "...әлемдік мифологиялық жүйелердің қаймағы бұзылмай сакталып қалған жалғыз көз – қазактың ұлттық тілі мен мәдениеті. Біздің тіліміздегі кез-келген сөз – символ. Өйткені оның астарында мифтік мазмұн жатыр" [10, 30 б.] – деп ой тұжырымдайды. Мысалы:

Бір кезде теңіз өрлеп жүрген жігіт,
Белсеніп етек-женін түрген жігіт
Торгайдай торға түскен жаутаңдайды,
Тірідей терен казған көрге кіріп.

Бір кезде желқайықты ескен жігіт,
Айдынды акку құсан кешкен жігіт
Алты адам айналасы шұқырда отыр,
Су құйған көмір болып өшкен жігіт.

/«Қырым қызы», 30 б./

Жігітті бірде торға түсіп жаутаңдаган торғайға тәңесе, келесі бірде айдынды кешкен акқуға ұксатады. Жігіттің өткен өміріндегі еркіндігімен, белсенділігімен, казіргі мүшкіл жағдайын, терен көрде камалған аянышты халін шенdestіре отырып оқырманның сезіміне әсер етуді көздеген. Осындағы нақышты сөздері шығармаларының ажарын ашады, оның эстетикалық-эмоциялық әсерін арттырады.

Ғ. Малдыбаев өлеңдерінде тенеу образы қызметін аткаруға қазак танымына жақын құстар – *торғай*, *аққу*, *лашын*, *қыран*, *бұрқіт* – зооморфизмдері колданылған. Тенеу образы қызметін аткарган құс атаулары адам бойындағы әртүрлі қасиеттерді бейнелеп, басынан кешкен жағдайларды, қөніл-қүйін таныту қызметін аткаргандығы байқалады. Тілдегі таңбалар – ұлттың сөз коймасы іспетті, себебі таңбаларда ұлттың өмірінен мәлімет беретін мол ақпарат жатады. Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік тәсіліне тенеулерді жаткызыдық. Себебі тенеулерде ұлт тілінің өзіне ғана тән ерекшелігін көрсететін белгілер барынша ашық әрі айқын көрініп тұрады.

Галым Малдыбаев поэтикалық құралдар мен өрнектәсілдердің тың, жана түрлерін колдануға батыл барған. Тенеу ақын поэзиясы тіліндегі ең белсенді колданылатын көріктеу құралдарының бірі. Оның поэзиясында дәстүрлі тенеулермен катар, автордың өз қолтаңбасының ізі жаксы көрінетін авторлық тенеулер де молынан ұшырасады. Оның өзі кездесісок емес, себебі тенеу - ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде жиі кездесетін әдіс болып саналатыны белгілі. Ақын бұл тәсілді өмір шындығына сәйкес келетіндей етіп колданудың үлгісін көрсетті. Өмірдегі не пәрсе болмасын, тек салыстыру, тенеу арқылы айқыншылады, анықталады, ол үшін суреткердің поэтикалық шеберлігі, тапқырлығы, ой ұшқырлығы, дәлдігі ауадай кажет. Кез келген суреткер өз ойы мен қозқарасын оқырманға әсерлі әрі бейнелі етіп жеткізу үшін тілдің экспрессивті құралдарын мейлінше үәжді колдануға тырысады. Көркем шығармадағы тенеулер адамның сезіміне ерекше әсер етіп, түрлі стильдік қызметте колданылуымен құнды болып келеді. Ғ. Малдыбаев колданған тенеулер ұлттың таным-түсінігін білдірумен бірге тереп мазмұнды, ой-тұжырымын болып келген. Тұракты тенеуде тенеудің басты қасиеті салыстыру, ұқсату мәні толығымен сакталып, астарлы ой, концептілік тірек-ұғым, таным үлгілері басым болып келеді.

Ғ. Малдыбаев поэзиясындағы фразеологиялық компаративтер халықтың ұлттық болмысын, психологиясын,

философиялық ойының мазмұндылығын дәйектеуімен құнды. Ақын халықтық колданыстағы дағдылы тенеуді орынды жерінде дәл тауып колдана білген. Мысалы:

Сорлы анам бұл жайымды біле ме екен,
Дауысымды құлагына іле ме екен?
Айрылған ботасынан боз інгендей
Теніздің жағасында жүре ме екен?

/«Қырым қызы», 18 б./

Айрылған ботасынан боз інгендей тенеуі халықтың ұғымында, тілінде бар. Сұм ажалмен айқасқан Арзы жалғыз шешесін боз інгенге, жай боз інгенге емес, ботасынан айрылған боз інгенге тенейді. Ал ботасынан айрылған боз інгеннің құніреніп боздауы - казак поэзиясында аналық мейірім, сағыныш, махаббаттың символы екендігі анық. Ақынның тіліндегі тенеу - ұлттық сана-сезіммен, халықтың мәдениетімен, адамдардың өмірлік тәжірибесімен астасып жататын лингвомәдени бірлік болып табылады. Сондыктан оның шығармаларында кеңінен орын алған тенеулердің бір түрі - халық ауыз әдебиетінде, жыраулар туындыларында жиі қолданылып, тұрактанған дәстүрлі поэтикалық тенеулер. Олар ақын поэзиясының ұлттық нақышын, экспрессивті-эмоционалды бояуын, көркемдік қуатын арттыра түсіретін дүниелер.

Көркем мәтін аясында тілдік тұлға өз дәүірінің бет-бейнесін, ұлттық таным-түсінігін, рухани мәдениетін түрлі тілдік тәсілдер арқылы бере отырып, дүниенің көркем бейнесін жасайды. [54, 8 б.]

Суреткердің өзіндік қолтаңбасын танытатын соны тенеу-суреттер аз емес. Тенеліп отырган объекті мен тенеп отырган құбылыштың арасында логикалық байланыс, үйлесім, сурет дәлдігі бар. Мысалы:

Толқындар көшкен бұлттай түйдектеліп,
Қайыкты как мандайға ұрды келіп.

Берідегі бұркыратып кар боратқан
Қаумалап жан-жагынан бермеді ерік.

/«Қырым қызы», 19 б./

Бұл - табиғат сырын терен түсінген ақынның ғана қолынан келетін сурет. Теніздін буырқанып, долданып жатқан көрінісін өз козімізбен көріп, естіп, сезіп тұрғандаймыз. Дәл тауып бейшіленген жанды көрініс. Осындағы толқынды көшкен бұлтка, бөріге тенеуде сырттай ұқсастық жок, бірақ ішкі байланыс мыкты. Поззия жолдарында реализм тудырып тұрған да сол. Толқынды тек бөріге тенеп қоймаган, сол бәрінің әрекетін, сипатын бірге алып ұлгайған тенеу тудырып отыр. Табиғат тынысын адамның ішкі сезім дүниесімен астастыра суреттеуге ақын өте шебер. Суреткер табиғаттың алуан-алуан кескін-келбетін кейіпкер басындағы қуанышты, шаттықты я болмаса шерлі, мұнлы құйлерге ынғайлап отырады. Поэмадағы тамаша коркем пейзаж, әр алуан харakterлер мен тіл накыштары өрнектеле келе шығарманың композициялық құрылышы мен сюжет желісіндегі түйіспін, ақынның стильдік ерекшелігін айқын аңғартады. Галым Малдыбаев шығармаларында тенеу табиғат көріністерін суреттеуде басты ұтымды стильдік тәсіл ретінде мол колданылады.

Тенеу таным құралы болумен катар, эстетикалық категориялардың да бірі болып табылады. Олай болуы да заңды.

Метафора мен тенеу де салыстыруға, ұқсатуға негізделіп жасалады және екеуінің де танымдық мәні зор. Метафора – қыскарған тенеу, яғни онда тенеуге тән қасиет – белгі көрсетілмейді. Т. Коныров тенеулерді метафоралық тенеуге айналдыратын басты белгі – онда тенеу белгісінің көрсетілуі және оның тек қана ауыспалы мағынада қолданылуы деп тұжырымдайды [53, 120 б.]. Ақынның ассоциативті ойлау мүмкіндігі шексіз, соған лайық ақын колданған метафоралық тенеулер де сан алуан болып келген. Ақын дискурсындағы *бори-толқын* метафоралық тенеуінің жасалуына ақынның өз танымы мен түсінігі қатысады.

Метафоралық тенеулер ұлттың дүниетанымы мен дәстүрінен хабар беруде ерекше қызмет аткарады. Себебі белгілі бір ұлт тілінің жасалуына сол халыктың танымы мен түсінігіндегі акпараттар әсер етеді, яғни кез келген нәрсөні танбалашы тілдік бірлік жайындағы ұғымы әр ұлтта әрқылы. “Тіл - жанды дүние десек, оған қан беретін, нәр беретін осындағы танымдық ой-сананың тереңінен шығатын метафоралар”. Ал F. Малдыбаевтың жеке көлтәнбасынан туған метафоралық тенеулердің барлығы да ерекше коннотациялық ренкімен ерекшеленеді.

Ақын өлеңдеріндегі метафоралық тенеулер терең ой, нәзік сезім, кейде көніл - құйді көрсетіп, ақынның өзіне тән тілдік колданысымен көзге түседі. Сонымен, ақын шығармаларында метафоралық тенеулер кейіпкерлерінің жан дүниесі мен іс-әрекетін суреттеуде және табиғат көрінісін өрнектеп беру үшін колданылған.

Ақын поэмаларында сатиралық бейне, ащы, мысқыл, сарказм да бой көрсетеді. Ол, әсіресе, теңіз кешіп, балық аулап, шешесін асырап отырған Арзының еркін өміріне кол сұққан Мырзак байдың жағымсыз бейнесін беру максатымен осы тәсілді жиі пайдаланған. Мысалы:

Тауықтың коразындағы қоқырайып,
Қарайды айбаттана шақырайып,
Әйтеуір Арзы қызға жағам ба деп
Көрсетпек болды қызға өзін лайык.

Мысықтай сирек мұртын сипап кезек,
Сықситып шегір кезін октай кезеп,
Отырды жапа-жалғыз кілем төсеп.
Бақытты адам болып елден ерек.

/«Қырым қызы», 45 б./

Ақын образ жасауда тенелген заттарының сипатын ашатын қоқырайып, шақырайып, сықситып сөздері арқылы

Арзыға жакпакшы болған байдын әрекетін мысқылдан, кекетіп көрсетеді. Бұл сөздер оқырманның сезіміне, көзкарасына мейлінше әсер ететіні даусыз.

Киіктей шынжырменен байлаудағы
Сиякты Ғұсман оған жыртқыш тағы
Егер де еріккендер сыр сұраса
Үндемес байланғандай тіл мен жағы.

/«Қырым қызы», 52 б./

Ліңдардың ішіндегі әдемісі де, нәзік, үркегі де киік, міне осы киіктің жыртқыш анның аузында аласұрып, дәрменсіз халде тұрғанының өзі оқырманның сезіміне әсер етпей коймайды. Ол аз дегендей:

Жүделі жаралы жан шөптей солып,
Сиякты тұрған кісі безгек болып.
Тұріктің патнасындай қөнілі смес,
Мастанған ат байланып, аруақ қонып.

/«Қырым қызы», 53 б./

- дең бір кезде алма ерін, бота көз болған Арзы арудың шөптей солғанын кору аяныш сезімін одан сайын коюлата түседі. Сүйгенін көре алмай, еліне, жеріне жете алмай бөтен елде көр болған жан қайғыдан, күйініштен, сағыныштан әбден құса болып шөптей сола бастайды. Ақынның тенеулері бірінен сон бірі тізбектеліп, түйдектеліп айтайын деген ойын айшықтап, көркемдеп берген. Е. Малдыбаев поэмаларында метафоралық тенеумен бірге эпитеттік тенеулер де барынша мол жұмсалады. Ақын олендеріндегі эпитеттік тенеулерде анықтауыш сөз ретінде колданылған тенеу образына көбіне ұлттық бояуы барынша қанық сөздер алынған. Белгілі бір оқиға мен құбылыстың эпитеттік тенеулер құрылымына салынып, бейнеленуі ақын өлеңдерінде жиі кездеседі.

Автордың көркемдік бояуы қалың өлең жолдары патриоттық сезімге толы, идеялық тынысы кең болып келеді. Өзінің эпикалық шығармаларының көпшілігін тарихи оқигаларға арнап, ел тынысын сол бір тұстағы тартыс арқылы танытады. Осындай туындыларының бірі «Қошан карттың әнгімесі» поэмасында тенеудің небір озық үлгілерін, асыл маржандарын жасай да, жалғастыра білді. Ақын тарихи деректер мен ел аузындағы аныз, әнгімеге сүйене отырып, поэма тағдырын өзінше барлап, өзінше шешкен. Ф. Малдыбаевтың бұл поэмасы М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасымен желілес, мазмұндас. Ғалым ақынның Мағжаннан әрі үйреніп, оны өзіне үстаз еткенін, әрі оның дәстүрін жалғастыра ілгері жылжытумен катар, көркемдеу құралдарын ойната, құлпырта, түрлеп қолданғандығын дәлелдейді. Дәстүрлер жалғасы, тәсілдер бірлігі әste де екі ақынды бір-біріне егіздің сынарындағ ұқсастыра алмайды. Олардың өзіндік ерекшелігі, дара сипаты қайткенде танылып жатады. Мағжан да, Ғалым Малдыбаев та өз поэмаларын Қекшетаудың әсем табиғатын жырлаудан бастаган. Мағжан Жұмабаев:

Окжетпес найза кия — қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айга

Бурабай — Арқа аралы, жел еркесі,
Ертеде Коңыс болған Абылайға
Бауырында Бурабайдың қалың ағаш
Кекшениң жалыменен біткен жалғас
Арудың акпен өрген тұлымындаидай
Қарагай, қызыл қайың, тал аралас

/«Батыр Баян», 233 б./

Ғалым Малдыбаев:

Кокшетау күнді сүйіп, ай тіреген,
Бурабай — көл аруы мәлдірекен.
Сұлудың шолпы таккан тұлымындағы,
Қарагай, қайың кірсіз жасыл берен.

Аралдың батырындаш шың — Оқжетпес
Күзетіп тұр аймағын көзі ілікпес.
Киінген торғауытты жіксіз көк тас.
Найзагай оқ жаудырса, бір мыңқ етпес.

Ангары — аңға қоныс наиза қия,
Болектау шатқалды құз қыранға ұя
Жүргінді толқытып тербетеді.
«Тас қазан», «Табан құлақ», «Ақ бас бура».

/«Қошан карттың әнгімесі», 188 б./

Байқап қарасақ екі ақынның сөз өрнектерін қиюластыруда өзара ұкастықтары болуымен қатар, өзіндік ерекшеліктері де көзге түседі. Ұкастықтары: Мағжан Оқжетпес тауын *наиза қияға* балап, наиза қияның өзін қыратға ұя деп көрсетсе, Ғалым ақын да *наиза қияға* тели отыра, оны көз ілдірмей аймағын күзетіп тұрган *Арасың батырына* тенейді. Бурабайдың бауырындағы қалың ағашты Мағжан *арудың ақпен орғен тұлымына* ұкастса, Ғалым ақын *сұлудың шолпы таққап тұлымындаі* деген тенеумен әрлендірген. Қаламгер суреттеп отырган көрінісін көз алдымызға әкеліп, ол туралы нақты ұғым, шынайы сурет қалыптастырады. Осы жолдардан Ғалым ақынның Мағжаннан үйренгені одан үлгі алған сөз өрнектері, ой ангары анық байқалады. Суреткерлерді ерекшелеп тұратын стилілік орнек өздігінен пайда болмайды. Екі суреткердің қолтанбасының қалыптасуына ұлттық өнердің әсері мол болған. Ақындар халықтың тіл мәйегін өз туындыларында, яғни табиғатты суреттеуде кең пайдаланған. Табиғат көрінісінің

өзінде ұлттық сана мен ұлттық ойлаудың ерекше белгілері көрініс береді.

Суреткөр колданған тенеу сөздерінің бір тобы - эпостық-батырлық жырларға тән дәстүрлі тенеу ұлгілері. Бұл - көнеден келе жатқан көркемдік дәстүр жалғастығы. Алайда, акын халық поэзиясында бұрыннан тұракталған бейнелі сөздерді жандандырып, түрлендіріп көркемдік әсерін арттыра түседі, айттар ойна лайыкты қолдана біледі.

Поэмалың басты кейіпкөрі - Бұлан батырдың /Магжан поэмасында «Баян батыр»/ бір жорықтан алып келген қалмақ қызының портретін ауыз әдебиетіне тән сөз нақыштарымен берген. Мысалы:

Жасы бар он алтыда ажары айдай,
Бетінің қызылы алма, ағы таңдай
Барқыт шаш, акку мойын, уыз білек
Ақ еті сонардагы ұлпа кардай.

/«Қошан карттың әнгімесі», 123 б./

Сондай-ак.

Білмеймін бек қызы ма, хан қызы ма,
Үксайды көктің Шолпан жұлдызына
Қаңбактай дауыл айдал сайга тыққан,
Әлде бір жарлы жанның жалғызы ма?

/123 б./

-деп аруды *коктің Шолпан жұлдызына* ұқсатады.

Ғалым Малдыбаев поэмаларының көркемдік жүйесінде тенеулердің эстетикалық мәні елеулі. Қалмақ қызын суреттеуде дәстүрлі ұлғіні Магжан да өте ұтымды қолдана білген:

Сол сұлу, сұлу екен аткан таңдай.
Бір соган бар сұлулық жиылғандай

Торғын ет, шакпактай бет, тісі меруерт,
Сөздерді су сылдырап күйылғандай.
Бір улан көзкарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.

/«Батыр баян», 236 б./

Ақын тенеуді кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттауда шебер колданған. «Қошан карттың әңгімесі» поэмасында Сана қызы батырга жігерлене, ашына сейлейді:

Бұланға деген сұлу: «Жалынбаймын,
Корласаң дауыл күнгі жалындаймын
Жібекті ұстай алмай, жұн еткенге
Сынаптай сырғып кетсем, табылмаймын»

/«Қошан карттың әңгімесі», 123 б./

Ғалым Малдыбаев поэзиясындағы тенеу сөздер тобы табигілігімен, тартымдылығымен ғана емес, тосындылығымен де өзгеше. Жат елге тұтқын болып келгенімен, өзінің өршіл, кайсар мінезімен батырдың алдында басын имеген арудың бейнесін осындай өткір сөздер арқылы аша түскен. Автор жалындаймын, сынаптаймын деген тенеулерді ұтымды пайдаланған. Ақынның тенеулері жалаң алынбай, оның сыны, сипаты қоса беріліп отырады. Осы бір тұстағы тенеуде ару мінезі жай ғана жалын емес, дауыл күнгі жалынға тенелген. Ал бізге дауыл күнгі оттың лапылдан, жалындан, өршелене жанатыны белгілі. Ақын поэма желісіне осы сияқты шындықтан өрбіген, жана мазмұнға ие болған, тыңнан табылған тенеулерді молынан енгізген.

Казактың жазба поэзиясында халқына танымал болған, оның сый-құрметіне, кошамет, мактанышына айналған салсерілдерді, балуандарды, жалпы өнерді, өнер адамдарын жырга қосу дастүрге айналған.

Осындай дәстүрдің жалғасы ретінде жазылған «Қажымұқан» поэмасында да тенеудің небір мәнерлерін тілге тиек етіп, көркем ойды ұтымды бейнелеген. Көркем туындыда көріктеу құралдары сөз сұлулығын, бейнелілігін ғана жасамайды, ол характер жасауға да, суреткөр стилін даралауда да қызмет етеді. Осы поэмасында ақын тенеудің өзімен-ақ қазақтың намысын бермес балуаны Қажымұқанның көркемдік реалистік образын жасаған. Жыр жолдарын оқығанда Қажымұқанның түр-тұлғасы түп-тұтас көз алдына келеді:

Қажымұқан — құш атасы, ер ағасы,
«Ей» десе, намыс бермес ел баласы
Жұп жуан бас-мойыны бейне күмбез,
Жауырыны Қекшетаудың такта тасы.

Көп адам иығынан келмейді оның
Оқжетпес шыны-ау дерсің жота-жонын,
Еменнің тұбіріндегі жұдырығы
Қос атан жаза алмайды екі колын.

/«Қажымұқан», 28 б./

-деп, ақын балуанның бас-мойының күмбезге, жұдырығын еменнің тұбіріне ұқсатады.

Ақын онымен коймай қос атан жаза алмайтын колдарын ерекше оқшаулап көрсеткен. Оның тенеулерінің терен магыналы болып келеттінін еменнің тұбіріндегі сөз тіркесі-ақ дәлелдеп тұр. Неге осы ағаштың түрін алған? Себебі емен берік, мықты, төзімді, тамырын терен жаятын ағаш. Осы жалғыз тенеу арқылы балуаның сипатын айқын анғартып, көп сөзділіктен құтылған. Іріліктің, қайраттылықтың символы атан түйені келтіру арқылы балуанды ерекше ерен күштің, ірі тұлғаның иесі ретінде сипаттаған. Ақын өлеңдерінен ұлттымызға барынша жақын тенеулерді молынан кездестіруге болады. Әрине бұл сөздер – мәдени мәнгө ие, әрі ұлттық мәдениетіміздің бірден-бір

көрсектіші. Ақын қолданған тенеулер ұлттық тілдің белгісін, танбасын білдірумен құнды болып келеді.

Ақын баска кейіпкерлерінің бейнесін бергенде *иілген қоңыр қаздағы мойны бар* деп суреттесе, балуанды мұлде ұксамайтын сөз өрнектерімен бейнелеген:

Жоталы жауырынды бойы биік,
Бураның өркешіндей екі иық
Сейлесе қызыл тілге сондай шешен,
Қасынан кете алмайсын көрсөн қыып.

/«Қажымұқан», 29 б./

Г. Малдыбаев дискурсындағы тенеулер ойға келмейтін әртүрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын тенеуімен ерекшеленеді. Мысалы, «Бураның өркешіндей екі иық». Бұл жерде *бура* лексемасының мағынасы «төрт тұлік малдың бірі» дегендегі білдіретін лингвомәдени бірлік.

«Жаса!» деп айгайлады Саракиқиге.
Лақтырды қыздар гүлді үйме-жүйме.
«Қажымұқан» деуші залда бір адам жок,
Бурадай тісті кайрап тұрмын мен де.

/«Қажымұқан», 116 б./

Санындај жас бураның екі саны,
Күбілей жұмырланған балтырлары,
Шынығып шымырланған ұлы дене,
Секілді кереге тас кеуде алабы.

/«Қажымұқан», 29 б./

Түп-түгел тенеуге құрылған шумақтар. Г. Малдыбаев тенеулерінің көпшілігі төрт тұліктің ішіндегі түйе малына байланысты, оның ішінде поэмаларында «бура» бейнесі жиі

алынғандығын аңғарамыз. Қажымұқанның екі иғының бураның оркешіне тенесе, сандарын жас бураның сандарына ұқсатады. Яғни, ақынның танымында бура ірліктің, ерен күштің белгісі ретінде орнықкан. Екінші шумакта балтырларын құбіге тенеп, накты сурет жасаса, кеудесін кереге тасқа балаған. Ақын табиғатты суреттейтін көріністерінде казак ұлтына тән сөздерді молынан келтірген. Ұлттық тану мен танытудың жолдары әртүрлі, тек оны ұғына алу керек. Өмірі киіз үй тігіп, жылқы малымен айналысып, қымызын ішкен халқымыздың көркемдік үғым-тұсінігіне сәйкес айқын елес беріп, көп әсер туғызатын сөздерді ұтымды пайдаланған. Қымыз пісіп, оны ішіп көрмеген, киіз үй құрмаган ұлттың санасына бұл тенеулер солғынға на асер етуі мүмкін. Өлең сөздің өміршендігі халықтың тұрмыстіршілігімен, ой-өрісімен жалғасқан жағдайдаға жаңдана түседі. Қазак халқында кереге, құбі, қымыз – этномәдени атауга ие болған зат атаулары. Ж. Манкеева мұндай лексемаларды лингвоелтану аспектіде зерттеліну кажеттігін айтады [1, 10 б.].

F. Малдыбаев өлеңдерінде ұлт тіліне тән тенеулер мол колданылып, ұлттың мәдениетін, ерекшелігін танытуға қызмет еткен. Бұл тенеулер арқылы ел мәдениеті, ел тарихы ашила түсken. Осы өлең шумактары назарымызды портретке қарай аударса, келесі жолдар оның ішкі дүниесінен хабардар етеді.

Салмакты міnezі бар, сөзі қыска,
Әзілге аз айтса да өткір ұста
Ақылдың, ой-сананың иесі ол
Сезімтал, ұқсас ұшқыр қыран құсқа.

/«Қажымұқан», 29 б./

Балуанның ерен күштің иесі гана емес, ұшқыр ойлы, ақыл-парасаттың да адамы екенін үшкір қырап құсқа тенеу арқылы білдірмек болған.

Басыма жау мысықтай міне кетті
Апыр-ай, атқан оқтан шапшан епті

«Жолбарыс» құлағыма салды аузын,
Сығымдап көс саусағы кенірдекті.

немесе.

Сол көлым желкесіне конды мықтап,
Оң көлым беті-аузын түрді уысталп
Бүркіттей он саусакпен бүріп басын,
Һауи! деп жерге ұрдым ашу қысталп.

/«Қажымұқан», 116 б./

- деп, жапон балуанын мысыққа тенеп, оның сипатын әрекетімен қоса өріп суреттесе, жекпе-жек үстіндегі өзінің күресу тәсілін бүркіттей бүруп айшықтаған. Тек бүркітке тенеп коймай, оның қимыл-әрекетін бірге алу арқылы жанды көрініс жасаған. Бұл тенеулерде өмір шындығын көріп байқагыншық, тапқырылқ пен шеберлік - бәрі бір жерден келіп тоғыскан.

Г. Малдыбаев туындыларының тіліндегі наәзік иірімдер акын сезімінің, акын санасының жемісі. Басынан кешкен сұлу сезіммен олең өрнегін салады. Суреткердің шыгармасында табигат корінісін бейнелеуде сөзді тұра мағынасында да, ауыспалы астарлы мәнде де қолданылатыны белгілі. Антоним, синоним, неологизм, архаизмдер тілімізде тұра мағынасында да, ауыспалы, астарлы мәнінде де қолданылатын сөздер катарына жатады. Создердің қолданылу ерекшелігіне қарай айтпак ойды, пікірді астарлы, түспалдап беру. Әйтпесе құбылысты, затты суретті, табигат кейпіне еніп тұрған образды жеткізу секілді сан алуан мұмкіндіктер бар.

«Ақ келін» поэмасының «Серуен» бөлімінде арканың сұлу табигаты, содан алған әсерін әсем сөз маржандарымен кестелеп берген. Мысалы:

Тосінде Жасыбайдың көлі күміс,
Сиякты қымыз құйған алтын ыдыс.

Сақтайды жанынды сау, жасынды ұзак,
Арнасы тасқын дәulet, өмірге ырыс.

/«Ақ келін», 153 б./

Бауырында Сабынды көл тасты жуган,
Жұз бұлак жан-жағынан тынбай құйған
Екі көл мандайдағы екі көздей,
Жағасын меруертпен тепшіп жиган.

/«Ақ келін», 153 б./

- деп суреттесе, мына бір жолдарда:

Бәрі де Ақкеліннің есігінде.
Кені бар Ақкеліннің бесігінде.
Ор тауды орап алған зерлі өзен ,
Келіннің белбеуіндей осы күнде.

/«Ақ келін», 154 б./

Қыздырған қызығымен тау төбесін
Бітірді Тұсіп шахтер әңшімесін.
Тулаған Бурабай да саябырладап,
Сүйгізді алтын күнге аппақ бетін.

/«Шахтер», 100 б./

Ақын шеберлігі тенеудің бірінен соң бірін тогыстырып, әдемі, әсерлі өрнек сала білуінен айқын танылады. Көбіне Ғалым Малдыбаев дискурсындағы тенеулер ойға келмейтін әртүрлі заттар мен құбылыстарды бір-біріне тосын тенеуімен ерекшеленеді. Халықтық психология, тұрмыстық әдет-ғұрып, этнография ақын жырында өзіндік мәнер тауып, ішкі ырғак, тосын тенеу, терен ойға жетелейтін емеурін арқылы беріліп отырады.

Автор көлдің рен әдемілігін құміс әпитетімен беріп қана шектелмей, бірде оны қымыз құйған алтын ыдысқа баласа, бірде екі көлді мандайдағы екі козге тенеп, жан-жагынан құйған бұлактарды жағасын меруертпен тепшіп жиган деп арлеңстірген. Өзеннің әдемілігін келінің белбеуіне ұқсатуы да авторлық киялдың жемісі.

Ақын үнемі тың ойлар, көркемдеу құралының жана бояуларын табуга тырысып отырған. Көркем шығармалардағы тілдік бірліктердің авторлық қолданысын Р. Сыздық: «Көркем шығармада көріктеу құралдарының қай-қайсының да авторлық түрлері басым болып келеді. Бұл – жазушының дүниетанымына, содап кейін алатын ой түйініне тікелей байланысты құбылыс», - деп түсіндіреді [52, 31 б.].

Ғалым Малдыбаевтың көркемдеу құралдарының тенеу түрін қолданудағы жанашылдығы, ешкімнің ойына келмейтін жерден сөздерді ойнатып, құлпыртып, құбылтып шыгара қоятын немесе ойда жоқ жерден, тереңнен ұқсас құбылысты тауып алып, жаңадан тіл шұрайлығын жасай қоятын тапқырлығы мен үшкырлығында. Мысалы:

Табиғат шеберсің-ау өнері артқан,
Ақ келін бейне ана ұйықтап жатқан,
Кос корық, кең бидайық малға, жанга
Ананың әмшегіндей ұзызы акқан.

/«Ақ келін», 95 б./

Екінің бірінің ойына келе бермейтін және өзінен бұрын ешкім айтпаған, талант өресін танытып тұрган жолдар екені даусыз. «Ақ келін» тауын ұйықтап жатқан атага теней отыра, оның бауырындағы корыкты ұзызы аққан атапың әмшегіне ұқсатады. Оқырман кекірегіне соншалық жылы да женіл әсер ететін халыктың байырғы образдары арқылы өте шебер келістірген. Алғыр ақынның ойы, образы суреттеп отырған объектісімен кабысып отырады. Ол жерін мадактап, көтере жырлаумен катар, елдің ырысы, игілігі екенін айта жырлайды.

Откір ойды образға ораган астарлы тенеулерін акын ертегі-аңызға құрылған «Алтын балық» дастанында да көптеп колданған.

Көктемде құміс өзен кетер тасып
Керуендей аппак сендер жардан асып

/«Ақ келін», 154 б./

- деп келген жолдар қазақ халқының қошпелі өмірінен бір көрініс беріп тұрғандай. Ақын өзен бетіндегі сендерді *керуенге* ұқсатып, өзінің аскар қиялyna бой алдырган.

Қазақ ұлтының тіршілігінде жылқы малының алатын орны ерекше. Эпостық жырларда батырдың тұлпарын ер жігітпен, сұлу әйелмен қатар қойып бейнелейтіні тегін емес. Ақынның «Көрүглі» дастанында бастан-аяқ тенеу салыстыруларды тірек етіп отырған:

Қос құлагы көлге біткен құрактай,
Екі көзі жанып тұрған шырактай
Танауынан шықкан лебі бұрқырап,
Тасты жарып шықкан күміс бұлактай.

/«Көрүглі»/

Берілген мысалдарда тұлпардың әр мүшесі үнемі салыстыру арқылы айқындала түседі. Мұндағы тенеулерді топтап құрай отыра, бірыңгай тенеумен аяктап отыру да халық ауыз әдебиетінің батырлық жырларының үлгісіне сәйкес келеді. Бұл дастанда колданылған акынның түгелдей дерлік тенеулері әпиттетті тенеуге жатады. Себебі, ол тенеуді жалан алмай, үнемі оған тән әрекетімен, сипатымен қоса жандандырып отырған.

Арғы бетке жолбарыстай дұрс етті.
Батыр атқан садақ оғы секілді.

/«Көрүглі»/

-деп. тұлпардың көз ілеспес жылдамдығын, шапшаңдығын батырдың атқан сақақ оғына ұксасып, тенеудің ұлғайған түрін жасаса. оның кайраттылығын, мықтылығын жолбарыстай тенеуімен айқын білдірген.

Тенеудің бүкіл троптарға негіз болатыны, яғни, барлық троптардың өз бастауын тенеуден алатыны белгілі, демек, тенеу троп атауының бәрімен ұштасып жатады. Сөздің көріктілігін, мәнділігін, әсерлігін күштейтуде әпитет пен тенеу бірін-бірі толықтырып отырады.

Коркемдік құралдарының ең бір айшықтысы, өткір құралы - әпитет, негізінен ұлттық поэзияның корында бар, ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүр. Аспанның кеңдігі мен аскар таудың биіктігіне, күн мен айдың, жұлдыздың жарығына, боран мен дауылдың дүлейлігіне байланысты туған айқындауыштар, яғни әпитеттер поэзия өмірге келgelі өріліп, жалғасып, дамып келе жатқан құбылыс. Л. Озеров: «Айқындау - ой өрісі, интуиция, қырағылық. Ол жеке бір ақынның ер жетіп, толықандығының белгісі емес, әдебиеттің кемелденіп өсқендігінің айғагы», - деп жалпы әдебиетпен байланыстырыса [55]. С. Негимов: «Шын мәнінде, әпитет сөздер ақынның өмірді, табигатты терен білуімен, жан-жакты зерттеп жүруімен, соның бәрін ойда сактарлық алғырлық, жітілік, байқампаздық кабілегімен байланысты туындал жатады», - деп ақынның өзіндік орісімен қабыстырыған [51, 121 б.]. Ал енді осы әпитеттің Б. Мейлах 4 түрін, яғни, 1/ зат есімнен; 2/ сын есімнен; 3/ есімнеден; 4/ косемшеден жасалатын көрсетеді [56, С. 80].

Қазак тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынов: «Бір нәрсенің көптен айрып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқымыз келгенде ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз косып айтамыз. Мәселен. Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек деу айқындау мақсатпен айтқаннан шықкан... Сондықтан айқындаудың бұл түрі тек айқындауғана болады... Мұнан басқа көркейту мақсатпен айқындау бар. Мәселен, «қызыл тіл», «ак сұнқар», «шалқар көл» дегенде, «қызыл», «ак», «шалқар» деген сөздерді көбінесе көркейту үшін айтып жұмсаймыз. Сондықтан айқындаудың бұл түрі көркейту деп

айтылады» [57, 184 б.]. – деп көрсете келе, қызметіне қарай оны айқындау және коркейту деп ажыратады. Галым эпитеттің 6 түрін қарастырган: 1/ сын есім арқылы; 2/ тавтологиялық жолмен; 3/ тұракты айқындауыштар; 4/ құрделі айқындауыштар; 5/ әсірелеуге құралған айқындауыштар; 6/ индивидуалдық-авторлық айқындауыштар. Эпитетсіз көркем шыгарманың болуы мүмкін емес, әр суреткер тыңнан тауып, өз эпитеттің әлеміне сапар шегуі керек», - деп эпитеттің қолданылуына зор мән берген.

Эпитеттер поэзия тілінде көркем бейне сомдай келе, автордың дүниетанымын, эстетикасын, белгілі бір затқа немесе құбылысқа деген субъективті көзкарасын, идиостилін танытатын көркем дүниелер болып есептеледі. Расында да эпитетсіз ақын мөлдір сезімін, аскак арманын әсерлі, ұтымды етіп қағаз бетіне түсіре алмайды. Эпикалық өрнек пен қаһармандарының жан-дүниесін, сыртқы сипатын астастыра суреттеуде Галым Малдыбаев тыңнан жол салып, фольклорлық дәстүрді шебер пайдаланады. Суреткер шеберлігінің танылар жері, образ дәлдігі мен бейнелілігінің көрінер тұсының бір кепілі - эпитеттермен байланысты екендігі анық. Жарқын бейне, айқын эпитеттер образды көркем де бейнелі, нақты да терен сезінуге әкеледі. Ақын эпитеттерінің жасалу жолдарын мынадай магыналық топтарға бөліп қарастырамыз:

Кейіпкерлерінің портреттерін бергенде, олардың мінсіз бейнелерін көз алдымызға әкеледі. Мысалы:

Оралып он алтыға жасы келді,
Бұралып қынай буды қыпша белді.
Арзының аткан оғын әкеле алмас
Басқа қыз тырысқанмен тырнап өнді.

/«Қырым қызы», 14 б./

Ақ жұзді, бота көзді, қара қасты,
Қыр мұрын, алма ерін, жібек шашты.
Қаз мойын, каршыға төс, кептер иық,

Сабырлы, жаркын мінез, ықыласты.

/«Қырым қызы», 14 б./

Арзының бұлай суреттелеуі сырт карағанда лиро-эпос жырларымсın үндес келгенімен, акын Арзыға өзінше келген. «Қырым қызы» поэмасы идеясы жағынан, композициялық құрылышы, тіл шүрайлығы жағынан өз алдына бөлек дүние. Арзының ажарын бейнелеу мақсатымен ақ жүзді, қара қасты, қыр мұрын, жарқын мінез, бота көзді, алма ерін, жібек шашты, қаз мойын, қаршыға тос, кептер ишк деп өрнектеген. Айқындауыштарының бәрі айқындастырын сөздерінің алдында келіп, түгелдей әпитеттен құралған өлең шумагын тудырган. Сондай-ак бұл әпитеттер жаңалық емес, халық ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі акын-жазушылардың да колдануындағы әпитеттер. Халық даналығының жемісін Е. Малдыбаев ұтымды пайдаланған.

Портрет жасауда көркемдік дәстүрді орынды жұмсағанын «Қошан карттың әнгімесі» поэмасынан да ангаруга болады.

Жасы бар он алтыда ажары айдай,
Бетінің қызылы алма, ағы таңдай.
Барқыт шаш, ақку мойын, уыз білек
Ақ еті сонардағы ұлпа қардай.

/«Қошан карттың әнгімесі», 123 б./

Қазак халқы қашаннан акқуды сұлулықтың символы, киелі құс ретінде кастерлеп келеді, сондыктан оны жырга қосып, арудың сипатын бергенде тілге тиек етуі занды да. Ал уыз әпитеті арқылы білектін жай ғана емес, мұлде жас, өте жас екеін көрсетіп, мазмұнын қүшейтіп түр. Осы орайда, С. Дүкенбаевтың «әпитет - казакша косалқы деген ұғымды берелі. Ол белгілі бір қасиет пен сапаны анықталатын сөзбен тіркесіп кана анықтайды. Сөйтіп, ол сөзге әпитет өз магынасын, өз қасиетін ауыстырады. Ол адам киялы мен сезіміне, көніліне

ерекше әсер ететін қасиеттерді даралап көрсете үшін колданылады», - дегеніндей, акын белгілі бір қасиетті осындай кестелі құралмен айшықтап көрсете білген [58, 42 б.].

Ежелден ан аулау кәсібімен айналысқан халкымыз аң-құстардың сипатын, қасиеттерін жаксы білген. Әрине оның ұлтымыздың ой-санасынан, сөз өрнегінен орын табуы да табиғи нәрсе. Мысалы:

Болмаған құрескенде тендесі де,
Атанған «түйе балуан» он бесінде.
Ак құба, бүркіт қабақ, марал көзді,
Сұмбідей мін жоқ екен келбетінде.

/«Қошан қарттың әңгімесі», 124 б./

Акын дәстүрге арқа сүйей отыра, өз оюын салуға ұмтылады. Суреткер поэмаларында эпитеттер контекстегі эстетикалық магыналық қырларымен дараланады.

Суреткердің эпитетті колданудағы келесі бір қыры - адамның ішкі-сирткы сезімін, мінез-құлқын айқындауда жиі пайдаланған. «Қырым қызы» поэмасында небір орынды колданылған көркем айқындауыштарға кез боламыз. Бар дүниесінен айрылған, тоналған Ғазиз байдын кейпін беруде пайдаланады:

Бакырып «Қайран мұлкім, дүнием» деп,
Бұрқанып өз мандайын өзі ұрды.
Қай дұшпан бұзды екен деп ашуланды,
Қанталап екі көзі оттай жанды.

/«Қырым қызы», 12 б./

Бұрқанып, қанталап эпитеттерімен байдын дүниеконыздығын аша түскен.

Акынның эпитетті колданудағы келесі ерекшелігі - сол суреттеп отырган оқиғаның болған уакытын, кезеңін айқындауда, сол сияқты кейіпкерлерінің қоршаған ортасын

көрсөтүде шебер пайдаланған. Әкесінен жастай жетім қалған Арзы мен жесір шешесінің қорғансыздығын, панасыздығын:

Теніздің жағасында тастан күрке,
Тобеден катымыр тау басқан күрке.
Ішінде күніренген екі жетім
Күнелткен көздерінің жасын ірке.

/«Қырым қызы», 13 б./

Оныз да ауыр тұрмыстарын басып-жаншып катымыр биік тау тұр. Ақынның өз қаламынан шықкан тыңнан табылған бейнелі сөз. Арзының қүйі осындай болса, Мұстапаның да өмірі шалқып тұрмаған.

Мұстапа- көптің бірі, зәбір көрген,
Жоқтық пенен кедейлік бұған ерген.
Алды - жар, арты - тұйық, меніреу тұрмыс
Кигізген жас балаға отты жүген.

/«Қырым қызы», 15 б./

Тағдырың қыспағынан бұлтара алмай меніреу тұрмыстың азабын тартқан. Ақын сын есімнен жасалған меніреу эпитеттің еш сапылауы жок, жаксы өмірдің нышаны байқалмайтын өмірді көрсете максатында сәтті пайдаланған.

Ақын шыгармаларында эпитеттік колданыстың ерекшелігі, көркем пейзажды негізгі кейіпкерлердің тағдырына байланысты суреттеген. Автор табиғат сұлулығын, оның тылсым күшін кейіпкердің қоңіл-қүйімен астастырып, адамның ішкі әлемін, сезім нірімдерін ашуға пайдаланады. Балық аулап күндерін көрген Арзы тенізге шықкан күні:

Құрқіреп қап-қара бұлт теніз бетін,
Басады албастыдай емін-еркін.
Дәу пері дауыл оған дабыл қағад.

/«Қырым қызы», 17 б./

Оқиғаны одан әрі қоюлата тұсу максатымен көтерілген дауылдың сипаты *дау пері* эпитеттерімен тіркестіріліп, жаңадан образды сөз жасалған. Арзының ажалдан аман қалған қуанышты сәтін табиғатпен астастыра суреттеуі де үтүмді.

Мисхордың бақшасы бар гүл жапырақ
Самалы, жұпар исі бейне жұмак
Сылдырап, сүйрәндеген, сынғырлаган
Ақ күміс, бал ләzzәтты аккан бұлак.

/«Қырым қызы», 20 б./

Көріп отырганымыздай ақынның бұлакы - жай бұлак емес, асау бұлак, ерке бұлак, ішкеннің мейірін қандыратын мөлдір бұлак. Сонымен катар, бұлактың ағысының әсемдігін «сылдырап, сүйрәндеген, сынғырлаган» эпитеттерімен бейнелеген.

Г. Малдыбаев – дыбыс үйлесімділігіне де айрықша көніл бөлөтін ақын. Шығармаларындағы табиғат көріністерінінде дыбыс қайталаулары да (аллитерация, ассонанс) жиі ұшырасады. Көркемдік, бейнелілік қызмет атқаратын синтаксистік құралдардың катарына сөйлемнің бірыңғай мүшелері де жатады. Олар арқылы жалпы жайдың, тұтас күйдің тетіктері суреттеледі, табиғат іс-әрекетінің шапшандығы көрсетіледі.

Ғ. Малдыбаев поэзиясындағы эпитеттік қолданыстың келесі бір ерекшелігі - эпитет сөзге эпитетті тіркестіріп қолдану. Жоғарғы мысалда тек күміс бұлак немесе ләzzәтті бұлак дег алуына болушы еді, бірақ *ақ* эпитеті *күміс* эпитетінің алдында келіп, бұлактың мөлдірлігін, тазалығын, рен әдемілігін беріп тұрса, *бал* эпитеті *ләzzәтті* айқындаумен тіркесіп адамға ерекше әсер етіп, ракат сезімге бөлейді. Бұлактың ағысының әсемдігін «сылдырап, сүйрәндеген, сынғырлаган» эпитеттерімен

бейнелеген. Осылардың ішінен *сыңғырлаған* эпитеттің мәні де, сәні де ерекше, аса сұлу сипатталған. Бұлай қолданылған бірнеше эпитеттердің ішінде біреуі аса дәл, қанық алынуы дәстүрлі құбылыс. Осы түйген ойымызды Л. Озеров: «Из трех эпитетов, приложенных к существительному, один всегда будет наиболее точным, а остальные два безусловно будут ему уступать»,- деген пікірі дәйектейді [55]. Өмірден түнілген Арзының тауга барып мұнын шағып тұрган сәтін:

Сен тұрысың қоқырайып қоқырлы құз,
Жылап тұр көзін басып бір жетім қызы.
Тезірек жыртқыш аңды жібер-дағы
Жегізіп тар тұрмыстан күдер үзгіз.

/«Қырым қызы», 24 б./

Жаңадан, мұлдем бұрын қолданылмаған, ақынның жеке сөздік корынан, ассоциациалық ойынан шыққан айқындаудар. Ақынның қолданған эпитеті тауга айқын мағына берген, сөздегі суретті дәлдеп, ойдың ықпалын күштейткен. Эпитет тауды суреттегендеге оған айрықша өң беріп, табигат суреттерін дәл өрнектеуге қызмет етіп тұр. Мұндай өң, рең болмаған жерде суреткердің тілі де көрер көзге солғын тартқан болар. Құз сөзінің алдынан әдетте шын, биік деген сөздердің тіркестіру тұракты сипат алған, ал ақын *қоқырайып, қоқырлы* айқындаударының тіркестіру арқылы кейіпкердің концепт-қүйінің соңшалықты пәстігін көрсеткен. Табигаттың әрекетінде ашу, бір ызгардың нышаны байқалып тұр.

Ақын танымындағы биік тау ұғымы біз көріп немесе естіп жүрген зангар тау, зәулім тау емес, ол – *қоқырайып тұрған қоқырлы тау*. Таудың биіктігі емес, кейіпкерінің жанын езіп тастардай кейіптегі коркыныштылығы алдынғы орынға шығады. Бұл ақын қолданысында гана кездесетін тың эпитет. Мұндай эпитеттер ақынның ассоциативтік ойлау жүйесінің шексіздігін, тілдік санаасындағы дүниелік білімнің молдығын, “галамдық тілдік бейнесінің” көндігін анфартады.

Фалым Малдыбаев бір әпитетпен бірнеше мағынаны білдіруде тапқырылық танытып отырады.

Айнымас ақ жолынан Арзы берік
Ерлігі ақ жүрекке болған серік,
Ар үшін ақ орданы керек қылмай.
Патшадан колын сілтеп шыкты безіп.

/«Қырым қызы», 59 б./

Үзіндіде қайталанған түбір сын есімнен болған *ақ* әпитеті айрықша екпін, нақыш беріп тұр. Әдетте *ақ* айқындауышы арудын портретін жасауда, көркемдігін, рен әдемілігін беру үшін колданылады. Бұл сөзді автор әр түрлі мағынада жүмсайды. Бір өлеңнің немесе шумактың ішінде бірнеше рет қайталауы мүмкін, бұл жағдайда *ақ* сезіне жаңа бояу, ренктер береді. Бұл жолдардан мынадай тіркестерді де кездестіреміз: бірінші жолда - *ақ* әпитеті адалдықтың символы ретінде колданса, екінші жолда - кіршікісіз тазалықты, пәктікті білдіріп тұр. Үшінші жолда - *орда* сезімен тіркесіп тұракты тіркес жасаған.

Ақын, сондай-ақ, табиғат құбылысын адамға, жануарға тән қасиет, іс-әрекетпен айқындауда шынайы өмірді дәлме-дәл суреттейді. Оның ақындық шеберлігін, сырлы да, сезімді суреткөр екендігін көрсететін осындағы образды жолдарды көптеп кездестіреміз.

Айтқанда Тұсіп шахтер осы күйді,
Көл толқып, додданып тау, қабак түйді.
Кенеттеген салқын жел де көтеріліп,
Қарағай, қайындардың басын иди.

Құс шулап карғыс айтты жауыздарға.
Ақ көбік ұрды ашумен төсін жарға.
Жаулардың қылғыгына лагнат айтып,
Құс пен аң тарап жатты тауга, нуга.

/«Шахтер» 97 б./

Толкындар аунап, тулап, бұйраланып,
Тау-тасқа жиектегі сокты барып
Солж етіп зәресі үшіп ышқынады,
Қайыкты кетсе дауыл қағып алып.

/«Қырым қызы», 60 б./

Аунап, тулап, бұйраланып – эпитеттері оқырманның сезім дүниесіне әсер етіп, эстетикалық әлеміне нәр беретіні күмәнеіз, әрі ешқандай жасандылығы жок шынайы, санаға сінімді, конілге қонымды жолдар. Ақынның табиғаты адамға тілектес, жауыздыққа, опасыздыққа жаңы қас тірі құбылыс. Табиғат – ол өмір сыры. Өмір сырын көркем кестелеп бейнелеу құралы тіл болғандықтан, ақын әрбір сөзді қолдануға талғаммен, жауапкершілікпен караған.

Құбылыту түрлерінің ішінен Фалым Малдыбаевтың аса үлкен шеберлікпен қолданған айшыкты өрнегі - кейіптеу. Кейіндерлерін немесе уакиғаға катысты басқа да заттарды. нәрселерді коршаған ортага байланысты әрекеттерді суреттеуде F. Малдыбаев кейіптеуді оте бір кисынды пайдаланады. Дәлірек айтқанда, контеген заттар адамға тән қасиеттерге «ие болып», адамдарша козгалады, әрекет етеді, адамдарша әр түрлі эмоциональдық көріністе бейнеленеді. Суреткер қандай тақырыпка қалам тартса да, құргак сөз, бос баяндауға ұрынбай, ойын дәл және бейнелі, суретті етіп көрсетуге жиі барады. Сондайы образға тірек болған сөздері — ан-кус, төрт түлік мал, аспан деңелері, қыскасы, табиғат құбылыстары. Ягни, табиғат құбылыстары тәрізді жалпы жансыз заттарға адамның қылышын теліген суреттер де мол. Солармен ақын тілдеседі, жанын құйзеген алғебір сұрактарға жауап іздейді.

Ақын поэмасының жаны ретінде, нәрі есебінде пейзажды шеберлікпен игеруінде дәстүрлі өрнектер мен бейнелі сөздер жай безендіру үшін ғана алынған өрнектер емес, шығарма шырайын арттыру үшін қолданған көркемдік қызметі аса зор құралдар. Ол табиғат көрінісін құбылта, жандандыра отырып.

оны адам тағдырымен, әрекетімен, өмір көрінісімен коса алып, сонымен бірлікте жырлайды.

Аскактап асау толқын аласұрды,
Есалан, ессіз, күшті толқын жынды.
Қақпалап, қақпақылап жел қайықты
Үйіріп екпінімен мазак қылды.

Ак көбік аспанға атқан араласып,
Арнаға түсер емес мауқын басып.
Көк толқын сатыр-сұтыр жатты тулап.
Желкеден бірін-бірі тартып қашып.

Құркіреп кап-қара бұлт теңіз бетін,
Басады албастыдай емін-еркін.
Дәу пері дауыл оған дабыл қағад.
Дегендей терең теңіз «Желпін! Желпін!»

/ «Қырым қызы», 17 б./

Алдымызда тұтас бір картина тұрғандай. Ақын табигатқа жан бітіреді, қимылдатады, сезіндіреді, сөйлетеуді. Тулап жатқан көк толқынның бір-бірінің желкесінен тартып қашуы, асау толқынның аласұрып, қайықты үйіріп мазак қылуы әсерлі суретtelген. Метафора, теңеу, эпитет деген сияқты көркемдік құралдары өріліп келіп, кейіптеу туғызған. Ақын бұл жерде кейіптеуді осындағы киындықтарға карсы тұра білген қаһарманның бейнесін ашу мақсатында пайдаланған.

Ыстық қол жылытқандай қыздың жанын.
Толғантып, тулатқандай жүрек қанын
Құттықтап көктің құсы сайрай берді
Бұлғандап гүлдер соқты алақанын.

/«Қырым қызы», 21 б./

Жастанмен тілекtes болған олардың аман қалғандарына риза болған құстар, бұлғаңдаған жаіқалған гүлдердің алақат соғуы жанды да жарқын көрініс. Адам жанының құпия қалтарыстары, күйінші мен сүйініштері табигатпен шебер астастырылған.

Күн батты, тау қалғыды, жел тынықты,
Түсірді теңіз тұман шымылдықты
Тонірек маужырады бәрі жым-жырт
Ымдасып, жұлдыз гана қөзін қысты.

/«Қырым қызы», 32 б./

Ұялып қарамайтын күн қөзіне,
Жұлдыздар жымың қакты құмбезінде
Ұшады жер ошактан ашы түтін,
Кім білсін, құрт қайнатқан құл ма, күн бе.

/«Қошан карттың әнгімесі», 131 б./

-деп. козге елес беретін образды сөздермен бейнелеген. Сезім шыныңын суреттеуде, ақын кейіпкерлерінің көніл-күйін табигат аясында алып көрсетеді. Нәзік, терен лиризм. Бұл - жапсыз табигат суреті емес, адамның жан толқынысы, жүрек лүйілі, ғашықтар тілі десе де болады. Табигат пен адам өзара үндеестік тапқан.

Тұн болды Қырым ішін тұнек басты.
Қантады қалың тұман қара шашты
Тау қалғып, тас бұйығып, орман ұйықтап,
Дел-сал боп гүлдер басы салбырасты.

/«Қырым қызы», 89 б./

Шынында қалғып, бұйығып, ұйықтап, дел-сал болу тек адамға гана тән әрекеттер. Төніректің бәрі мұлгіп, өзінді бір тұпсіз тұнғынкка әкетіп бара жатқандай сезінесін. Жансызға жан

бітіріп, адам мен табиғатты үйлестіре отыра, әсем көрініс, ғажап үндестік туғызған. Бұлайша киыннан киыскан, тірі ағзага айналған сұлу көрініс киялы ұшқыр, тілге жетік ақынның ғана қолынан келері анық.

Шерлі кыз күрсінеді, тың тыңайды,
Жел оған Мұстапа деп сыбырлайды
Құздағы кайың, емен жапырағы
Жүзіндей гашығының жымындейдый.

/«Қырым қызы», 140 б./

Гашығына қолы жетпей мұнайған қызға жел де сыбырлап, жапыракқа гашығындај жымындаپ тұрғандай. Ақын бұл жерде суреттеу тәсілдерін таңдай да, таба да білген. Ақынның табиғаты бірде маужырайды, жымындейдый, сыбырлайды, көзін кысып ымдасады, енді бір жерде долданады, есіреді, ызаланып ішке тебеді. Дәл адамша әрекет етеді. Осылардың бәрі жан тебірентер ғажап көріністер.

F. Малдыбаевтың кейіптеуді колданудағы ерекшелегі - эмоциялық әсер туғызарлық сурет жасай отыра, адам тағдырыннан қогам өмірімен тұтастықта алып жырлайды.

XVIII ғасырдың ғұламасы Вольтердің «Сурет – мылқау поэзия, ал поэзия – сейлейтін сурет» деген нұсқалы пікірі әдебиеттегі сездін атқаратын ерекше функциясын дәл аңғартып тұр.

Асау су аспанға атқан, лепірғен ойқан салып, дауыл құған
теніздің доіданса ауыр-ауыр аударылып жатуы өмірдегі шынайы қалпынан аумаган көріністер. Расында көлді немесе өзенде біз ауыр-ауыр аударылып жатады десек нанымсыз, ал теніздің аударылып жатуы шындыққа жанасымды, себебі оның колемі үлкен әрі терең. Сондай-ақ теніздің сүзы сылқылдан, тасты meyin лепіреді дей келіп,

Ызалы Қара теніз көсіледі.
Тұзды су тулас ағып есіледі

Тау-тасты ішке теуіп сырғытқандай
Жагапы құнде жуып есіреді.

/«Қырым қызы», 67 б./

деген бейнелі әрекеттермен асау судын буырқанған мінезін көрсетеді.

Акын теніздің осындай үрейлі мінезін шумак санын көбейтейін деп емес, ол қаһармандарының характерін ашу мақсатында бейнелеген.

Сонымен Ғалым Малдыбаев поэмаларында толқынға асқақтады, аласұрды, қақпалат, қақпақылды, үйірді тұшады, қайтады, лепірді, аунады, күркіреді, дүркіреді, доданды, ышқынды, сұлқылтады, секірді, косіледі, есіледі, күрсінеді, күпіренеді, солқылтатады т.б. жиырмадан астам әрекет беріп, өмір құбылысын теренірек түсініп, жақынырақ танып, әсер алдыруға ықпал жасайды.

Сөз магынасын көнектіп, оған жаңа поэтикалық мән-магына үsteуде метонимия ерекше қызмет аткарады. Ғалым Н. Ұәли “Метонимияда бірнеше сөзben берілетін сипаттама сойлемдер бір сөзben гана беріледі”, - деп, оның үнемділік жағына баса назар аударады. Акын өлеңінде метонимияларды ыкшамдылық, ойды пакты әрі дәл жеткізу үшін қолданған және акын метонимиялары адамның ішкі әлемімен, қогамның барлық құбылыстарымен байланыста суреттеліп, акын қозқарасымен ұштасын жатқанын байқауга болады.

Создерді мағынасына қарай ауыстырудын келесі түрі — синекдоха немесе мегзеу. Ғалым акын мегзеуді көбінесе сөздің суреттілігін, сезімге әсерлілігін күшейту мақсатында қолданған.

Үстіне жан-жарының Қыран құлап,
Құшактап періштесін жатты сұлап
Лайкасты ақ өліммен екі жүрек,
Сырылтап қос денеден кызыл бұлак.

/«Қошан карттың әнгімесі», 134 б./

Жауларға жауап берер мың-мың білек,
Теніздей толқындалып, таудан асты.

/«Шахтер», 89 б./

Мылқау тұн билеп кеткен айналаны,
Шинельдер козғалмайды окоптағы.
Ақ жонға қызыл көрпе төсегендей
Бояған кардың бетін адам қаны.

/«Батыр туралы дастан», 151 б./

Келтірген шумактардағы жүрек, білек, шинельдер ықшамдылықтың рөлін аткарып, шығармаға образдылық туғызып түр. Бұл өрнек тапқыр да ұтымды айтылған поэтикалық жаңалық. Осындай терең мазмұн туғызған ақындық тілдің оралымдылығы мына жолдардан анық байқалады.

Ішінде осылардың Арзы жас гүл,
Болғанда өзге карга. Арзы бұлбұл
Құмардан осы тойда шықты білем,
Сүйсем деп талай қызды шөлдеген тіл.

/«Қырым қызы», 51 б./

Ақынның поэтикалық көркемдік құралы *тил* синекдохасы. Бұл тұста да бүтіннің орнына бөлшекті колдану тәсілі жүзеге асқан. Автор сондай-ақ тілімізде мейлінше жиі колданылып жүрген көз мегзеуін поэмаларының біраз жерінде колданған.

Тан атты, жұрт оянды, көз көбейді,
Тенізге сүйрелесе көрер деді.
«Алдағы тұнде болсын...» десті дағы
Төртеуі үйлеріне бет түзеді.

/«Қырым қызы», 58 б./

Көзді ашып-жұмғанша-ақ бәрі де тез,
Жан дегіш жолбарысқа болыппын кез.
Жұлғаның құлағымды қөрді түгел.
Циркте кірпік какпай тігілген көз.

/«Қажымұқан», 117 б./

Бұл сөздің поэтикалық тілге енгені соншалық, оқырман еш бөгеместен, ойланбастан магынасын түсініп отырады.

Ақынның көбінесе адамдарға байланысты алған мегзеулері логикасы мықты, ойға сыйымды, әдемі де әсерлі бейнеленген.

Отырдық арбакешке амалсыздан,
Лайық болмаган сон дәстүр бұзған.
Жалан бас, жалан аяқ қу табандар
Ыңғытып сүйреп келед, ойдан-қырдан.

/«Қажымұқан», 47 б./

Шумактан қу *табандар* мегзеуі империалистік елдің өзінік дәстүрін, сипатын танытқандай.

Ғалым Малдыбаев поэмаларында әсерлеу, көркем ұксатулардан басқа кейбір жекелеген сөздерінің тігісі жатық, әсем белдерленіп, кестелі сөзге, сырлы сазға толы болып келеді.

Ақын поэтикасынан көркемдеу құралдарының - гипербола яки үлгайту тәрізді түрлері де орын алады. Ол, әсіресе, адамның мінездықтығын, әрекетін бейнелеу сәттерінде өте онтайлы тәсіл ретінде жұмсалады. Қазак ауыз әдебиетінде, батырлар жырында жиі колданылатын бұл троптың түрі қаламгердің «Көрүглі» батырлық дастанында, «Қажымұқан» поэмасында кездеседі. Мысалы:

Нагашысы атқа мініп, ұмтылды,
Екпінінен таудың бұлты жыртылды.
Көзден ғайып Көрүғылы жөнелді.

Қыран құстай бала қашып құтылды.

/«Көрүғылы», 201 б./

Батыр бала тартты түрік еліне,
Таныс емес «Барса келмес» жеріне,
Алты құнде келіп жетті аламен
Қырық құншілік қара құмның жеріне.

/«Көрүғылы», 209 б./

Жиені Көрүғыны ұстамақ болып қуған нағашысының екпінінің каттылығынан таудың бұлты жыртылған, бұл жерде ақын аттың жүйріктігін ұлғайтып көрсетумен қатар, сондай атқа ұстаптай көзден ғайып болған Көрүғының да мықтылығын, жылдамдығын білдірмек болған. Эпостық жырларда кездесетін «алты айшылық жерлерге алты-ак құнде барады» дейтін ұлғайту тәсілінің үлгісін осы жырдан да байқаймыз. Сол сияқты аттың жүйріктігін, мына жолдардан да көреміз:

Бұл жаханның жылқысы емес айғыры,
Тау мен құзды құл қылғандай айбыны.
Алты айлықты алты басар аяғы,
Бір мінген жан жойғандай бар қайғыны.

немесе,

Ала тұлпар әсем басты аяғын,
Ел көшкендей екі арасы жаяның,
Шоқтығына жеткізе алмай Бозұғлан,
Өлшегенде он бес құлаш таяғын.

/«Көрүғылы», 205 б./

Бағзы заманнан келе жаткан «Көрүғылы» жыры – халқымыздың көне батырлық эпостарының бірі. Жырдың

ертегілік және тарихи-реалдық аркауы бар. Сюжеттің аныздық ұйтқысы оғыз-қыпшак ұлысы кезінде та бастаган ертегі сарыны мен тарихи оқиғалар аралас келетін шығарма. Сондыктан ұлғайту, әсірелеу сиякты тәсілдердің жұмсалуы әбден орынды.

Портретке байланысты гиперболаны суреткер «Қажымұқан» поэмасында да жиі пайдаланған.

Қажымұқан - күш атасы, ер ағасы,
«Ей» десе, намыс бермес ел баласы
Жұп-жуан бас - мойны бейне күмбез.
Жауырыны Қекшетаудың такта тасы.

/«Қажымұқан», 28 б./

Қазак поэзиясы әркашанда эстетикалық өрісі бар образдарды ажарлау амалдарының бірі ретінде пайдаланып келген. Осірессе, казак көркем сөзінде ертеден келе жатқан экспрессоид құралдар - гипербола мен литотаның ойды бейнелі түрде суреттеудегі қызметі ерекше екенін атауымызга болады. Гипербола мен литота теңеулік құрылымдар құрамына енгендеге оның магынасы толық сакталып, барынша бейнелілік қасиеті күшісі түседі. Бұл амал-тәсілдер суреткердің тілі мен стиліне бояу косып, сөздегі суретті барынша түрлендіреді.

Суреткер шығармаларында көркемдеу құралдарының арасында аңы мыскыл, астарлы ирония қалып отырады. Ашы сарқазм, кекесін мен сатираны жеткізуде автордың тіл байлығы, сөзді пайдалану стилі үлкен рөл аткарады. Сөз неғұрлым магынасына қарай сай дұрыс жұмсалса, соғұрлым оның мәні түсінікті, контекске қарай рені айқын болады. Ақын өлеңдерінде сарқазм кейінкерлерінің бойындағы келенсіз қылыштардың бетін ашып, жағымсыз әсер тудырып, экспрессия жасауға қызмет еткен. Поэмаларының бәрінде бірдей кездесе бермейтін бұл көркемдеу құралы, оның «Қырым қызы» поэмасында ұтымды жұмсалған. Мысалы:

Сал Мырзак ұйқы көрмей ерте тұрды,
Киінді жібек киім түрлі-түрлі
Қоқып айнаға кеп бойын түзеп,
Көрінбек болды Арзыга аса нұрлы.

Тауыктың коразындаі қоқырайып,
Қарайды айбаттана шақырайып
Әйтеуір Арзы қызға жагам ба деп
Көрсетпек болды қызға өзін лайық.

Мысықтай сирек мұртын сипап кезек,
Сықситып шегір көзін оқтай кезеп,
Отырды жапа-жалғыз кілем төсеп,
Бақытты адам болып елден ерек.

Көзіне Арзы жүзі елестеді,
«Мырзакжан, менімен кенес, - деді, -
Өлгенше мен сенікі, сен менікі,
Қызығым басқа жанға емес» деді

Елбектеп екі колын ербендеңтіп,
Көк торғын орамалмен бетін желліп
Саусағын сыртылдатты қуанганның
Суретін тұнгі төсек елестетіп.

Қайнады жүргегінің қаны тасып,
Қол жайды құшактауға мауқын басып
Елеске көніліндегі елегізіп,
Кірді ол «Арзыжан» деп есік ашып.

/«Қырым қызы», 46 б./

Арзыны сүйгенінен айырып, өзіне зорлап қоспакшы болған
Мырзак байдың пасық ойы осындаі сатирадың жолдармен
беріледі. Суреткер қоқып, қоқырайып, шақырайып, сықситып,
елбектеп, ербендеңтіп т.б. эмоциялы - экспрессивті сөздерді

колдана отырып қуыс кеуде байды өлтіре келекелеп, ашы мысылмен сатираның соккысына салған. Жалпы баяндауышты өткен шактық кесемше тұлғасымен беруді біз Абай поэзиясынан, оның ар жағында халық ауыз өдебиетінен жиі ұшыратамыз. Сондыктan ақынның бұл форманы колдануы дәстүр жалғасының айғағы.

«Алтын балық» дастанында да патша мен баласының образыны осындаидекесін, мысылмен аша түскен:

Патшаның қасында отыр ерке ұлы,
Борсықтың күшігіндей оның түрі¹
Жуан бас, екі көзі сығырайған,
Секілді санырауқұлақ жұдырығы.

Кірнідей тікірейді сақал-мұрты,
Торсықтай кеуіп кетті майлы ұрты.
Пташа, бай, төре, мырза ол заманда,
Құл, жалшы, кедейді ұру – ата салты.

/«Алтын балық», 157 б./

Патшаның мейірімсіз, қаныпезер, топастығын баласы екеуін борсықка тенеу арқылы жағымсыз көзқарас, жириңіш туғызып отыр. Сондыктan «адам мінезін ашуға лирикалық нәзіктік қанлай керек болса, сатирапық өткірлік те сондай қажет» деген пікірмен толыктай келісеміз.

Ұлттық этномаркерлі бірліктердің негізі – *символдар*.

Ғалым Малдыбаев символды колданғанда ойды астарлап жеткізу мақсатында гана емес, сонымен катар поэзияга көтеріпкі рух, асқақ үн беру ниетін көздеген. Сөз-символдар халықтың дүниені бейнелі түрде қабылдауының жемісі. Тілші Р. Авакова: «Символдық мәнге ие сөздердің табигаты ерекше, ол ерекшелік символ-сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фонтық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға беруімен, әлемнің тілдік бейнесімен тығыз байланысты»,- деп тұжырымдайды [59, 70 б.].

Ақын эпикалық туындыларымен қатар, өмір шындығын, халық тағдырын, тарих тынысын бейнелейтін реалистік шығармаларында жиынтық образдар атауын символдық белгілер арқылы таныта білген. «Жол жалғасып жатыр», «Сарыарқага саяхат», «Ақ келін», «Шахтер», «Батыр туралы аныз» атты туындылары халқымыздың жүріп өткен жолын, бұғынгі өмірі мен болашағын сұлу сурет, сырлы сезіммен терең мән-мағынаны білдіретін поэмалар.

Өмірден білу болып калағаным,
Армансыз Баян елін араладым
Көрінді бір қызыл ту Ақ келіннен
Жайнатып нұр шұғыласын кен алабын.

Қызыл ту — Ленин туы желбіреген,
Тілдескен Москвамен, Кремльмен
Күркіреп барлық таулар жаңғыраған,
Астында қызыл тудың шықкан үннен.

/«Ақ келін», 165 б./

Қызыл ту бейнесін бүкіл поэмасының өн бойына арқау етіп, оны революциялық құрес, женіс символы ретінде мағынасын шырқатып сипаттаған. Символ сөздер де метафораланып, ұлттық поэзиядағы көркемдік жетістік ретінде көрінеді. Ақын символ сөздерді колданғанда белгілі бір стильдік максатты қөздейді. Айтпак ойын символ арқылы жеткізіп, шығарманың бейнелілігін арттыра түседі.

Ол осындағы *қызыл ту*, *ірі шахта*, *темір жол станциясы* т.б. жанағран Қазақстанның алып тұлғасын танытатын көркем символ - бейнелер етіп көрсете алған. Көбіне самолетті алып құстарға балап, астарлап бейнелеген.

Аспанда, ұзап кетті мұз балақ күс.
Көз кадап, куандық біз осы деп күш!
Сол кезде ойыма кеп түсе қалды,

Осыдан он жыл бұрын болған бір іс.

/158 б./

Азығың, киімдерің «мені ал», деп тұр
Жол жүрсөн даяр тұллар, көп «қыран құс»

/160 б./

Аспанды арқалаган Аэроплан,
Қашатты бұлт серпілткен қызыл қыран.
Жаяудың ауылының төбесінде
Айналды шырқағандай жана бір ән.

/«Ақ келін», 167 б./

Ұзінділердегі мұз *балас құс, тұлтар, қыран құс, қызыл қыран* балама бейнелер мұлде жана, магынасы жағынан, жасалу, айтылу калпы жағынан алғанда да бұрынғы бейнелі сөздерден өзгеше болған. Еліміздегі өрістеп өркендеген жана техниканы, ұлы озгерістерді халық поэзиясына тән көркем символ арқылы айқындаі түседі. Жалпы казак халқының танымында «*қыран бүркіт*», «*тұлтар*» бейнелері сонау ауыз әдебиетінен ержүрек, күштілік магынасында қабылданатындығы белгілі.

«Қазак мәдениетін танытатын этномаркерлік бірліктер алдымен ұлттық санада бейнеленіп (образдалып), содан кейін тұракты таңбаланып барып, символдық деңгейге жеткенде гана толық қалыптасады» [60,17 б.].

Шалым акын халық тұлғасын, оның санасының жана дәүірле мұлде өзгеріп, қабілетінің өрлей түсетіндігін, өзін коршаган дүниесінін сәнді де сәулетті бейнесін:

Жасымда көргенім жок мұндай заман,
Таудағы алғыр қыран - бүгінгі адам.
Жылым - жаз, құнім - алтын, айым - құміс,
Жел - жұпар, жайнаған гүл - шыр айналам.

/«Шахтер», 73 б./

- деп, атғыр қыран, жаз, алтын, күміс, жұпар, жайнаған ғұлға символдық мән үстеген. Тұп-тұгел символға құрылған шумак. Ақын жарқын құндерді метафоралық символ – сөздерге айналдырып, мактаныш, тангалыс сезімдерін айқын білдіреді.

Қол салып құз алтынын котарсам мен,
Желдетіп жердің астын копарсам мен
Үстінде трактормен алтын сеуіп,
Колхозшы күн құшактап, құлеген сәнмен.

/«Шахтер», 74 б./

«Батыр туралы аныз атты» поэмасының тілі орамды, серпінді болып келуі ақын шеберлігінің қуәсі. Өзінің сүйеніш, ұлғі тұтқан ақыны С. Мұқановтың тіл өрнегі, ой толғамы ақынның шыгармашылығына өзінің жарығын түсірмей қойған жок. С. Мұқановтың өлеңінен:

Боп сонда сия-теніз, қалам-кеме,
Сөз теңізге балықтай каптап өре,
Сұнгуір қайық болып, сұнгімек сөз
Дұшпанның кемесінің түбін сөге.

/«Сөз - Советтік Армия», 187 б./

- деген жолдары мен Ғалым Малдыбаевтың:

Болса да теңіз сия, орман-қалам,
Таяса алмас бұны жазып бүгінгі адам,
Тап мұндай қанды қыргын зор айқасты,
Білмейді ешбір қауым, ешбір заман.

/«Батыр туралы дастан», 145 б./

- деп басталатын жыры ақындар үндестігінің айғагы.

Фашистін жыртқыштары тісін қайрап,
[Шабуға Москваны қару сайлап,
Батыстан қара бұлттай келе жатты,
Танкілердің тобырын аттай айдал.

/«Батыр туралы дастан», 145 б./

Бұл жолдарда Германия басқыншыларын қара бұлтқа тенең отыра, әрі метонимиялық, әрі символдық мәні бар тәсілді колданған, ягни, қаптаған жаудың қара бұлтша төнүі кенеттен келген қауіпті, үрейді басып, жаншып кететіндей коркыныш сезімді тузыратын жамандықты білдіреді. Осы символды.

Қарайып қара бұлт келді төніп,
Күн беті айғызданды нұры сөніп,
Тау-тасты нажағайы атқылады,
Жер - қоқтің қекірегі күніреніп.

/«Қырым қызы», 71 б./

помасында қолданған қара бұлттың сопуі, күншің нұры сопуі т.б. бейнелсулар автордың символдық белгілерінің бірте-бірте өсіп, көрделене түскендігінің белгісі. Ақын қазак ұғымына жақын, ұлттық санада қалыптасан бұл түсініктердің қаймагын бұзбай пайдаланады. Суреткердің символдық белгілері кобіне табиғат күбылсызымен байланыстырыла алғанған. Осы орайда Л. Новиков: «Символдың шығуы - алғашкы қауымдағы адам сыртқы дүниені егіздеу арқылы, яғни табиғат пен адамды қатар алып түсінді. Табиғат - тірі адам сияқты, аспан түнереді, күн шығады, қозгалады т.б. Адамдардың түсінігі бірте-бірте кенеяді, бірақ сол сөздер метафора, символ қалпы қалады», - деп пайымдаған [61]. Жашы казак халқы ойын алыстан орагытып, астарлап сойлеңенді жөн көрген. Сол себепті жұмбақтап, пернелеп, кейде қөнілге катты тиетін хабарды жұмсағып айткан. Бұл, әрине, ұттымыздың тапқырлығын, ой ұшқырлығын, шешендігін

дамытып, даналықка жетелеп отырган. «Символға тән қасиет бүтінді бөлшек арқылы танытады. Демек, символдың негізгі бастамасы метонимиялық қызметтен туындауды. Символ ешқашан бір мағына шегінде қалып коймайды, оның мағыналық астары шексіз. Символ қай жағдайда да сол заттың (ұғымның) өзінен басқа затқа мензеу, оның шегінен асу әрекетінде байкалады» [60, 527 б.].

Халық ұғымына әбден сіністі болған тұспалдарды ақын кажет жерінде ұтымды пайдалана алған. Ауыз әдебиетінде ежелден ауыр жағдайды, қайғыны, қазаны *шырағы ошті, нұры сонді, бағтерегі* жығылды деген мегзеулермен жеткізген. Мысалы,

Көкті бұлыт құрсайды,
Күнді байқап қарасам,
Күн жауарға ұксайды,
Айды бұлыт құрсайды,
Айды байқап қарасам
Тұн жауарға ұксайды...

/«Ер Тарғын», 124 б./

Ғалым Малдыбаев ауыз әдебиетіне үніле отырып, өзіндік нақыш, ою-өрнек тауып, шебер қолданған, яғни оған қоса нажағайды атқылатып, жер-көкті күнірентіп оқшау ерекшеліктер жасай білген.

Бұл келтірілген сөздердің кай-кайсысы болmasын тілімізде әрі тұра мағынада, әрі символдық мағынада қатар қолданылып келеді. Жалпы мұндай сөздер символдық мағынаға бірден ие болмаған. Ол көбінесе тарихи әрі белгілі уақытты кажет ететін үдеріс екендігі белгілі. Ғалым ақын туындыларында бейнелі сөздердің осындағы түрін де терен мазмұн, шартты мағына беруде сәтті пайдаланған.

Ақын шығармаларында өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің небір түрлерін, әдіс-тәсілдерін еркін пайдаланған. Халық әдебиетінде жиі кездесетін көркемдеу

құралының аллегория немесе пернелеу тәсілі суреткөр шығармашылығында шебер үйлестірілген. Ақын жеткізбекші болған ойын деректі нәрселермен ауыстырып, көзбен көріп, қолмен ұстатқандай етіп жеткізді.

Аллегория ақынның кейбір поэмаларында ғана қылан береді.

Торт үйрек калқып жүрді көк толқында
Біреуін бір кара құс ап жөнелді.
Зұылдалап кара құс кеп үйрек ілді,
Барқылдалап үйрек байғұс көп жұлқынды
Ашуулы айуан тырнак босатсын ба,
Жонелді бұрқыратып мамық жұнді.

/«Қырым қызы», 29 б./

Ақын аллегориялық образдар арқылы зорлықты, өктемдікті қара құс бейнесінде алып, әлсізді, нашарды үйрек бейнесіне кошіріп пернелеп көрсеткен. Заман шындығының бейнесін айтқатап көрсетудің ең ұтымды жолын пайдаланған.

Ұшып кеп Мұстапаны құшақтап ап,
Жармасты жібермеске жарын корғап.
Боріге тоқты төтеп бере ала ма,
Жонелді тартып алып қанга былгап.

/«Қырым қызы», 29 б./

Бұл үзіндіде де айтылған ой, идея борі мен тоқты кейінде берілген. Мұстапаны тоқтымен, Мырзак байдың жендертерін борімен пернелеп, жұмбактап білдірудің үлгісін көрсеткен. Мұнымен тынбай Арзының Еұсман патшага айтып берген омірбаянын басынан аяқ аллегориямен пернелеген.

Ақын колданған пернелеу тәсілі айтылған ой-пікірді, түйгөн тұжырымды қолмен ұстатқандай етіп, оған бейнелік сипат дарытып тұр. Бұл сиякты балама бейнелер ойды

терендетіп, сезімді күшейте түседі, ал тұспалдаған сезіріу орның тауып қолданғанда ғана ұтымды, орамды шығатыны анық.

Фигураның бірден бір жіңі қолданылатын түрі . психологиялық параллелизм, яғни егіздеу. Екі нәрсөні құбылысты катар коя жарыстыра суреттеу. Ғалым Малдыбаев окиғаны, адамның сезімін табиғат құбылысымен қоса өріп астарлауға жіңі барған. Мысалы:

Аспанды қалың қара бұлт капитап,
Тұнерді кететіндей езіп, таптап,
Далбандалап, дауылға еріп келе жатты
Түнеді түн жамылып тауды жастап.

Таба алмай жанга сая болар орман,
Іздеді бір басына пана-корған
Жай түсіп, күн шатырлай, нөсер құйып.
Жаралы аң менен құс ынырсыған.

Мәуелеп бақшадағы тұрган жеміс,
Үзілді, жерге түсті қалмай тегіс
Тұқырған тоқсандағы кәрілер де
Көрмеген бүгінгідей жынды өзгеріс.

/«Қырым қызы», 61 б/.

Үзіндідегі қара бұлттың тұнеруі, жай түсіп, күн шатырлап, нөсер құйған сәт пен жаралы аң мен құстың ынырсыы, оған қоса балбырап пісіп тұрган жемістің үзіліп жерге түсуі - бәрі трагедиялық окиғаны алдын-ала сезіріп тұргандай. Міне осындағы сойқан дауылда теңізге шыққан Арзының басына төнген қауіп одан да ауыр. Ақын қаһарманың басындағы реніш, құйніш сәттерін табиғатта болып жатқан жынды өзгеріспен катар алып бейнелеген. Ақынның осы бір жолдарын оқып отырғанда М. Жұмабаевтың:

Бұрқыратқан екпінді дауыл еді.

Сабап құйған жеркеніш жауын еді.
Корқып - сасып жан-жануар есі шығып,
Бәрі - ак іздең баспана тауып еді.

/«Өмір», 131 б./

- деген олөң жолдары ойға оралады. Ғалым Малдыбаев пен М. Жұмабаевтың сөз кестесі, ой толғамы өзара сабактас екендігін тағы бір қуәсі болып отырмыз.

Су бетін алып кетті қанды көбі
Окка үшып екі балық қалды сеніп.
Құрсініп көк толқындар тулап жатты
Арзының жібек шашын кезек өріп.

Толқындар ашуланып, тасып, тулап,
Жауызга қарғыс айтты улап-шулап,
Арнасын «Ай-Петридің» солқылдатты
Аспанга суын шашып будак-будақ,

Жазықсыз екі жұлдыз суга батты,
Жас бобек су астына иек қакты,
Күнірентіп Қырым қызы қайғы-зарын.
Тау, тас, шың, аң, құс, орман шулап жатты.

/«Қырым қызы», 71 б./

Ақынның суреттеу шеберлігінің мықтылығы сонша, ол бір шумакиен қанағаттанбай, бірінен-бірі өткен суреттеулерді бірнеше шумакқа жеткізіп отырған. Соның бәрінде табигаттың құпия сыры мен адамның сезім қабаттарын астастырып, кос өрімелеп суреттеген. Арзының өліміне ашуланған теңіздің, аң-құстың т.б. табигат құбылыстарының мінезінің асып-тасуы, буырқанып долдануы, ен ақырында құніреніп қайғылануы бәрі-бәрі жанды көрініс. Осыған орай, Ш. Балладің: «адам әрқашан өзінің коршаганның бәрін жандандыруға тырысады» деп түйген.

Күн сөніп, ай тұтылды, дүние мұнлы,
Қайғыдан дем ала алмай іштен тынды
Өмірмен коштасқанда алтын жүздер
Өлімнің өзі аяды ұл мен қызды.

/"Қошан қарттың әнгімесі", 135 б./

Бұл поэмасында мұлде баска сездер, өзгеше сурет жасалған. Ыстық жүректердің токтауы мен күннің батуын, дүниенің мұнданып, іштен тынуын қатар алып психологиялық параллелизм жасаған. Екі жанның өліміне өлімнің өзі аяныш білдіріп тұр.

Шығарманың шырайын ажарлау үшін қолданған бұл тәсілі ақынның жүйріктігін, ұшқыр сезімталдығын танытады. Фалым Малдыбаев егіздеу тәсілі арқылы адамның психологиясын ғана алып қоймай, одан ғөрі де кең ауқымда қоғам өмірімен де байланыста алып бейнелеген. Мысалы:

Сагынған анасындай жүздеген жыл,
Далаға құшақ жайып келеді Октябрь
Күн шығып, айда туып, өзен ағып.
Сайрайды қырда торгай, ойда бүлбүл.

/«Ақ келін», 155 б./

Қазак даласына жарқыраган күндей болып Октябрь революциясы енгенде күн де, ай да туып, құстар сайрап, жағалай бәрі шаттық сезімге бөлөніп, жана тұған өмірді риза көнілмен қарсы алған. Мұндай егіздеулер ақынның сез маржаның актара берсек шыға беретін мол казына іспеттес.

Фалым Малдыбаев айшықтаудың дамыту түрін, яғни градацияны да жиі пайдаланған. Ал градацияның жасалу жолы белгілі, алдыңғы ойдан соңғы ойды биіктете, дамыта, шарықтата түсү. Сонау ауыз әдебиетінен келе жатқан бұл тәсіл әлі күнге дейін өзінің құнын жоғалтпай шындала түсуде. Оның себебі, адамды еріксіз еліктіріп, баурап, тартып әкететін қасиетінде деп

ойлаймыз. Галым ақын көбіне түйдектету тәсіліне жиі барған және оны мейлінше жиі пайдаланған. Мысалы:

Асқактап асау толқын аласұрды,
Есалан, ессіз, құшті толқын жынды.
Қакпалап, қақпакылдаң жел қайыкты.
Үйіріп екпінімен мазақ қылды.

/«Қырым қызы», 17 б./

Толқының аласұрган сәтін жанды көрініс, әсерлі детальдар арқылы көз алдымызға әкеліп, жайып салады. Осы шумактағы әр жолдың, әр сөздің мағынасы бір-бірінен асып түседі, қәдімгі толқын басқышымен жоғарыға көтеріліп бара жатқандай әсер қалдырады. Тіпті толқын өзінің күшағында арпаңысан нәзік жанды үйіріп әкетпек түгілі, оқып отырған оқырманның өзін бір түрлі еліктіріп, екіленген екпінімен әкетіп бара жатқандай.

Сүрініп бірде құлап, бірде тұрып,
Кирапқап, бұратылып, мың жығылып,
Шарлады дала - қала алаптарын,
Күркілден шұбатылып, дымы құрып.

/«Қырым қызы», 30 б./

Балаларын іздең шарқ ұрған қос анатың жанталасқан сәттерін ақын өткірлең, жүректі тілгілейтін сөздермен төпелеп қолдана отырып, олардың мүшкіл халін ауырлата түседі. *Сүрініп, қирапқап, бұратылып, жығылып, күркілден, шұбатылып, дымы құрып* деген әрекеттерден кәрі аналардың жаң үшіруын дәлме-дәл жеткізген. Байдың жоғын жоктап, сойылын соғар адамдарының катыгездіктерін біртіндеп қүшейте түседі. Мысалы:

Кейбірі жас баланы алады ұстап.

Қорқытып «не көрдін» деп сұрап, қыстап,
Кейбірі құлақ бұрап шыңғыртады,
Кейбірін қорқытады отқа тастап.

/«Қырым қызы», 47 б./

Алдымен баланы ұстап, одан соң қорқытып, қыстап, құлақ бұрап шыңғыртып, ең ақырында отқа тастайды. Бірінен-бірі асқан ашы әрекет, сұмдық көрініс жанды түршіктіреді. Ақын дамытуды пайдалана отырып, ұстем тапқа деген ыза-кекті көздыра түседі.

«Шахтер» поэмасы көмір шахтасының өмірінен туған шығарма, сол себепті де *екпіндеп электрлі бағаны атып, құлаштап, тасты, тауды бұзып жарып* деген жолдары жаңалықтың, қызу енбектің жарышы есебінде түрленіп, қүштейтіле жұмсалған. Ақын кай тақырыпқа қалам тартса да, бейнелеп отырган оқиғаның өзіне сай сөздерді таңдап, талған колдана отыра, айтайын деген ойын асыра, аскактата түседі.

Ғалым Малдыбаев колданған айшықтаудың ендігі бір түрі - шендерестіру.

Ахмет Байтұрсынов шендерестіруді - әсерлеудің түйістіру әдісіне жатқызады. Қарама-карсы затты, құбылысты білдіретін антоним - лексикалық әдіс болса, арасы алшақ екі нәрсені бір-біріне қарама-карсы қою - антитета-стилистикалық әдіс болып табылады [62, 36 б.].

Л.А. Новиковтың: «Поэзияда антитета қарама-карсы құбылысты көрсетеді, оны білдіретін сөздер өзара антоним болуы да мүмкін, әрі болмауы да мүмкін», - деген тұжырымын дәйектейтін мысалдар ақын туындыларында молынан кездеседі [63, 126].

Қазақ фольклорынан нәр алған ақын өзінің шығармаларында халық поэзиясының әдемі образдары мен небір бояуы қанық ою-өрнектерін шеберлікпен пайдаланған. Қазақ ауыз әдебиетінен, ақын-жыраулар мұрасында колданылатын ұлттық мазмұны терең тілдік деректердің салыстырылуы олардың көркемдік-тәнімдық деңгейінің

ортактығын, дәстүр жалғастығын көрсетеді. Халық ауыз әдебистінде арудың денесінің актығын ақ қарға, бетінін қызыл шырайын қызыл қанға тенеуі жіңі кездесетін күбылыс. «Тарғын» жырында Акжұніс Қартқожакқа: «Қара жерге қар жауар, қары кор де етім кор. Қар үстіне қан тамар, қанды кор де бетім кор», - десе, осы әдісті қолдануда Абай: «Қар - аттаң, бүркіт - қара, тұлға, қызыл. Үқсайды қаса сұлу шомылғапта», - деп көрегар ұғымдарды катар қолдану арқылы айшықты бейне туғызған. Галым Малдыбаев та:

Аппак ерін қаны қашып, көкшіл тарткан.
Ақша бет солғын гүлдей жерде жаткан
Қап-қара екі қастың арасында
Ашуудың белгісі бар тастай қатқан.

Шып-шымыр бұлшық етті білек пен сан,
Лайрылған аттай желген тамырлардан,
Қапыда аяулы жан каза тапты,
Сом дене ақша қардай қып-қызыл қан.

/«Шахтер», 99 б./

деп орнектеген. Суреттеу тәсілі тартымды, құрделі де әсерлі. Бірнеше қарама-қарсы сипатты бір жерге түйістірген ақша бет, қап-қара қас, ақша қардай дене, қып-қызыл қан — бояулары қанық, ойы анық өрілген айшықтар. Қыршын өлімге аяныш туғызатын жолдар.

Ақ жонға қызыл көрпе төсегендей
Бояған кардың бетін адам қаны.

/«Батыр туралы дастан», 151 б./

Коркемдік тәсілдерінің аз-көп қолданылуының қатан тәрілібі жок. Біреулер кемерінен асып, төгіліп жатса, екінші біреулері сыздықтала сыр шашады. Бұл ақынның шеберлігіне, ой құрылымына тірелетін мәселе.

Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзкарасын, таным-түсінігін ангартады. Көркем шығарма тіліндегі ұлттық дүниетанымды білдіретін тілдік колданыстарды зерттең тану арқылы мол мәдени акпарат аламыз. Болашак ұрпакқа ұлттық тәлім-тәрбие беруде, халқымыздың рухани бұлағы - тіл байлығынан сусыннатуда қalamгер тіліндегі лингвомәдени бірліктердің болмысын ашып көрсетудің маңызы зор.

Галым Малдыбаевтың сөз колданудағы стильтік ерекшілегі — ұлттық өрнекті тиісті жерінде жана қырымен жанартып, жандандырып колдануы. Пікірімізді дәлелдей түсейік:

Шындары бұлт жамылдың көкке тиген,
Секілді әдейі адам колдан үйген,
Сандықтай текшеленген кой тастары,
Лумаган әшекейлі киіз үйден.

/«Қошан карттың әңгімесі», 119 б./

Таудың биіктігін, әсемдігін накты детальдармен келтіре отырып, екінің бірінің ойына келмейтін, ұлттық образды сөздермен өрнектеген. Асқар тауды әшекейлі киіз үйге ұксатып, әсем кой тастарын текшеленген сандықтармен салыстыру арқылы өзіндік тыңнан табылған тіркестермен, айшықты теңеулермен поэмага ерекше сән-салтанат беріп түр. Осы ұғымдар казак халқына таныс, бала кезімізден санамызға сінген сөздерді теңеу ете отырып, жазушылардың табиғат көрінісін суреттеуде шебер, ұғымды колданылған.

Әрбір тілдік тұлғага өзіндік көріктеу құралдары тән болса, Галым Малдыбаевтың мәтінде колданылған көріктеу құралдары өз уәжін оқырмандарына жүйелі түрде жеткізуге мүмкіндік беріп, прагматикалық қызмет атқарады. Мысалы, *текшеленген сандықтары әшекейлі киіз* юй халық ұғымына лайықталып алынған образды жолдар шығармада ұлттымыздың дүниетанымымен, тарихымен байланыскан.

Коруге Бурабайды болдым құмар,
Тәкаппар тарғыл тасы тіп-тік шынар,
Тү тіккен батырлардай оғаштанып,
Корініп күндік жерден қарап тұрап.

/«Қошан қарттың әнгімесі», 120 б./

Тәкаппар таудың биіктігін «көрініп күндік жерден қарап тұрап»
деген жолдармен тағы бір айқындағы түсіп оны ту тіккен
батырға тенеп, поэмаға ұлттық калорит үстемелеп тұр.

Ақын поэмаларының әміршендігі ой-өрісімен жалғасқан
жагдайда гана жандана түседі. Мысалы:

Ей, қашқын, аяғынды бас, тұл боларсың,
Кесіліп кос бұрымының күн боларсың
Істер де осы арада сыр шығарсан,
Түтілген сабаудағы жұн боларсың.

немесе,

Кеменің әміршісі-офицері,
Ей, мырза, екі ауыз сөз берші,- деді.
Түріктер содан кейін сойып жесін,
Қозыдай көгендердегі тұрган мені.

/«Қырым қызы», 68 б./

Болғаңда төсім - жайлау, төбем - қыстау,
Халқымның әніндегі ыргағымын.

/«Сарыарқага саяхат», 78 б./

Ақша бұлт Ақ келіннің ақ жаулығы,
Екінші самолеттің желліп мұны.
Түйенің шудасындај желкілдettі.
Корсін деп Қойшығұлдың сүйікті ұлын

/«Ақ келін», 171 б./

деген жолдардағы сабаудағы тұтілген жұн, көгендегі қозы, жайлай, қыстау, ақ жаулық деген сөздер мен сөз тіркестері ұлттық нақышты өрнектер, әртүрлі көркемдік айшыкка толы суреттеулер. Егер де сыр шығарсан тұтілген сабаудағы жұн боларсың, қозыдан көгендегі деген қазак халқына етene таныс образды сөздері шығарманың көркемдік қуатын арттыра түскен. Келтірілген өлең жолдарынан «сұлу» сөзді кездестірмейсіз, алайда қарапайым сөздер арқылы ақын тың мағына тудырган. Ол тың мағына казактың болмысына жақын бейнелі суреттерді бере алған. Демек, автор өзіндік жеке қолданыстары арқылы казак болмысын, кең мағынасында қазак әлемін (тұрмыс-тіршілігі, рухани келбеті, дәстүрі т.т.) қалыптастырады. «Сандықтай текиеленген қой тастары», «Тосім-жайлай, тобем-қыстау», «Тұтілген сабаудағы жұн» сияқты жекелік-авторлық қолданыстар – солардың бір тобы.

Қаламгер осындай жанымызга жақын сөздерді еркін жұмсағанда, сөзінің мағыналы ері әсерлі болуымен қоса, ұлттық сипатын арттыра түсуді көздейді. Ақын шығармасының қай-қайсысында болмасын ұлттық ойлау ерекшелігін, психологиялық жай-қүйін ескереді. Қаламгердің этномәдени ақпарат беретін лексемалары оның рухани-танымдық мәдениет тезаурусын құрай отыра, тілдік тұлғасының лингвокогнитивті сипатын айқын көрсетеді.

Ұлттымыздың бүкіл тіршілігі, болмыс - бітімі өзінің ән-жырында, әдебиеті мен мәдениетінде көрініс тапқан. Өлең-жыр деп отырганымыз, қазак халқы ақынжанды, өленді құрметтеген халық. Сол себепті де сан ғасыр бойы жиналған дәстүрінің бәрі дерлік ән-жыр арқылы бейнеленеді.

Осындай салт-жырларының Галым Малдыбаевтың поэмаларында кездесетін тұрларі - коштасу, жоктау.

Коштасу өлеңінің негізінде қандай да болмасын бір қимастық сезім, қайғылы хал жатады. Әр жағдайда әртүрлі коштасу түрі жұмсалғанымен мағынасы ұксас.

Коштасу өлеңдері М.Әуезовтің жіктеуі бойынша, а/ жермен, елмен коштасу; ә/ өтіп бара жатқан заманмен коштасу; б/ өлең — жырмен, өнермен коштасу деген сияқты тұрларға бөлінеді [20, 62 б.].

«Қырым қызы» поэмасында халық поэзиясының осы бір қоштасу түрі де бой көрсетеді. Жырда кертартпа заманың кесірінен сүйгеніне косыла алмай зарлаган Арзының түрік еліне Ғұман патшаның қанды кол каракышыларының еріксіз ұрлап әкетін бара жатқан кездегі елімен, туған жерімен коштасуы асерлі де жүрек тебірентерлік. Ақын коштасу өлеңін тек баяндау тәсілімен бермей, көркемдеу құралдарының түрлерін шебер колдана отырып, окушысын кейіпкерімен бірге қайтыртып, бірге толғантады. Мысалы:

-Қош Қырым, көркем Қырым, гүлді Қырым.
Қоштасам деп ойлаппа ем бұдан бұрын
Қызылшыл құзғындарга тұтқын болды
Киіктей ойнақтаған балғын қызым.

Білмедім анқаулықпен жаудын сырын.
Барасын қалып артта, қайран Қырым.
Түріктің тұтқыны боп кетіп барам
Жетер ме Мұстапага зарлы үнім.

Қош Қырым, етегің - жаз, басың - мұнар,
Кеуден кар, көкірегің сенің ызгар.
У ішкен су орнына мен бір сорлы,
Олсізді азық қылды арсыз мұндар.

Шағылған ак алмастай шынды мұндар,
Жакпар тас, жантайыскан аскар құзын
Түріктің төбетіне пенде болды.
Қан жұтқан қайғыменен жетім қызын.

/«Қырым қызы», 43 б./

- деп Арзы өзінің қапыда кеткенін, өмірінің кор болғанын айта келе, туған жер табиғатын асқақтата биікке көтереді. Осы қоштасуда сондай-ак Қырым тауының түрлі аң-құсы да тілге тиск болады.

Қош бол, кош, ак өлеңім – Обағаным,
Бұл менің саған сонғы караганым,
Тайында терлік салып үйретіп ем,
Аман өс, болат тұяқ, кара жалым.

Тұған жер, өскен өлкем, мені сөкпе,
Бір қызға бас иді деп айтпа өкпе.
Әрқашан мен сендермен болам бірге,
Тек ғашық жүрек кана ұшқан шетке.

/«Қошан қарттың әңгімесі», 132 б./

-деген жолдар Бұлан батырдың інісі Қыранның елімен
коштасуы.

Осындай ерекшеліктерімен бірге акын халқымыздың
канына сіңген салтын, жоктау жырын орынды пайдаланған.
Әріден келе жатқан азалы жырды тиісті жерінде колдануы
суреткердің шеберлігін танытады.

«Шахтер» поэмасында заманды шынайы суреттей отыра,
ежелден келе жатқан әдет-ғұрыпты, яғни, жоқтауды келісті
пайдалана отырып, жаңа мазмұн, жана түр енгізген.

Есік алды мойылды,
Ішінде коян жайылды.
Кешегі Қасым құлымынам,
Бүгін жолға қойылды.

Әуеден ұшқан лашын,
Жаяр көкке құлашын.
Ананы мұндай зарлатқан
Жауыздар мендей жыласын.

Қош, бақыл бол, жүлдышым,
Мандайдағы құндызым.
Құдай біздей боздатсын
Өлтіргеннің ұл-қызын.

Басыма кара салайын,
Кабіріне барайын.
Кешегі жүрген Қасымжан,
Сені кайдан табайын

Құлымның нар түйе еді.
Шірілі-ау жерде сүйегі,
Дүрілдеген зенбірек
Жауларға қашан тиеді. . .

/«Шахтер», 78 б./

деп ана байғұс зарлап қала берді.

Бұл жоктаудың алғашқы белімі ауыз әдебиеті үлгісінде берілген, ал соңғы шумак дүрілдеген зеңбірек жауларға қашан тиеді деген бұрын қолданылмаған сонылығымен бірден көніл аудартады. Бұл ақынның өз жанынан шыккан жаңа жолдар.

Коркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана коймай, оның сыр-сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, танута негізделеді.

Қаламгер қолданған дәстүрлі дүниетанымдық лексика, мәдени лексика элементтері тіл мен ұлттың бірлігін көрсетеді, ұлт тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Кейінгі ұрпактың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, этномәдени тіршілікті тануы үшін, өткен өмірді оқырманның көз алдына келтірудегі құнды тілдік фактілер ретінде қолданып, акпараттық мәліметтер береді.

Ақын тілінің даралығын ұлттық мәндегі тілдік қолданыстары мен ұлтка тән ойлау қызметінің ерекшеліктерінен ангаралмыз.

Ғалым Малдыбаев туындыларында шын мәнінде ұлттық сипат алған, халықтық поэзияның бейнелеу үлгілері, сез нақыштары ұшан-теніз. Халықтық фольклордан сусындаған ақын өртегі негізінде жазылған «Ана әңгімесі» поэмасында әйелдің ақылдылығын жоғары бағалап, ерекше дәріптеген. Әдептегі өртегілердей қыз езінің ақыл-айласымен ханнан асып

түсіп, халқын өлімнен аман алып қалған. Ханның жұмбагын шешкен қыз ұстамдылық танытып, ұтымды оймен ақыл таразысына салып, өзіне көнілі кеткен ханға жұмбактап шарт кою арқылы еліне үлкен пайда келтіреді. Автор ауыз әдебиетінің көнеден келе жатқан жұмбактау тәсілін қолдану арқылы адамгершілік, батылдық пен тапқырлық мәселелерін көтереді. Мысалы:

Сондағы Аю ханның үш жұмбагы,
Не нәрсе, тәтті ішінде, тәтті тағы?
Не нәрсе катты ішінде, өте катты?
Не нәрсе ауырдың ең ауырырағы?

/«Ана әңгімесі», 73 6./

Шын сүйсө Ханизада соған көнсін,
Қалың малға: он сегіз козы берсін.
Жиырма көк қылышқты бөріменен,
Отыз жолбарыс, қырық арыстан, елу тұлқі келсін.

Алпыс арқан экелсін, жетпіс шідер,
Сексен пүт қаны кепкен жүрек берер,
Тоқсан пүт құр сүйек пен бір кемпір - шал,
Оларды хан-ханшадай киіндірер.

/«Ана әңгімесі», 179 6./

Әрине, осы қойылған шартының әрбір сөзі, әрбір заты белгілі бір астарлы ойды білдіреді. Бұл қыздың данышпандығының тапқырлығын білдіретін бірден-бір ұтымды тәсіл. Жұмбак заттың нақты өзін айтпай, оның түр-түсін, негізгі белгілері мен қасиеттерін сипаттайтын заттың өз атын жасырын ұстайды. Әдетте жұмбактың құрамына енерін нәрселер белгісіз елестен емес. күн сайын көріп, біліп жүрген қасиеттер мен белгілерден болады. Сол себепті де бұл тәсілде деректілік, нақтылық басым

болады. Ақын осындай жұмбактаудың үлгісін «Қырым қызы» поэмасында да өрнектеген болатын.

Ақын поэмаларында оқырманның ұғымына жақын, дәстүрге сінген өрнектерді, яғни, жұмбактау, тұс жору деген сиякты тәсілдерді ұтымды пайдаланған деп түйіндейміз.

Сонымен Галым Малдыбаев дискурсының басты ерекшеліктері – өзінің танымын, ұлттың тілдік бейнесін көрсетуге негіз болатын тілдік бірліктер мен концептілік күршілімдар.

Көркем шыгармада кажетті әдістің бірі диалогты Галым Малдыбаев поэмаларында негізгі идеясы мен мақсатына сай орынды колданған.

Диалог – көркем шыгармандың, драмалық шыгармандың адам мінезін, көркем идеяны ашуда сырлы бейне жасауда шешуші қызмет атқаратын ең негізгі құралы. Яғни, диалогта әр кейінкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дуниесі айқын елес береді. Жазушының шеберлігі де оның кейінкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сойиствуінен көрінеді. Сондыктан мағыналы диалог, кейінкерлерді сөйлестіре білу шеберлігі – әдеби шыгармада халықтың тіл байлығын мол пайдаланып, орнымен колданудың ұтымды тәсілдерінің бірі екені анық.

Галым Малдыбаев туындыларында суреттеп отырған оқигаларын женіл де түсінікті жеткізу үшін диалогты ұтымды колдана отырып, кейінкерлерінің эмоционалдық, психологиялық ерекшеліктерін толық ашып көрсетеді.

Ақын диалог құрғанда көбіне автор сөзімен араластырып отырады. Мысалы:

Шыдамай Мырзак ұшып тұра келіп,
Ой, ақымак токта! - деді түсін бұзып.
Ойел гой алпыс екі амалы бар,
Жұбатты аңқау «дәуді» Арзы тұрып.

/«Қырым қызы», 27 б./

Жаны бар Мұстапаның дәрмені жок,
Иығын тесіп өткен атылған оқ
Генерал: «Айтқыз, - деді, - жолдастарын,
Айтпаса жанын шығар, дүрені сок!»

/65 6./

Патша айтты: Маған байлық, алтын балық,
Ыбырайым ерке ұлымға сыйлады анық.

/«Алтын балық», 32 6./

Әсіресе, мұндай тілдік құралдар көркем шығармада кейіпкердің, немесе белгілі бір топтың әлеуметтік ерекшелігінен хабар беретін стильдік көрсеткіштер болып табылады. Соның ішінде көркем образ жасау үшін, көптеген әдіс-тәсілдер санатындағы - кейіпкер тілі үлкен мәнге ие. Кейіпкер бейнесі артында тұрған әлеуметтік топтың келбетін кейіпкер тілі арқылы танимыз.

Ақын диалогтарында шұбаланқылық, артық-ауыс сөз оралымдары кездеспейді. Диалогтарына ерекше эмоциялы әр енгізу үшін кейіпкерлерінің түрлі көзқарастары мен көnlіл-құйларін білдіру максатында каратпа сөздерді жиі колданған.

Сұлу қыз, гүлді жүзін неге солған?
Қасірет жас басыңнан неден болған?
Кайғынның, қарашиғым, жөнін айтшы,
Жанбысың шыға алмаған құрган тордан?

/40 6./

Арзыдан үміт күтпе, дәме қылма,
Ерігіп есік қағар ол бос қыз ба.
Шырағым, Мырзак білсе жұндей түтер,
Тілімді ал, бұл арадан жөнел, тұрма.

/38 6./

Қарагым, олай болса қылма өкпе,
Арзыжан ерте шығар су жак шетке.
Бұлакқа суга барап сөйлесерсін
Бірак та өтірік айтып тентірепе.

/«Қырым кызы», 34 б./

Бұл үзінділердегі сұлу қызы, қарашағым, шырагым, қарагым деген каратпа сөздері жылы шыраймен жақын тартып сөйлегенді білдіреді. Осында мағынада ақын бірнеше каратпа сөздерді: *кокем, қалқам, жасым, ғұлім, бауырым, қатқатаіым* т.б. молынан қолданған. Тек осылармен гана шектелмей, оларға модальды шылау сөздерді тіркестіріп те шығарманың эмоциялық мәнін құбылтып отырган.

Қыран-ау, не айтпак едің, құсты нұскап,
Киын гой жұмбақ сөзді тіпті де ұқпак.
Басынан тұман кетпес сорлы жаинан
Ден пе едің серік болар қүшті шықпак.

/«Қошан қарттың әңгімесі», 127 б./

Біреуді еркелетіп, не өзі оған еркелеп сөйлегенде — *жас, -тай, -ақа, -еке* т.б. көмекші сөздерін тіркестіріп қолдану Ғалым Малғыбаев поэмаларында көнінен орын алған әдіс. Мысалы:

- Окежан, құлагың сал, сөзім тыңда,
Океге қызмет ету — парыз ұлга.

/«Алтын балық», 33 б./

Шешетай, тез кайтамын тілінді алам,
Болғанда Арзы балаң, мен де балан.
Егер де қызға жаңың ашыр болса,
Қай күні бейнетінен мен құтқарам.

/«Қырым кызы», 34 б./

-Ей, Мырзак, дәүлөт десе, дәүлөтің бар,
Күндейтін дұшпандарың сәүлөтің бар.
Тау менен тастан басқа жөн білмеген
Жігітке ақырапалық не бетің бар?

/«Қырым қызы», 27 б./

-Ей, қақпас, сөйле! — деді хан зекіріп,
Төбеттей қанға тойған түр кекіріп.
Шошыған көк бөріден қозыдай боп,
Сөйледі «хан, таксырлап» шал өтініп.

/«Ана әнгімесі», 176 б./

Уа, жігіт, халім жаман, өмір бөтен.
Жөнінді айт, нашарды аяр доспын десен.

/«Қырым қызы», 41 б./

- Жолдастар! Мен күштімен көп егестім,
Женем деп тар тұрмыста тәбелестім
Арзының қасіретіне шыдай алмай,
Мінекей ақырында торға түстім.

/«Қырым қызы», 66 б./

Келтірілген мысалдарда қолданылған диалог сөздердегі қаратпа сөздер бүкіл сөйлемге әсерін тигізіп, ойды жеңіл жеткізу үшін қарапайым құрылымдық байланыс жасауда тиімді пайдаланылған. Қоштасу, масаттану, жаксы көру, тұнілу т.б. эмоцияллықты жеткізуде қаратпа сөздердің міндеті ұшантеніз.

Ақын поэзиясында монолог пен диалогтың накты бір адам ойынан хабар, акпарат беретіндігі айқындалды. Автордың дүниетанымы мен шеберлігіне байланысты көркем туындыдағы диалог та монолог сияқты автор бейнесінің көрінуіне ерекше

әсер етеді. Кейіпкерлердің өзара сөйлесулерін бере отырып автор өзінің оларға көзкарасын, накты оқиғага қатысты пікірін, ұнатту, ұнатпау сиякты қатынасын сездіре алады. Демек, шыгарма тіліндегі диалогта автор сөзі мен кейіпкер сөзі бірін-бірі алмастырып, бірін-бірі толыктырып отырады.

Ақын диалог құруда өлең жүйесіндегі зандылықтарды сактай отырып, адресатқа кейіпкердің психологиялық жай-күйін тоғық хабардар ететін, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты теренінен аштын, эмоционалды-экспрессивті тілдік бірліктерге толы диалог үлгілерін көрсетті.

Галым ақын көбіне сөйлеу тіліне тән карапайым тұракты тіркестерді тиімді пайдаланған. Мысалы:

Жұдейсің не себептен, Арзы ханым,
Жолында пида сенің шыбын жаным.
Жасырмай сырынды айт ішіндегі,
Мен болсам өмірдегі сүйген жарың.

Арзы айтты: «Құлағың сал жауабыма,
Жалшыға мырза гашық болмас сіра.
Жарым бар жаны бірге жастай өскен
Пышақ сап буынсызға қылма кінә».

/«Қырым қызы», 53 б./

Тұсінді бұл жұмбаққа Ғұсман патша,
Ойланды болды өзіне таң-тамаша.
«Тұлыпқа мөніреген сиырмын» - деп
Сойледі өз көнілін өзі баса.

«Тұлыпқа мөніреген сиыр», «Пышақ сап буынсызға қылма кінә», «Жолында пида сенің шыбын жастым» деген жолдардағы фразеологиялық тіркестер - ақынның көркемдік әлемін бейнелейтін лингвокультуремалар. Шыгармаларында мол жұмсалған осындей ұлт болмысын сипаттайтын мәдени

акпараттарды Ғалым Малдыбаев казактың ұлттық характерін, мінезін бейнелеу үшін шебер пайдаланған.

Қандай ақын болмасын оның шығармаларына койылатын басты талаптарының бірі - сөз саптау тұргысынан өзгеге ұксамайтын ерекшелігінің болуы. Мұның өзі ақынның сөзбен өрнек сала білуіне саяды. Кезінде оның замандастарының алды болып, казак әдебиеті кайраткерлерін өсіруге енбек сінірген ақын F. Малдыбаевтың бізге калдырған аса құнды туындылары казак әдебиеті мен мәдениетінің асыл мұрасы болып табылады. Себебі, ақын халқымыздың өткен дәуірдегі тұрмыс-тіршілігінде болып жататын түрлі көріністерді, қалыптасқан дәстүрлерді, атап айтқанда, фольклорды жазба әдебиетімен ұштастыруда шеберлік көрсетті. Мысалы:

Күн батты, тау қалғыды, жел тыныкты,
Тұсірді теніз тұман шымылдыкты.
Төнірек маужырайды бәрі жым-жырт
Ымдасып, жұлдыз гана көзін қысты.

/«Қырым қызы», 32 б./

Шумактың екінші жолы метафораға құрылған, қалғандары кейіптеу. Ал шумак тұтас алғанда синтаксистік жұптауға-психологиялық параллелизмге құрылған. Сезім шындығын суреттеуде кейіпкерлерінің көніл-күйін табиғаттың осындай бір маужыраган сәтімен қатар алып көрсетеді.

Ақын сөзді сезімді селт еткізер құш, қуат тұргысында бағалайды. Ол қаламынан тұған өлең шумактар ыргакты, іштей үйлесімді болу бейнелі сөздерді талғап, таңдап жұмсаған.

F. Малдыбаевтың поэтикалық сөздік коры, көркемдік құралдары мен айшықтау мәнері, оның тұлғасын сомдап, ерекшелендіріп тұрады.

F. Малдыбаевтың тілдік тұлғасы деп казак әдеби тілінің дамуына өзіндік үлес қоса отырып, дүниетанымы мен қоғамдық ісі және алдына койған мақсаттары мен өлеңдеріндегі

үәжілемелері арқылы казак ұлтының бірегей тұлғасы ретінде танылған жеке тұлғаны айқындеймыз.

Ақынның *поэтикалық негізде корінетін тілдік тұлғасы* оның олendezеріндегі көріктеу құралдарының жоғары көркемдік дәрежеде колданылуымен сипатталады. Оның өлеңдерінде көріктеу құралдарының қайсысы болмасын ұлттық көркемдік дәсүрді сініре және жанаша түрленген күйде жұмсалған.

Г. Малдыбаевтың көркем ойлауының нәтижесінде бұрыннан белгілі сөздер ассоциациялану арқылы жаңа мағынага ие болып, тын тіркестер жасалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығарма тіліндегі тілдік бірліктерде бүтін бір этноска тән тілдік ерекшеліктердің таңбасы сакталады және қаламгер тілін зерттеу тұтас сөздік кордың мән-мағынасын айқындауга мүмкіндік береді. Сондыктан ақын поэзиясын коммуникативтік және когнитивтік түрғыдан зерттеу: ең алдымен, ақынның ой жүйесінің ерекшелігін танумен; екіншіден, ақиқат дүниенің жұмбак сырын тіл арқылы дәлелдеумен; үшіншіден, тіл мен ұлт, тіл мен таным сабактастығының жана қырларын ашумен байланысты.

Ақын өлең – жырлары арқылы адам әлемін, арулар тағдырын, ел қорғаған батырлар бейнесін романтикалық сарында айқын танытады. Адамды оның еңбегімен, ішкі болмысымен, тағдыр-талаймен байланыстыра таразылайды. Өмірдің өнегелі жолдарын, өшпес өрнектерін гибрат етеді.

Суреткердің колтаңбасының калыптасуына тұған жері, табигат көрінісі, ауыз әдебиеті әсер еткен. Ол халықтың мінезін, тұрмыс-тіршілікте қолданылатын ұлттық зат атауларын өз туындыларының ішіндегі табиғатты суреттеуде қолданып, ұлттық тіліміздің мәйегін пайдаланған. Мұның негізінде «әлемді тіл арқылы танудың» әр ұлт тілінде түрлі сипатқа ие екендігі туралы шешімге тілдік құралдардың лингвистикалық сипатын ашу арқылы және ұлттың болмысын таныту негізінде келуге болады. F. Малдыбаев поэзиясында қолданылған авторлық ерекшеліктер суреткердің даралық сипатының колтаңбасы ғана емес, тілдік тұлғасына тән ой-танымының, көркемдік әлемінің көрінісі.

Көркем туынды мәтіні арқылы берілетін акпарат ақынның дүниетанымы мен пайымының нәтижесіне байланысты болса, автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас – «*омір – автор – мәтін – идея – оқырман*» жүйесі арқылы жүзеге асатын күбылдыс.

Ақын шығармаларының көркемдік мәтінін концептілік жүйеде талдау, концептілерге бөліп карастыру – тілдік тұлғаның когнитивтік, прагматикалық деңгейін анықтауга мүмкіндік

береді. F. Малдыбаев тіліндегі метафизикалық, контраст, табигат концептілері ақынның жеке танымын, сол концептілерді философиялық түсінікпен сабактастықта бере алады.

Еңбекте F. Малдыбаев шығармаларының тілі лингвостилистикалық және әдеби стилистикалық тұрғыдан бірліктे каралып, филологиялық талдауга түсті. Ақын шығармаларының тілдік ерекшелігі, лингвомәдени лексиканың семантикалық өрісі көрсетілді. Ақынның пайдаланған басты құралдары: ол – тенеу, эпитет, метафора және кейіптеу. Осы коркемдегіш тәсілдер суреткер туындыларында ұтымды стильтік тәсілдер ретінде қолданылғандығы дәлелденді. Сонымен қатар, ақын шығармаларының ажарын кіргізіп, бояуын анып тұрған этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық аспектілері қарастырылды. Г. Малдыбаевтың авторлық идеясы мен дүниені қабылдау үстанымдары ұлт болмысымен тығыз байланысты екендігі түжірымдалды.

Суреткердің әдеби тілді байытуда қосқан үлесі мен тынсан қосқан сөз ұлгілеріне назар аударылып, жұмсалған тілдік құралдары катысынан қызметі мен ақпараттық мәні жағынан суреткердің әлемді қабылдауындағы дара ерекшелігін айқындастырылды.

Ақын поэзиясында көрініс тапқан монолог пен диалог кейіпкер бейнесін ашуға лайыкты тілдік бірліктермен өрілген коммуникативтік-функционалдық тұтастық болып табылады.

F. Малдыбаев поэзиясындағы «өмір», «өлім», «махабbat», «кайғы», «ерлік» тәрізді концептілер көркем мәтіннің өн бойында түрлі тілдік бірліктердің мәні мен мазмұны арқылы көрініс тауып, ақынның дүниетанымын, әлемді қабылдау, нағымдау, толғау жайындағы поэтикалық бейнесін аныктайды.

Ақын поэзиясындағы көркемдік құралдардың басым болігі авторлық қолданыстар болып табылады және ақындық дүниетанымға сәйкес галамның ассоциативтік бейнесін көрсетіп, бейнелік мәнге ие болуымен, окказионалды қолданылуымен ерекшеленеді. Осының нәтижесінде автордың оқырманды қызықтыратын өзіне тән «тіл әлемі» қалыптасады

және тілдік құралдар арқылы ұлттың негізгі қасиеттерін қайта жаңғыртады.

Ғалым Малдыбаев шығармаларында жұмысалған фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер қоғамдық өмірдегі түрлі оқигалар мен құбылыстарды, адамның түрмис жайын түгел қамтып, адамгершілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайлы даналық ой қорыту арқылы ұлттық дүниенің тілдік бейнесін айқындаушы негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде талданды.

F. Малдыбаев - қазақ әдебиеті мен тілінің даму сатысында өз орны бар, тілді қолдануға шығармашылық тұрғыдан келетін *тілдік тұлға*, білімді, мәдениетті, ой өрісі кең *тұлға*, менгерген білім дағдыларын, ғаламның тілдік бейнесіндегі ұрпактан-ұрпакқа беріліп сақталған ұлттық таным мазмұнын келер ұрпакқа жеткізетін ұлттық *тұлға*.

Ғалым Малдыбаев өзінің қоғамдық және шығармашылық ғұмырында халқының алуан салалы маңызды мәселелерін көтерді, өзгерген қоғам мен жаңа заманың жарқын образдарын жасап, заман талғамына, талабына сай көркем дүниелер тудырды, халқымыздың құндылыктар корына айтулы үлес косты.

Дәлірек айтсақ, ақынның поэтикалық тілді қолдану ерекшелігін анықтап, көркемдік құралдарының экспрессивті-эмоциональдық бояуын айқындау арқылы ақынның тілдік тұлғасының лингво-когнитивтік мәні ашылды. Суреткердің тіл кестесінің көркемдік дәрежесін лексика-семантикалық тұрғысынан карастыра келіп, ақынның соны өрнектерді шығарма идеясы мен мазмұнына каншалықты сай етіп кабылдағандығы дәлелденеді. Себебі шығарма тілі арқылы біз ақынның жан сезімі мен арман-мұратын, сайып келгенде, қаламгер туындыларының тылсым құпияларын ашуға мүмкіндік аламыз. F. Малдыбаев қолданған барлық сөз өрнектерінің астарында казақ қауымына таныс ұғымдар, ұлттық дүниетаным байқалады. Демек, ақын шығармаларының тілі ұлттық дүниетанымды қамтитын тілдік көздердің катарын толықтырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – Москва: «Академия», 2001. – 202 с.
2. Манкеева Ж.А. Қазак тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзат-Ай» баспасы, 2014. - 640 бет.
3. Ермекова Ж.Б. Жұмабаев Мағжанның тілдік тұлғасы: филол. гыл. канд. ... дисс. ... афтореф. - Алматы, 2010. - 36 б.
4. Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстыйқ сипаты. Филол. гыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004. - 25 б.
5. Карапулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – Москва: Наука, 1987. - С. 263.
6. Маслова В. Когнитивная лингвистика. - Минск, 2004. - 256 б.
7. Ислам А. Үлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол. гыл. докт. дисс. автореф. - Алматы, 2004. - 47 б.
8. Томашевская К.В. Лексические представления языковой личности в современном экономическом дискурсе. – СПб., 1998.
9. Букейханова Р.К. Субъектный аспект когнитивного механизма обработки дискурса//Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию независимости РК и 60-летию КазГУМО и МЯ. Абылай хана. Ч.1. – Алматы, 2001.- С. 72-75.
10. Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтіктанымдық тұжырымдар. Филол. гыл. канд. дисс., 2002.
11. Орыс жылнамаларындағы этноантропонимдердің әлеуметтік мәні мен лингвомәдени сипаты//Тілтаным, 2007. №1. 23 б.
12. Есембеков Т.У. Қөркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазак университеті, 2012. - 228 б.
13. Жырлар... Жылдар... Галым Малдыбаевтың шыгармалары мен ақын жайында жазылған естеліктер. - Петропавл: Северный Казахстан, 2012. - 320 б.

14. Мұқанов С. Жыршыл Ғалым жетпісте//Ленин туы. - 1972, 13 мамыр.
15. Мұстафин Б. Ақынның 80-жылдық торкалы тойында //Ленин туы. - 1982, 21 маусым.
16. Саин Ж. Ақын туралы //Қазак әдебиеті -1957, 29 мамыр.
17. Әбілев Д. Алғы сөз //F. Малдыбаев. Поэмалар мен өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1979. - 215 б.
18. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. Алматы, 2005. - 300 б.
19. Малдыбаев F. Поэмалар мен өлеңдер. -Алматы: Жазушы, 1979. - 215 б.
20. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас. 1962. – 428 б.
21. Машақов С. Ажарлы жырлар//Семей таңы. - 1985, 5 мамыр.
22. Серғалиев М. Жыр жалғасы//Қазак әдебиеті, 1967, 15 желтоқсан.
23. Қалижанов У. Өлеңі еді қалдыրған//«Солтүстік Қазақстан», - 2012, 12 мамыр.
24. Пушкин А.С. «Сказка о мертвой царевне и о семи богатырях»//Сказки. - М.: Художественная литература, 1975. С. 98.
25. Маслова В. Когнитивная лингвистика. - Минск, 2004. - 256 с.
26. Аскольдов С.А. Концепт и слово. Антология. - М.: Academia, 1997. С. 279.
27. Кубрякова Е. Понятие «парадигма» в лингвистике. – Москва, 2004. – 164 стр.
28. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. М., 1986.
29. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва. Русские словари, 1996. - 416 с.
30. Колесов В.В. О логике логоса в сфере ментальности // Мир русского слова. – 2000. №2. - С. 52-59.
31. Новикова Н.С., Черемисина Н.В. Многомирье в реалии и общая типология языковых картин мира // Филологические науки. – 2000. №1. – С. 40-49.

32. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка. – Воронеж, 1996.
33. Эмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі: (М. Макатаев поэзиясы бойынша): филол. гыл. канд. ... дисс. ... афтореф. - Алматы, 2010. - 30 б.
34. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. М.: Школа «Языки русской культуры», 1997.
35. Қайдар Ә. Тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998. - 314 б.
36. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. гыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
37. Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкоznанию. - М., 1994. – С.46.
38. Дүсіпбаева К.С. Эколяингвистикадагы концептуалдық метафора. - Астана: Казак гуманитарлық заң университеті, 2012.
39. Амренова Р. Қазак дүниетанымы әлеміндегі «Тағдыр» концептісі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2009. №3, 119 б.
40. Нұргалиев Р. Философиялық сөздік. - Алматы: Қазак энциклопедиясы, 1996. - 525 б.
41. Жиренов С. XV-XIX ғғ. жыраулар поэзиясындағы «өмір-өлім» концептісінің танымдық табигаты. филол. гыл. канд. ... дисс. ... афтореф. - Алматы, 2007. - 26 б.
42. Смагұлова К.Н. Магыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. филол. гыл. канд. ... дисс. ... афтореф. - Алматы, 1998. – 30 б.
43. Сыздықова Р. Қазак әдеби тілінің тарихы. - Алматы, 1993. – 353 б.
44. Балақаев М. Қазак әдеби тілі және олардың нормалары. Алматы: Ғылым, 1984. - 184 б.
45. Аристотель. Сочинения в 4-х т. - М., 1984. - Т.4. С. 830.

46. Ричардс А. Философия риторики//Теория метафоры. М., 1999. – С. 100.
47. Жұмалиев К. Қазак әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. II том. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 364 б.
48. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. - Алматы: Жазушы, 1994. - 81 бет.
49. Жанпейісов Е. Қазак прозасының тілі. – Алматы, 1968.
50. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1983. - 456 б.
51. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: окулық /К. Аханов; құраст. Н. Ақбаев. - 3-басылым. - Алматы: Санат, 1993. - 496 б.
52. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. - Алматы: Ғылым, 1991. - 199 б.
53. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005. - 272 б.
54. Коныров Т. Қазақ тенеулері. - Алматы: Жазушы, 1975. - 330 б.
55. Абдрахманова Ж.Ә. Қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. филол. ғыл. канд. ... дисс. ... афтореф. - Алматы, 2008. - 23 б.
56. Озеров Л. Ода эпитету, "Вопросы литературы", 1972, №4.
57. Мейлах Б. Художественное мышление Пушкина как творческий процесс. - М.: 1962. – С. 157.
58. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
59. Дүкенбаев С. Мектепте драмалық шығармаларды оқыту. - Алматы: Мектеп, 1985. - 88 б.
60. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті. 2002. - 152 б.
61. Қайырбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: Филология ғыл. канд. дисс., – 2004.
62. Новиков, Л.А. Художественный текст и его анализ. - М.: Едиториал УРСС, 2002. - С.304
63. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі/Құрастыруышылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев Алматы: Ана тілі, 1996. - 240 б.

64. Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. М.: 1973. - С. 289.
65. Авакова Р.Э. Фразеологиялық семантика. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 152 б.
66. Айгабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. - Алматы: Зият-Пресс, 2007. - 66 б. Екінші басылым.
67. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. - М., 1974. - С. 300.
68. Арутюнова Н.Д. Языковая метафора: Лингвистика и поэтика. - М., 1976. С. 360.
69. Баранов А.Н., Карапулов Ю.Н. Очерк когнитивной теории метафоры//Русская политическая метафора: материалы к словарю. - М., 1991, С. 184-193.
70. Гак В.Г. Метафора универсальное и специфическое// Метафора в языке и тексте. - М., Наука, 1988. - С. 176.
71. Гумбольдт В. фон. Язык и философия культуры. - М: Прогресс, 1985. - С. 451.
72. Соссюр Ф. де. Заметки по общей лингвистике. - М.: Прогресс, 2000. - С. 280;
73. Бодуэн де Куртенэ И.А. Труды по общему языкознанию. Т. 1, 2. - М., 1963. - С. 388.
74. Ержанова Ү. Тілдегі казактар дүниетанымы//Ұлт тәғылымы. Гылыми-педагогикалық басылым. - №4. 2002. 161-163 бб.
75. Ергалиев І., Телібаев Е. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары//Ақиқат. Ұлттық қоғамдық-саяси журнал. №9, 1994, 83-86 бб.
76. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: филол. гыл. канд.... дисс. автореф. - Алматы, 2004. - 32 б.
77. Ергали I. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары. - Асхана, 2003. - 283 б.
78. Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.
79. Имашева Г.М. Дулатовтың шығармаларындағы «Галамның тілдік бейнесі»: филол. гыл. канд.... дисс. автореф. - Алматы, 2007. - 32 б.

Жапар Серкеміқызы Таласпаева

ҒАЛЫМ МАЛДЫБАЕВТЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ

монография

Подписано в печать 06.04.2018 г. Формат 60×90 1/16. Гарнитура Times.
Ризография. Объем 10,1 усл.печ.л. Тираж 30 экз. Заказ №118-14.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.